

ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖО-АРЫ ЖЎНЕ ОРТА АРНАУЛЫ
БІЛІМ МИНИСТРАЛІГІ

ЎЗАЎ ХАЛЫЎ АУЫЗ ҶДЕБИЕТІ
(оёу ёолданба)

Білім саласы: 100000 – «Білім»

Оёыту саласы: 140000 – «Оёытушылар дайындау жёне
педагогика пёіні»

Бакалавриат багыты: 5141300 – Ана тёлі мен ёдебиеті
(ёсазаё тёлі жёне ёдебиеті)

Ташкент – 2007

Бұл еолданбада езае халыны | бай жне мазмнды
ідеби-мідени мрасы ерастырылады. жае фольклорыны |
жанрлые, образдые жне тілдік ерекшеліктері ке | інен сз
болады. Сондай-ае, егемендік алтаннан кейінгі д | үірдегі
жергілікті айтыскер аеындарды | шытармашылыгынан ілгілер
беріледі.

олданбада жотары оеу орындарыны | студенттері
мен халымызды | рухани мрасын еадір т | тушыларта
арналтан.

В учебном пособии рассматривается богатый и содержательный
литературно-культурное наследие казахского народа. Раскрываются жанры,
образы и лингвистические особенности казахского фольклора. Также,
даются образцы из творчества местных акынов после независимости.

Учебное пособие предназначено для студентов высших учебных
заведений и всех, кто уважает культурное наследие народа.

In the very aid is scrutinized the rich and core culture of literature heritage of
Kazakh people. The genres, images and linguistic features of Kazakh folklore are
showed up.

After prociaiming the Independence the patterns from works of native poets
(akins) are delivered. The educational aid is for the students of high educational
institutions and the people appreciating the cultural folk heritage.
The facility is for students of higher educational institutions/

жайта баспаға дайындаушы: доцент Е.Абдувалитов

Пікір жазғандар:

Б.Тіхлиев,
филология ғылымдарыны | докторы,
профессор

З.Машарипова,
сзек классикалые ідебиеті
кафедрасыны | аға оеытушы

Кіріспе

Әр елді халықтың өзінше тана тін фольклоры болады десек, соны сан алуан нұсқалары еай дәуірде тұтан? Фольклор туындыларының жаратушысы кімдер? Оның жанрлығы, кәркемдік ерекшеліктері неде? Мұның біріне жауап беру ішін фольклор шығармаларының ерекшеліктерін зерттеп, анықтау еажет.

Фольклор оның мәні туралы Н.П.Андреев, Е.В.Аничков, Ф.И.Буслаев, А.Н.Веселовский, В.Ф.Миллер сияқты кәптеген орыс фольклористері де тылыми пікір айтып, ой еозтаған. Мысалы, белгілі ғалым Н.П.Андреев фольклор материалдарының тарихшы, этнограф, тілші-лингвист және ідебиет тарихын зерттеушілер ішін аса маңыздылығын айта отырып, оны халық тұрмысымен тығыз байланыстырады. Фольклор шығармаларының айрықша ісерлі болатын. Себебі-оның образдары есте еалтыш та, тілі ерекше кәркем, тартымды ірі еарапайым. Осы екі сипатта еосылатын тағы бір белгі - ірбір өлең жыр, жар-жар, айтыс, жоқтаудың өзінше тін болатындығында.

Ае езае фольклоры інемі халық ортасында, мұжымдығ рухта жасалған. Ерлік, махаббат, іділдік, адамгершілік - бірі де солардың бойына жинаеталған. Асылды «Аяз би жаман атанса да, хан жарандарынан озып шығады. Алдар кәсе, Тазша бала бейнелері-халық тапсырлығының жарың кәрінісі. Эпостың шығармаларта келер болсае, ондағы бейнелер мұтайтылып, батырлар және еаһармандар дәрежесіне жеткізілген. Баян, жозы,

ібыланды, Алпамыстар»-жалпыхалықты бейнелер болып шығған.

ізае фольклорыны і алғашы ілгілері сонау бағташылыы, білкі одан да бұрынғы замандарда еалыптаса бастап, елді і тұрмыс тіршілігі, салт-санасы, халыы тілі біршама дамып, отбасы мен рулыы еұрылыс кйрделенген кезде ізіні і кемеліне жеткен.

Кіптеген тіркі тілдес халыытар сияқты ертеде езае халыыны і да негізгі кйсібі мал шаруашылыы болған десек, оны і фольклорындағы тірлігі мен ұымы, барлыы ідет-ұрыптары бағташылыы-кйшпелі імір табиғатына сай тұған.

Ерте кезе ідерде Орта Азия, Алтай және ізаестан жерін мекендеген тіркі тайпалары кйнге, оға, табиғатты і тірлі еұбылыстарына табынғандыытан, езае фольклорында анимистік, магиялыы және тотемдік белгілерді і болуы да за іды. Сонымен еатар шамандыы наным-сенімдер де айсын кйрініс таған. ізаеы і ертедегі, эпосында шаманизм сарындары бірде ілі іруае, бірде тірі іруаеға сыйыну, енді бірде «еұт» саналатын заттарды еастерлеу (аеы тйкпеу, жеті еазына, т.б.) тірінде кездесіп отырады.

Академик ғ.Марұлан ізіні і «Халыы жырларын тұтызудағы мотивтер» деген мағаласында езае эпосы мен ертегілерінен кйрінетін тірлі ұымдарға тісінік берген. Мысалы, ерте кездерде халыы ізіне жау кйштермен кйресу ішін жылан, еасеыр культін тудырған. Жезтырнае, еасеыр, жылан, жалмауызды і еай-еайсысы болса да адамға жау кйштерді і жиынтығы, ұнамсыз бейнелер. Фольклор шығармалары ауыз ідебиетімен сабағтасып, жазба ідебиетке жол салған. «Дария-басы бұлае» демекші, еандай да болсын кйркем сйзді і алғашы ілгісі-

фольклор. Ауыз әдебиеті, одан соң жазба әдебиет тұтанда оны қолпеген сюжеттері фольклордан алынған. Бұл дәстір бігінгі әдебиет тәжірибесінде де бар. Мысалы, М.Әуезовтың «Қара ыпшаға жобыланды», «Қалсаман-Мамыр», «Айман-Шолпан», «Еңлік-Кебек», -Місіреповтің сюжеті мен образдары фольклордан алынған.

Сондай-ақ оған еолданбада ауыз әдебиетінің барлығы жанрлары сәз етіледі және бігінгі айтыскер ағындардың шығармашылығынан ілгілер беріліп, терең таланыланады.

ТҰРМЫС-САЛТ ЖЫРЛАРЫ

Қазақ фольклорында бала бағу, бала асырау, қыз ұзату, жаназалау, бақсылық нанымдары, діни әдет-тұрыпқа байланысты тұтанд салт өлеңдері өте көп. Орыс халқының ауыз әдебиетінде оны «бытовые песни» бірде («обрядовые песни») десе, біз оларды «Тұрмыс-салт жырлары» дейміз. Бұлардың көпшілігі анонимдік түрде туып, халық аузында сақталып келген. Тұрмыс-салт жырларының кейбіреулерінде тотемдік, мифтік ойлау, бақсылық ұғымдары мен діни әдет-тұрыптардың да ізі бар.

Елдің тұрмыс-салты мен әдет-тұрпы, түрлі наным-сенімдеріне байланысты тұтанд сюжетсіз ұсақ өлеңдерді «Тұрмыс-салт жырлары» дейміз. Бұл жырларды олардың мазмұны мен тақырыбына қарай бірнеше түрге бөлуге болады. Олар: а) бақташылық жырлары (төрт түлік мал туралы); ә) діни әдет-тұрыптар тудырғанд жырлар (жарапазан, бәдік); б) үйлену жырлары (той бастар, жар-жар, сынсу, жұбату, беташар); в) ұлыс жырлары; г) бөбек жырлары; жаназалау жырлары (естірту, қоштасу, жоқтау), т.б.

Бақташылық жырлары. Бір кездері жабайы аңдарды ұстап, үй түлігіне айналдырғанд шаруаларды халық төрт түлік малдың «пірі» деп ұғынып, солар жайында түрліше аңыздар тудырып отырғанд. Сол кезеңнен

бастап бақташылық жырлары туса керек. Бұрын жабайы аңдарға сыйынған халық енді төрт түлік малды құт санап, олардың Шопан ата, Шекшек ата, Жылқышы ата, Ойсыл қара, Зеңгі баба деген иелеріне табынған. Ел ұтымында Шопан ата — Ғойдың, Жылқышы ата — жылқының, Ойсыл қара — түйенің, Зеңгі баба — сиырдың, Шекшек ата — ешкінің пірі. Олар малды Ғұт деп біліп, аязды Ғыстан, жұтаған жұттан, аш бұрілерден аман алып шығудың жолдарын айтқан.

«Пір» — парсы тілінде қария деген ұтымды білдіреді. Оның түбірі «кемпір» деген сөзде сақталған: кәм (шаман, бақсы)—пір (ана), енді бірде кем (Ігіші)— пір (ана) болып кездеседі. Мысалы, Шопан ата қойларын күнітүні бақса да тойғыза алмай, Ғарнына асасын тығып алыпты. Содан қойдың бір бүйірі шұқыр болыпты-мыс дейтін аңыз бар. Шекшек ата болса «есі кеткен ешкі жинайды» деп, оның сүтті өсімтал түлік екенін айтады. Қазақ халқы үшін жылқы мен түйе етті, сүтті, көшсе — көлік, мінсе — ат болып төзімді түліктен саналған. Түйені қазақ шөл кемесі десе, жылқыны ер серігі деп таныған. Сиыр өзінің иесімен айтысқанда: «жысқа әзірлеген шөбің нәрсіз, кіден дәмсіз, өзің жарсыз жалқаусың» деп сынайды. Мұндай жырларда әр түліктің өз тұтынушыларына қоятын шарттары да айтылады. Бұл туралы ел аузында сиыр «қоры үзілген құға», қой «жүн жеп, жабағы тышқан насқа», жылқы «найза ұстаған ерге», түйе «ел ішіндегі зорға бітемін» деген ұтымдар бар.

Тұрт түлік мал жайыдағы жырлардың өзі тілек-бата түрінде айтылады.

Шаруаның бір түлік пірі — Шопан.

Келтірмей қу, пір ата, қойға топан.

Ғойды аңдыған пәленің бәрін Ғұртып,

Бықпырт тиіп, үні өшсін қасқыр апан.

Мал бағу қамынан тұған бұл жырлардың енді бір үлгісі жыр формасында айтылған.

Мен бір тілек тілейін,
Ай мүйізді, шоқпақтай,
Шүйделері тоқпақтай,

Ойбай салып ма | ыраған,
Ғозысымен жамыраған,
Ғозысынан айрылса,

Тегене құйрық қошқарлы,
Малды берсең қойды бер!
Малды берсең бойлы бер
Ақылы артық ойлы бер.
Ақсағаннан ақсаған,
Қозысы өлсе қақсаған,
Үй төбені | түбінде,

жара тұтып ма | ыраған.
Жалпақ сана с | ті бар,
Шаталадай сұрты бар,
Шопан ата баласы,
Жойлар бассын | йі | ді.
Жойлар басса | йі | ді,
Жоймай бассын | йі | ді.

Халық жылқының егін, түйенің күшін, сиырдың сүтіп дәріптеген. Кейде шөпке тоймайтын сиырды, қой мен ешкінің айтысын тудырып, «қойдың жегені — жантақ, сұйрығы жалпақ, ешкінің жегені — ошаған, құйрығы шошайған» деп күлдіргі өлеңдер де шығаратын болған.

Әрбір түліктің өз бабы болған. Сиыр қалың нұта, сұры үзілген сұта, қой қара тасқа, жабағы жеген насқа, жылқы бетегелі белге, найза ұстаған ерге, түйе ащы шөбі көп сорта, ел ішінде зорға бітемін деген сөздер содан тұған. Бұл сай малға қандай қоныс жайлы дегенді білдірмек.

Халық төрт түлік малдың төлін анасы қалай сүйсе, адам да солай сүйе білуге тиіс деп, қозы, лақ, құлын, торпақ, ботақан, қойшы, құс жөнінде түрлі өлеңдер тудырып келген. Қойды қасқырға бермеу үшін қойшының көлігі, сұралы сайлы болуға тиіс. Кейбір өлеңдер қасқырды да сөйлетеді.

Атты қойшы, ашуы қатты сөйші.

Түйелі қойшы — тұрған қойшы,

Төбесінен ұрған қойшы.

Өгізді қойшы — өлген қойшы,

Жем болғанда көрген қойшы.

Халық мал бағудың қызығы мен қиындығы кәп, соны | үдесінен шыға білу керек деп ойлаған.

Ешкі бақтым — еңіреп бақтым.

Қой бақтым — қоңырау тақтым.

Сиыр бақтым — сидаң қақтым,

Жылқы бақтым — жорғалаттым.

Түйе бақтым — түйме тақтым,—

деген өлең жолдары жас буынды еңбекке, шаруашылыққа шақырған.

Төрт түлік мал жөнінде мақал-мәтелдер, аңыз-ертегілер де өте көп. Мал

төлден өседі.

„Ұлыс жырлары. Ұлыс ызығары кетіп, жаздың келуі — тіршіліктің ең сәтті кезеңінен саналған. Оны шығыс елдері жыл басы — Наурыз, ұлыстың ұлы күні ретінде қарсы алып, тойлайтын болған. Жаза арасында да жыл басы — наурыздың 22 жұлдызы болып саналған. Осы орайда туған өлеңдерді ұлыс жырлары дейміз. Бұл күні тоқсан шығып, күн жылыды, жердің тоңы кетіп, өсімдіктерге жан ене бастайды. Күн мен түн теңеледі. Қыстауда отырған ел жайлауға көшеді. Мал төлдеп, сүт көбейеді, жатастар соқа-сайманын сайлап егіске шығады.

„Ұлыс күні әрбір үй жеті түрлі дәннен наурыз көже жасап, бір-бірін шақыратын болған. Арпа, бидай, тары, бұрша, жүгері сияқты түрлі дәндер елдің сол кездегі ұғымы бойынша жеті түрлі тірліктің иесіне берілген атама (ас) болып саналған. Сол көжені жұрт үй жаталап жүріп ішкен. Мұны — ұлыс тойы дейміз.

Тойға келген жұрт: «Амансыз ба? „Ұлыс оң болсын, сүт мол болсын, қайда барсаң жол болсын. „Ұлыс бақытты болсын, төрт түлік ақты болсын, бәле-жала жерге енсін» деп бір-біріне жақсы тілек білдірген. „Ұлыс күндері жастар ойнап-күледі, қарт-қариялар еңбек адамдарына ақ бата береді. Демек наурыз жайындағы өлең-жырлардың да еңбекпен тығыз байланысы бар.

„Ұлыс кәні кәрі-жас,	Жамырасып кәріскен.
жүршәстасып кәріскен.	Шалдары бата беріскен:
Жа а ағытқан созыдай.	«Сағтай кәр» деп терістен,-
деп келетін жыр жолдары Наурыз мерекесіні мүйін суреттейді.	

Наурыз жырлары қазақ фольклорында айтарлықтай көп емес. Оны | бір саласы төрт түлікке байланысты туған өле | дермен байланысып жатады. „Ұлыс жырларының мәні ескірмек емес. Өйткені оның тамыры өте тереңде, халықтың көне дәуірлердегі тұрмыс-тіршілігімен тығыз байланысты.

Бөбек жырлары. Малдың төлі болса, адамның баласы бар. Оларды

ойлы да тілді етіп, еңбекке баулу — халықтың үлкен қуанышынан саналған. Әйел бала туса, оған шілдеhana жасаған. Шілдеhana кезінде жастар жиналып, өлең айтқан. Ауыл шамы қырық күнге дейін сөнбеген.

Өмірге жаңа келген сәби өсіп, жетіле келе әжесінен ертегі, аңыз, жұмбақ, жаңылпаштар үйреніп, ойы мен тілін дамытатын болған. Мұны халықтық рухани тәрбие дейміз. Ертегі, мақал, жұмбақ, жаңылтпаш білмеген, білгенін айта алмаған баланы «мылқау» деп, оған жұрт күліп қараған. «Ти десем тимейді, тиме десем тиеді» деген жұмбақ баланың тілін, әрбір дыбысты | қайдан шығатынын білдірсе, саусақтарға «бас бармақ, балалы үйрек, ортан терек, шүлдір шүмек, кішкене бөбек» деп ат қойғызу баланы санға үйреткен. «Бір дегенім — білеу, екі дегенім — егеу, үш дегенім — үскі, төрт дегенім — төсек, бес дегенім — бесік, алты дегенім — асық, жеті дегенім — желке, сегіз дегенім — серке," тоғыз дегенім — торқа, он дегенім — оймақ, он бір - қара жұмбақ» деген сөз кестелері баланың лексикасын байытқан. Ол кезде жас балалар әрбір үйдің жан санын жұмбақтап, шешуін тауып отырған. Ондай жұмбақтарды: «Нешік? Екі құлағы тесік, ешкің арық, қойың сарық» деп бастаған. Мұндай өле | дерде бір-біріне айтылған сұрақтар да кездесіп отырады:

-Ауылы | сәйда? — Қошқар тауда.
-Асқау тауда. — Қойың не жейді?
-|ойы | сәйда? — Жусан жейді.

Баланы төсектен тұрғызып, бірін қойға, бірін жылқыға, бірін сиырға, түйеге жұмсаған тіршілік көрінісі де өлеңге арқау болған. Төрт-түлік мал жөніндегі жырларды | балаларға лайықталған саласы аса көркем әрі қызық. Олардың мазмұны көбіне күлдіргі болып келеді. Мысалы, «|ой мен ешкінің айтысы» жайындағы өлең оқуға жеңіл, мазмұнды әрі әсерлі.

Мұнда ешкі:
— Менің жегенім жантақ, ,
Сенің жегенің жантақ,
Сенің құйрығың неден жалпақ?—

десе, қой:

— Менің жегенім ошаған,
Сенің жегенің ошаған,
Сенің сұйрығың неден шошайған?—
деп жауап қайтарады.

Айтыс үстінде олар бір-бірін мінеп, сынайды. Қой сүт-майым көп, сол себепті мен малдың құтымын десе, ешкі де қарап қалмайды. Ақыры бұл екеуі бір-біріне топалаң келсін деп, бае таластырады.

Жаңбырсыз жазды ыстық аптабы мен аязды қыс малға қандай қолайсыз болса, түрлі індет те оларға жеңіл тимеген. Өйткені мал ауруы — жұттың бір түрінен саналған.

«Түйе, түйе, түйелер» деген өлең жас буынды бір жағынан еңбекке баулыса, екінші жағынан оларды тілге йреткен.

— Түйе, түйе, түйелер!
Тұзың қайда, түйелер?
— Балқан таудың басында,
Балды қоян қасында...
Бала:
— Еніп кеттім егіске,
ойным толды жеміске.
Жемісімді жерге бердім,
Жер маған жусанын берді.
Жусанды мен қойға бердім,
ой маған қошаанын берді.
Қошақанды мен қонаққа сойдым,
йонақ маған қамшысын берді.
жамшыны қызға бердім,
йыз маған түймесін берді.
Түймені көлге бердім,
Көл көбігін берді.
Көбікті терекке бердім,
Терек маған қабығын берді.
Қабықты келіншекке бердім,
Келіншек орамалын берді.
Орамалды апама бердім,
Апам асық берді.
Асықты мұзға бердім,
Мұз суын берді.
Суды қара сиырға бердім,
Қара сиыр сүтін берді.

Сүтін пісіріп отыр едім:
Көбелек келіп күмп етті,
Көбігін ішіп ол кетті.
Жапалақ келіп жалп етті,
Жартысын ішіп ол кетті.
Сауысқан келіп саңқ етті,
Сарқып ішіп ол кетті.
Әтекем келіп еді,
Қаспағын сырып бердім.

Кейбір өлеңдерде жеті адамға жетпейтін ешкінің жүні, еті, шөпке тоймайтын торпақтың жайы мысқылданады.

Жас балаға көп үйретілген нәрсенің бірі — *жаңылтпаш*. Кекеш, быдық балалар ел арасында аз болмаған. Жаңылтпаш — баланы дұрыс сөйлеуге үйреткен.

— Әленше ай Тайқарбай, ай Тайқарбай,
Қойынды ай тақырға жай, Тайқарбай.
— Базардан алып келген ақ ботжама,
Мен ботжаламай, кім ботжалайды.

Жас жеткіншектің ойын дамытатын сұлу сөздің бірі — *өтірік өлең*.

Оны балалар жаттап алатын болған. Бұл баланы тапсырлыққа баулыған.

Балаларға арналған өлеңдердің ең құндысы — бесік жыры. Оның озық үлгілерін Ә. Диваев жинап, бастырған.

Әлди, әлди, ақ бөпем,
Ақ бесікте жат бөпем!
Жылама, бөпем, жылама,
Жілік шағып берейін
Байқұтанның құйрығын.

деп басталатын өлеңдердің тілі керемет, мазмұны өте бай. Асыл ана өзінің бесіктегі баласына таудан алма тергізеді, оны сыздарға бергізеді. «Астыңа терлік салайын, үстіңе тоқым жабайын, тойға кеткен апанды, қайдан іздеп табайын» деген жерлері әзіл.

Құйрығыңды майырып,
Тінде жылсы сайырып,
Жаудан жылқы айырып,
Жігіт болар ма екенсі ?
Айыр салпақ киісіп,
Ақырын жауға тиісіп,

дейтін жыр жолдары бесіктегі баланың болашағын болжау, оның ер жетуін аңсау болмає. Ән-күй, өлең айту — жас балаға эстетикалыє тәрбие берудің басты қыралы болған.

Үйлену жырлары. Жазақ фольклорында от басының тағдырына, жас буынның өсіп, мұрат-маєсатына жетуіне немесе солардың арман-қайғысына ортає болған өлеңдер көптеп саналады. Солардың бірі — үйлену жырлары.

Бұл жырлар алуан түрлі формада жасалып, ел аузында жақсы сақталған. Халықтың тұрмыс-тіршілігі, бір кездегі әдет-ғұрпы мен салт-санасын, ой сезімі мен арман-ниетін білдіретін танымдық мәні елеулі. Әдет-ғұрыпқа байланысты бұл жырлардың өзі жар-жар, сыңсыма, қоштасу, жұрату, беташар, тойбастар түрінде айтылатын болған. Ұыз бой жетіп ұзатылар болса, қыздар мен жігіттер жағы екі жар болып, хор түрінде жар-жар айтқан. Салт жырларының бұл түрі көне заманнан, жұбайлы неке шыққан кезеңнен бері болса керек.

Ұыз ұзатылған немесе келін түсірілген кезде тойбастар айтылған. Ол: «Бағлан серке, марєасқа, қой бастайды, қой алдында жануар ойқастайды», — деп келетін қайым ұйқасқа құрылып, аяғы «той құтты болсын, той тойға ұлассын» деген тілекпен аяқталып отырған. Кейбір даңдар ақындар тойбастар айтқанда оқиғаның шеңберін ұлғайтып, тойдың сән-салтанатын да, өзінің ақындық өнерін де бірдей марапаттайтын болған. Айтыс поэзиясы сияқты тойбастар үстінде де ақын-айтушылар өздерінің сөз өнерін, шеберлігін көрсете білген.

Үйлену тойларында айтылатын тұрмыс-салт өлеңдерінің бірі — *жар-жар*. Оның үлгісі Орта Азия, араб, парсы елдерінде де бар. Өз теңіне емес, кәрі шалдарға берілген Ұыздар кейде тойсыз жәңелтілетін болған. Мұндай жағдайда Ұыз өзінің қандай күйеуге берілгелі отырғанын жар-жар өлеңі үстінде бір-ақ білген. Сол себепті жар-жар өлеңінде, бір жағынан, қыздың ата-ана, туған жер, өскен елге деген қимастық, балалық сезімдері айтылса, екінші жағынан, «көз жасыма қарамастан теңіме бермедің» деген өкпесі,

әлеуметке айтылған кінараты да болған. Бұл — ескі әдет-тұрып сыны болмақ.

Жар-жар қыздар және жігіттер тобының атынан бірде қосыла, енді бірде алма кезек айтылған. Қыз өзінің әке-шешесі мен құрбы-құрдастарын қимайтынын айтса, жігіт жағы соның бәріне тоқтау салып, әке орнына қайын атаң, ана орнына қайын енең Самқорлық жаСайды деп басу айтатын болған.

Жігіттер тобы:

— Алып келген базардан қара маСпал, жар-жар,
жара мақпал сәукеле шашың басар, жар-жар.
Мұнда әкем қалды деп Сам жемегін, жар-жар,
Жақсы болса қайын атаң орнын басар, жар-жар,

— десе, қыздар жағы:

— Есік алды қара су майдан болсын, жар-жар,
Айналатын әкемдей қайдан болсын, жар-жар,
— деп жауап қайырған.

Жар-жар кейде айтысқа ұқсап тұрады. Бірақ ол жеке айтушы емес, топтасқан айтушылар ортасында хор үлгісінде туған. Оны коллективтік, анонимдік жыр дейміз. Жар-жардың арнаулы әні бар, көпшілікті үйіріп әкететін әсем де әуезді Сайырмасы және бар. Өлең ұйқасы көбіне қайым үлгісіне құрылған. Асылы ол өлең, би және ән-күй бөлінбей тұрған кезден бері бар болса керек. Оны диалог сәзге құрылған өлең дейміз.

Үйлену жырларыны бірі — *сы | су*. Мұны қыз өзінің ел-жұрты, құрбы-құрдастарымен айырылысар кезде, қайын жұртына аттанар сәтте айтатын болған. Оның үлгісі мынадай болып келеді:

Көкірекке қайғы толар-ау.
Ел-жұртым сенен айрылып,
Санамен жүзім солар-ау...

Өз теңіне қосыла алмай, малға сатылған Сыз болса, сыңсымада оның ата-анасына айтатын өкпесі де болған. Сонымен бірге Сыз өзінің балғын ұскен жастық шағымен Соштасады. Жыр өлшеуімен айтылатын мұндай өлеңдер мұң-зарға толы келеді:

Заманым өтті басымнан.
Дәуренім өтті басымнан.
Бұл не деген іс болды?

Көлінен кеткен құс болдым.

Жар-жар, сыңсуды айта білу үшін әрбір Ұыздың өлеі, ән білуі шарт болған. Барған жеріне кәсілі толмаған Ұыздың сыңсуына қыз-келіншектер ғана емес, бүкіл ел егіліп жылайтын болған.

Мұндай кезде әйелдер жағы қызға ақыл, кеңес беріп: «Көзіңді жаспен бояма, біз бермейік десек те, мал бергенің қоя ма?» — деген. Ұыз балаға үйде отыра беру жараспайды, шын жұртыңа барасың, алдында той, жар сүю, бала сүю бар, әдепті, ақылды бол деп жұбатқан.

Жұбату — сыңсуға жауап ретінде айтылатын жыр үлгісі. Оны көбіне жігіттер жағы айтады:

Біз бермейік десек те,
Мал бергенің қоя ма?
Көп жылауды Ұойыңыз,—
деп келетін өлең жолдары осыдан туған.

Беташар — қалыңдыс түскенде айтылатын жыр үлгісі. Ас жаулық жауып әкелген жас келіншектің бетін ақын ашатын болған. Жолында ас сабауы бар ақын келіншекті жаулығын әлсін-әлсін ашып, үйдегі үлкен-кішімен таныстырған. Беташардың әзілі басымдау болады. Әдетте беташар «Келін, келін, келіп тұр, келін үйге кіріп тұр» деген сөздерден басталады. Мұнда ақын жаңа түскен келіншектің бетін ашып, ел-жұртымен таныстырады, отан көрімдік сұрайды.

«Айт, келін, айт, келін, атыңның басын тарт, келін» деген жолдардан басталып, өсиетке құрылған екінші бөлімінде асын жаңа түскен келіншектің ендігі мінез-құлқы мен тірлігі қандай болу керек екендігін айтады.

Бетіңді келін ашқаным,
Жаңа жұртқа қосқаным.
Жас үлкенді сыйлай жүр.
Жаңа дәурен есігі,
Алдыңнан енді ашылды.

дей отырып, аяғын әзіл-күлкіге айналдырған. Өсек айтпа, жеңіл жүріске салынба, өзің жатып, еріңді тұр-тұрлама, Саптың аузы ашық деп Ұмрт ұрлама, шұбалаң болма, ақылды, пысық бол, кәп көзінде тасынба, сөз

тасыма, жұртқа жылы бол деген.

Беташардың алғашқы бөлімінде ақын жеке адамдарды таныстырып, кейде сынап та алатын болса, соңына қарай нақты тұлғаларды Еоя бере, ел ішіндегі түрлі мінездерге тоқталады. Би, мырза, сараң, жомарт, дүиіекор, өтірікші, таз атанғандарға жалпылама сипаттама беріп, оларға «сәлем» бергізеді:

Кейбір таздың бастары,
От шықпаған құмшыстай.
Жісіп таздың бастарын,
Төрт-бес құрт кеп шымшыпты-ай.

Ел арасында кездсетін теріс мінездердің бірі сараңдық болса, ол да асынның назарынан сырт салмаған:

Тай-құнанын мақтаған,
Шөбі көп жерді жақтаған,
Сексен сомға бір атын,
«Сат» десе де сатпаған.
Жазы-қысы өмірі
Жайлы жерге жатпаған,
«Көрімдік бер» деп айтар деп,
Жан-жағына бақпаған
Сараң байға бір сәлем!

Асын ауыл арасындағы өтірікшілерден де келінді айрықша сақтандыратын болған:

Артымақ мініп жемдеген,
Пайдасы жоққа өрмеген.
Өз айтқаны болмаса,
Бөтенге тіпті сенбеген,
Бытпылдаққа бір сәлем!—

деп, сараң мінезді адамдар мен өтірікшілерге қатты шүйлігетін болған.

Келіншекке соның өзі де сабақ. Ол кімнің қандай адам екенін біліп қалады.

Беташар — ежелгі әдет-ғұрып, үйлену правосынан туған салт жырлары. Онда үйленуді жұбайлы өмірдің бағы деп ұғыну бар. Расында қазае арасындағы қалың мал салты, теңсіз неке, көп әйел алушылықтың бәрі бірдей қуанышты болған жоқ. Шариғат шырмауындағы сазае қызының хал-жағдайы өте ауыр болған. Оның таңбасы сыңсу, жар-жар, қоштасу

жырларынан айқын байқалады. Соған беташардың да аныстығы енгізетін жерлері бар.

Беташар — халық тілі, халық ұғымымен жасалған өлеңдердің өмірге жақын бір түрі. Мұндай салт жырларынан бір кездегі ел өмірінің жай-күйін танып білуімізге әбден болады. Келесі кіметі беташардың жаңа формалары туған. Оның ең көркем үлгілерін Ә. Диваев жинаған.

Қыз ұзату, келін түсіру тұсында той болса, ақындар тойбастар айтқан. Онда ақын тойға құтты болсын айта отырып, өзінің де өнерін жұртқа паш еткен:

Белгілі бұл қазақса тілдің желі,
Той қылдың жұрт жиналған мерекелі,
Сәрсенбі, сәтті күні той сылсаңыз,
Тойыңыз тойға ұлассын берекелі,—

деп сөзін аяқтаған. Үйлену жырлары Сыз-бозбала ортасында туған.

Жаназалау жырлары. Тарихи оқиғаларға, адам қазасына байланысты туып, ел аузында сақталған естірту, көңіл айту, соштасу, жоқтау сияқты салт жырларын жаназалау жырлары дейміз. Мұнда жеке адам, сала берді бүтін бір халықтың көңіл күйлерінің сан алуан толқыны бар. Жерімен, елімен, жарық дүниемен қоштасу өлеңдері ел басына түскен ауыр күндерде туған. Оның өлген адамның тірі күнінде айтқан өсиеті түрінде кездесетін үлгілері де болады. Тұрмыс-салт жырларының бұл арнасын біз мұң-шер өлеңдері деп те атаймыз. «Туғанда дүние есігін ашады өлең, өлеңмен жер сойнына кірер денең» деп Абай айтқандай, Сазақ жаңа туған балаға Суаныш білдіріп, шілдехана жырларын тұтызса, шаңырақ иесі дүние салар болса, соған жоқтау айтқан. Жыр, поэзия, музыка — көшпелі елдердің жан серігі болған. Адамның көңіл күйін, өмір сұбылыстарын терең толғайтын мұндай өлеңдердің тарихи-көркемдік мәні елеулі.

Естірту мен жұбату — өлген адамның жайын хабарлаудан туған. Мысалы, Сарыбайдың өлімін немесе Жәнібек ханның Жиреншеге, оның әйелі Қарашаш сұлудың Сайғылы қазасын хабарлауы үлкен Ұлеуметтік ойға

құрылған

Естіртулер. Естірту Ұлең, қара сөзбен де, кейде тіпті күймен де жеткізілген (Ақсақ құлан аңызы). Жәнібектің хабарлауы қара сөзбен айтылады.

Жаназалау өлеңдерінің көп тараған бір түрі — жоқтау. Жоқтау көбіне жауда қаза болған қас батырлардың ерлік істерін еске түсіруден тұған (Қараулектің баласын жоқтауы, Тәти, Алыпқаш батыр жоқтаулары). Онда батырдың елге көрсеткен қызметі, өмір жолы мұң-шер рухында баяндалады. Жоқтау семьялы, шеңберде туып, көпшілік жыры болған. Мысалы, Отан соғысы жылдары жас келіншек, жүрегі жаралы аналар өздерінің майданда қаза тапқан ерлері, балалары жайлы көптеген жоқтаулар тұтыған. Олар қыса, бірақ жан шеріне толы келеді. Мен жазып алған Қарсақпай жеріндегі бір уыздай келіншектің жоқтауы: «Сауысқанның аласы-ай, көңілімнің бітпес жарасы-ай» деп басталушы еді. Мұнысы — фольклор. Әрбір жоқтаудың өзіндік ән-күйлері, зарлы сарындары болған. Баян әні — жоқтау сарынының көркем де зарлы үлгісі. Поэзия мен музыка бұрын көшпелі елдердің жан серігі болса, жаназалау жырларының мәні өзгеше. Өзінің көркем тілі, ойдың образдылығы жағынан жоқтау эпостан қалыспайды. Өйткені көңіл айту, жоқтау — ірі ақындар, айтушылар қолынан өткен. Солардың сөзін елген адамның жұбайы немесе қыздары орындаған. Ондай жоқтауларда ақын, жыршы тарапынан айтылған бабалар да кездесіп отырған.

Жоқтауды қазақ даласында болыс, би ортасы да қолданған. Мысалы, «Байтоғ ақынның Жәңгір хан өлгенде айтқаны» толғау ішінде жүрген жоқтау. Демек жоқтауда әр түрлі ортаның келіс-қарасы болған. Бертін келе жоқтауды біреуге жаздырып, жаттап айту үрдісі тұған. Оған «Әйекенің жоқтауы» мысал бола алады. Бұл — көркем жоқтау Ә. Бөкейханов пен А. Байтұрсыновтар қырастырған «Жиырма бес жоқтау» атты жинаққа енген еді. Жоқтау өзінің тілі, өлшемі, көркемдік сипаты жағынан ауыз әдебиеті

үлгісінде жасалған. Әрбір жоқтаудың арнаулы сарыны болған. Жоқтау тілінде батырлар жырлары стиліне тұн асқақ метафора, теңеулер өте көп. Жоқан ханынын Есолында мерт болған Тәтиді оның елі «халқына тұлға, өзенге жылға, тауға өлке, елге серке» болған еді деп жоқтайды. Бұдабай ақын болса, Әйекені жоқтағанда «Қарадан шығып, хан болдың» дейді. Батыр Еса болғанда оның сүйікті жары: «Аесұңқар ұшты қолымнан, басымнан кетті базарым, күздің күні болғандай, күннің өзі байланды» деп жоқтау айтқан. Жоқтау өлеңдерінің тілі әсерлі, аса көркем.

Жоқтаудан біз белгілі бір тарихи кезеңнің саяси-әлеуметтік жағдайын танып білеміз. Әйеке жоқтауында XIX ғасырдың аяқ шеніндегі Сыр елінде болған саяси тартыстардың ізі бар. Ел оязға Есараған кезде Тұрсынбай датқа ұрпақтары мен Әйеке өткір тартысқа түседі.

Көңіл айту мен жоқтау жырларында поэзия мен музыка бірлескен. Сөзі эпосқа бейім болса, музыкасы айрықша бөлек.

Жоқтау — синкреттік форма, импровизацияның ғажап табысы болса, оны жоғары мектеп бағдарламасына молынан енгізу қажет. XIX ғасырда жоқтаудың кейбір үлгілері үстем тап өкілдерінің ескерткіштеріне айналды. Ондай жоқтаулар «Алты атасы би өткен, алты атанға жүк артқан» деп келеді. Бірақ солардың да өз кезеңіндегі жағдайды танытарлық диалектикасы жоқ емес.

Көңіл айтудың көптеген үлгілері барлық ірі ақын-айтушылар шығармаларында кездесіп отырады. Соның бір көркемі — Базар жыраудың Төребайға айтқан жұбату сөзі (толғауы). Келесі бір үлгісі — Сыр ақыны Жұлан шығармаларында кездеседі. Ол Сыр поэзиясының дүлдүлінен саналған. Жоқтау эпоспен сабақтас болса, көңіл айту, толғау түріндегі мысқылмен туысады. Жаназалау жырларына біз көп жылдар бойы ойдағыдай көңіл бөле алмадық.

Діни әдет-ғұрыптар тудырған жырлар. Қазақ халқы өзінің ұзақ тарихында сан алуан діни наным-сенімдерді басынан өткерген. Соны |

арсасы күнге, отқа табыну, магия, анимизм, зооморфизм болса, бергісі — шаманизм, феодализм дәуірінде тұтан монотеистік дін — ислам.

жаза, фольклорынан ежелгі көшпелі тайпалардың ежелгі наным-сенімдері басты орын алады. Оның көріністері — бәдік, жарапазан, алғыс-қарғыс, арбау, бақсылық сарындары. «Қаза арасындағы шаманизм нанымдарының Салдыстары» деген еңбегінде Шоқан бұл нанымдарға тәп-тәуір көңіл бөлген. Шамандықтың негізінде, Шоқанның айтуынша, табиғат пен адамды Састерлеу басым болған. Бір жағынан, көк тәңіріні, отты Састерлеу, екінші жағынан, киелі күш ретінде адамды (өлі, тірі әруақты) қасиет тұтып, аталар культіне сыйыну — ру қоғамына тән ұғымдар.

Бертін келе халық алғыс, қарғыс, оң және теріс бата, жылан арбау, күн жайлату, ауруды емдеу, жерлеу сияқты түрлі ырымдар тудырған. Кәрі жілікті іліп қою, отқа май салу, тіл-сұқтан сақтану — мұның бәрі тіршілік талаптарынан тұтан. Шамандардың ырымы бойынша, адам өлсе де өмір сүре бермек. Ислам болса, оның жан алушы Әзірейілі өлімге мойынсұнбауды дінсіздік деп түсінген. Қорқыт өлімнен қашса, мұнда шамандық нанымның таңбасы да бар.

Бұл ұғымдардың басым көпшілігі қазақ эпосынан мол орын алған. Сол себепті шамандық наным-сенімдердің қалай туып, қалай өзгергенін, олардың түп-тегін, бір кездегі ел салтымен байланысын жете білуіміз шарт. Соның бәріне бәдік, жарапазан, бақсылық сарындары анықтық енгізеді.

Бәдік. Бұл өлеңдерде ертедегі тотемдік ұғымдарды ізі бар. Адам табиғат сырын жете түсінбей тұрған кезде әрбір аурудың иесі бар деп ойлап, мерез, пес, рак, топалаң, қарасан, кебенек сияқты ауруларды өлеңмен емдеген. Аурудың иесіне адамның киесі қарсы қойылған. Бәдік жырларында магия, тотемизм, мифологиялық сарындар бар. Оны дуализм дейміз. Дуализмнің арғы тегі жақсылық (Ахура Мазда) пен жамандықтың (Аргра Маинйу) тартысы түрінде келеді. Төбетай қу басты сөйлетіп, оны «ырықсыз быдық» (бәдік) деп атаған.

Айт дегеннен айтамын-ау бәдікті,
 Қара мақпал тоным бар барша әдіпті.
 Ат оттамай, су ішпей жата берсе,
 Бәдік өлмей немене бір кҰдікті.
 Қош, қош, қош!
 Бәдік кетіп барады жатқа таман,
 ЖІГЕН ала жүгірдім атқа таман.
 Ұдай айдап бәдікті қолға берсе,
 Итере салар едім отқа таман.
 Қош, қош, қош!
 Кетер болсаң, Ұй, бәдік, Меккеге көш,
 Кемпір миын мүжіген шекеге көш.
 «ҚҰш» айласын білмесең, мен айтайын,
 Ұайдан қойға жүгірген текеге көш.
 Енді бірде бәдік таза жыр формасында айтылды:
 Бәдік, бәдік деседі,
 Бәдік желдей еседі.
 Асқар, асқар тауларға,
 Айнала соққан құйынға, —
 «Әй, көш» десе | — көшеді.
 Әй, көш.

БҰдік бір ғана адам кеселі емес, мал індетін емдеуге де қолданылған. Құрылысы жағынан бәдік жеңіл, күлдіргі өлең түрінде келеді. Үстіміздегі ғасырдың жиырмамыншы жылдарына дейін бәдік ел ішінде қыз ойнақпен қатар Солданылып келді.

Отпен аластау — зороастризм наным болса керек. Шамандық наным туған кезде отпен аластау жеті жын шақыру түрінде айтылатын болған. Бақсылардың ұғымынша, жамандық иесі (ауру) өлмейді, сол себепті оны ауырған адамнан (немесе малдан) басқа бір нәрсеге көшіріп жіберуге ғана болады. «Бәдік» — аластау, емдеу деген сөз, оны бақсылардың өзі де шала жын Солпына түсе отырып, орындаған.

Кейінгі кезеңдерге індет, адамға мерез, пәс аурулары келсе, Сыз-бозбала Сыз басына жиналып түні бойы өлең айтқан, оны «көшіру» деп атаған. Јазақ сөзі көп адамды «бәдік бас» деген.

Қыз:

Бәдік кетіп барады таудан асып,

Таудан асқан бұлақпен араласып,
 Енді екеуіміз бұдікті тауып алып,
 Шын құмардан шытайық сабаласып,
 Жемір, бәдік. дегенге, жемір бәдік.
 Қу қыздардың шекесін кемір, бәдік.
 Семіз қыздың ішіне кіріп кетіп,
 Бүйрек майын жедағы семір, бәдік.
 Бәдік кетіп барады. мекесіне,
 Ешкі арығын білдірмес текесіне.
 Онан көшер жайыңды мен айтайын,
 Бар да жабыс жігіттің шекесіне.

Ерте дәуірлерде табиғат сырын ұғына алмай, ай мен күнге, жерге, желге табынса, кейін өзінен күшті аңдарға, айда¹/₂арға, жыланға, құмырсқаға, маймылға сыйынған. Жабайы аңдарды қолбала еткен кезде адам табиғат әлемінде жамандық пен жақсылықтың жарыс екенін түсінеді. Арыстан адам жесе, Ғасқыр қой жейді. Тірлік пен ажал тағы бар. Адам жылдың төрт мезгілінің де айырмасын түсінеді. Бақсылық ұғымында кейін адамның өзі — (онгон), әруақ, ең киелі зат болып саналған. Осы шаманизм — әруаққа сыйыну, космос пен жердегі сиқырлы сөз (өлең) Ғуатымен әсер жасау пайда болды. Осы ретпен күн жайлату, бұлт, жаңбыр шақыру, Ғашан, Ғарақұрт, бүйе арбау, тылсымдау (гипноз) пайда болады.

Жылан арбауда тотемдік ұғымның ізі бар.
 Кер, кер жылан, кер жылан Кәл жылан, кәлбер жылан,
 Кереге басты мұр жылан. ұзын-ұзын, ұзын жылан,
 Сары жылан, ата жылан, Лек-лек келді, шық жылан,
 жу жылан, су жылан
 деген сөздер жамандық иесі — жыланға сыйыну болмақ.

Бүйі шақсанда бақсылар Қамбар ата Ұруағына, қарақұрт шақса жынта табынған. Кейде бақсылар адам шақсан жыланды шаңыраққа іліп қойып, астына от жағатын болған. Соның атын іздеген. Бір кезде бақсы қысылып (кеуіп) «түйемді ағыт» дегенде, жылан жерге сылқ етіп өліп түскен екен. Оның аты «түйме жылан» екен деседі. Мысылы, мұның бәрі де көбіне гипнозбен байланысты болу керек. Мұндай қасиеті жоқ, адамдар бақсы бола алмаған.

Бақсылық сарындары күн жайлату, жылан арбау сияқты гипнозды өлеңдердің күрделенген бір түрі. Бірінде аурудың сыры белгілі (жылан шау), бірінде белгісіз. Шаманды ұғымдардың бір жағында табиғатқа, тотемге, космосқа (политеизмы), жын, пері, мыстан, дәуге сиыну тұрса, екінші жағында адамға (Ұруаққа) сиыну тұрады. Бақсылар жын-періге сиынған.

Досмырза бақсының сарынында «Жын атасы Бұрлібай», 360 жасқа келген Сары қыз (мыстан) бар. «Сәукеле киген сақалды жын» да сондай. Барлыбай, Ердоян, алпыс отаулы қара жын, баршын құс, шақпақ мүйіз көк қошқар, айда¹/₂ар кер жылан, жирен тай мінгек елші қыз, шойын-құлақ, аспандағы тәрт атты, бөрте атты, тор тайлы дегендері бірде жын, бірде тотем.

Осыларға Шахар, Досмырза сияқты бақсылар Мұхамед, Сүлеймен, Орақ батыр, Қамбар есімдерін де қосады. Мұхамед пен Сүлеймен дін символы болса, Орақ пен Жамбар — онгон (әруақ) символы. Бақсылық сарындарындағы дуализмнің бір парасы осындай. Елші қыз, Сары қыз дегендері матриархат дәуірінен қалған апа-абилер (мыстан — Бекторылар) культі болса керек. Сақ заманындағы культ өлеңдерін мыстандар бастаған. Патриархат дәуірі туып, қоғамда ерлер бас болған кезде сол апа-абилер культін еркек бақсылар атқарған. Бірақ өздері апа-абилер дәстүрін тұтынаған. Шамандар нанымдардың ескісі мен жаңасын аралас Солданады. Сөздің басын «біссімллә» деп бастау ертедегі бақсыларда болмаған. Шығыс аңыздарында Сүлеймен перілер елін билеп, аспанда ұшып жүрген. Аспандағы бөрте аттының өзі — Сүлеймен.

Бақсылар сарынында магия, шаман, ислам ұғымдары араласып жатады. Соның ішінде, ата-баба, батырлар әруақтарына сыйыну сарыны күшті. Бақсылар сал, сары ауру кеселдерін емдегенде өздерін сары жирен атқа мінген, барлық киелі күштердің тілін білетін адамдар ретінде ұстайтын. Олардың қобызбен қосылып айтатын арнаулы сарындары болған. Бақсылық сарындарының тілі де халық поэзиясына жақын. Оларды біз ең алғашшы есан профессионал айтушылар, тажап импровизаторлар болған дейміз.

Жырдың бір жағы қобыз күйлеріне байланысты десек, бақылардың Есақ музыкасына тигізген әсері, музыкалық-әуендік жаңалығы бәрінен де мәндірек. Қойлыбайлар күйі мен қобыз атасы Қорқыт, Біқыласты | бақылық музыкасының ізінде туып еді. Әруақ, кәміл пір, атаға сыйыну, түрліше алғыс-қарғыс (аЕ бата, теріс бата, кесір, құт, Әлі Ыруақ, тірі әруақ), тотемдік-мифологиялыЕ образдар, мыстан, дию, Шопан ата, ЖелаяЕ, қасқыр, қараторғай, нар қошқар, тоты — сол бақылық жырларынан тұған. Қазақ эпосындағы нанымның бастысы — шаманизм.

Жын атасы Бөрлібай.
Шақырғанда кәлдің бе-ай.
Келші бері жын, пері,
ШаЕырғанда кел, пері,
Айда, шіркін, мұндар-ай.

Келші бермен сары Еыз,
Айтылған сәзі | дҮрі Еыз.
Ұй, Еайда мені | жан апам,
°ш ж з алпыс жасаған.
ШаЕырғанда кел сана,-

деген өлең кестесі мен Алпамыстың диуана болып келіп, кәк Домбай

культіне сиынуында дәстүрлік байланыс жоқ емес.

Ай, ер Домбай, ер Домбай,
Шақырғанда кел, Домбай.
Мұңды менен шерліні |,
Ырымын шегіп бер, Домбай,
Сақау қатын балдары,
Келер ме екен жарлары.
Айтқан сәзі бұл ма екен.

Тоя келіп тұр ма екенсі | ?
Ау ½алам, ау ½ай,
Келер ме екен Алпамыс,
Келмес пе екен Алпамыс,
Амалы кәп Еартамыс,
Ау ½алам, ау ½ай.

Жарапазан. Бір кезеңде діни әдет-тұрыпқа байланысты айтылған бұл өле | дер кейіп қарапайым айтушылар қолынан өткен. Парсы елінде «ша½арзабан»—ша½ар кезуші, тапқыр, күлдіргі ақын деген ұғымды білдіреді. Бізде ол ҫй арасын кезіп жүріп Әлең айтушы болмақ. «Тұсыңа келіп тұрмыз ақтап Еана, айтамыз жарапазан мақтап Еана» деген жолдарға қарағанда, оны кейде ел жұптасып та айтатын болған.

Жарапазан халық поэзиясы дәстүрінде жасалған. Ішін-мақтау, ниеттестік, кейде әзіл-күлкі де болады.

Аяқ-табақ сылдырап,
|ұрт бергелі жатыр ма?
Сары аяЕса салып бер,

Аузы-басы жылтырап,
Май бергелі жатыр ма:
|ызды | Еолы сұғанаЕ,

Сары майға малып бер,
Қыздан берме, өзің бер,

Жеп сойды той бағана.

Жарапазанның арнаулы баталары да болған. Онда қораңа мал толсын,
әйелге қошқардай қос ұл ту, ол батыр болсын деген жақсы ниеттер айтылған.

Ма | -ма | басқа | , ма | басқан,
Шудаларын ша | басқан,
Тұрт аяғын те | басқан,
Бура бассын үйінді.
Шыңғыр, шы | ғыр кісінескен,
Құлыншақтың атасы.

Айтыр бассын | йі | ді.
Желге сорап саптаған,
Жайылған жерін таптаған,
жошанның | атасы,
жошар бассын | йі | ді,-

деген жыр жолдары еңбек туралы өлеңдермен сабақтас. Жарапазан жырларынан ислам дініне байланысты әдет-ғұрып та көбірек орын алған. Бақсылық сарынында «тәңірі» сөзі басым болса, жарапазанда «алла», «құдай», «пайғамбар» дейтін сөздер үстем. Кейде ол отыз күндік оразамен де байланысты. Ораза айында үлкен айтушылар жарапазан айтып, түйе алса, кішігірім айтушылар үй жағалап, әйелдерден ауыз ашарға құрт, май, ірімшік сұраған. Діндар адамдар жарапазан арқылы ислам дінін дәріптеген. Бізге жарапазанның бұл жағы керексіз. Бірақ келелі айтушылар елдің тірлігіне үлкен мұн беріп, оларға жақсы тілектер айтқан. Бұл жағы бізге қажет. Жарапазанның басы хикаялау, мақтау, аяғы — алғыс, бата болып келеді.

Қара сақал, көрме иық,
Қандай жанның үйі екен?
Бұлдыр-бұлдыр таулардан,
Бұқа мініп біз келдік.
Кірсін дәулер есіктен,
Шықсын бейнет тесіктен,—

дейтін өлеңдердің тілі халық поэзиясынан бәлек емес. Арасында теңеулер, сөздік, дыбыстық қайталаулары да бар. Жарапазан бірде жыр, бірде қара өлең ұлшеуімен айтылған. Мұның өзі халық поэзиясына тән белгілер.

Шешендік сөздер, қазақ фольклорында жасалып, сөйлеу тілінде көбірек қолданылатын мақал-мәтел, жұмбақ жаңылтпаш түрінде айтылатын қибратқа толы нақыл үлгілерін шешендік сөздер деп атаймыз. Мұндай сөздер образдан ойлау мен логикалық ойға бірдей ортақ тілді күрделенген

фразалық материалы болып саналады. Оған «аузымен орақ орып, айдарынан жел есіп» деген идиомалық фразаларды, қанатты сөздерді қосар болсақ, бұл үлгілердің тіл мен ойдың аса биік дамығандығын көрсететін өзінше бір сала екендігін байқаймыз. Ал афоризмдер сөйлеу тілі мен жазу тілінде қатар кездеседі.

Шешендік сөздер заңдық, нақылдық, философиялық, сатиралық болып жіктеледі. Шығыс елдерінде ол жоғанасыр әнгімелері түрінде сақталған. Қазақ халқының арасында тұған шешендік сөздердің табиғаты одан басқалау. Қазақ шешендік сөздерді Асанқайғы мен Жиреншеден бастайды. Асан сөздері ойлы, Жиренше сөздері күлдіргілеу болып келеді. Шешендік сөздің үшінші бір жікілі — Аязби. Солардың дәстүрін біреу өлең, біреу қара сөз түрінде сақтап, дамытқан. Дүр сөздердің арғы тегі ертегі, аңыз, эпостан басталады. Аязбидің немесе Меңсілудың жұмбақтары аса көркем әрі терең. Шешендік сөздердің бәрін билер ортасы жасапты деген пікірдің қиындығы жоқ.

Рас, Мәңке, Қазыбек, Әйтеке сияқты билер айтыпты дейтін сөздер бар. Бірақ ел солардың сөзін халыққа жат еді дегенді айтпайды. Ертеде қазақ шешендерді «би» деп атаған. Осы ұғым Досбол шешеннің кезіне дейін келген. Шешендік сөздер ішінде Тәукенің «Жеті жарғасының» заңдық сипаты болған. Оны әдет-тұрып заңдары дейміз. «Жеті жарға» заңдарын тұана айтпасақ, шешендік сөздерді тудырған билер емес, халық арасынан шыққан от ауызды, орақ тілді Асан, Бұсар, Доспамбет сияқты ақындар, Досбол ізіндегі шешендер болған. Кейіп шыққан болыс-билер ішінде сөз білгендері болмаған. Бұлар жегіш, паракор, топас, ұсақ адамдардан сайланып, жай әкім ғана болған.

Халық қай кезде болса да аталы сөзді биік қадірлеген. Өйткені олардың этикалық-тәрбиелік мәні болған. Кейбіреулер шешендік сөз, тапқырлық біздің заманымызда жоқ деседі. Шешендік сөздердің кемуі жазба әдебиеттің өркен жаюымен байланысты.

Енді біреулер шешендік сөздер бір ғана тапқырлыққа сұрылады, олар өз ойларын дәлелдеп айтқан деседі. Мәселен дәлелдеуде ғана емес, олар логикалыс ойға құрылып, елдік мазмұнда болған. Ежелгі грек, Рим жұртында туған риториканың формалары бұл кезде ескірген. Бірақ әділет, дұрыстыс жолын айтқан нақыл сөздердің бәрі бірдей ескі емес. Халық сол сөздерді қадір тұтып, сақтаған. Жазуы мен сызуы кеш туған кешпелі елдерде шешендік сөздер өзінше бір өнер, мектеп, дидактика болған. Шешендік сөздің дәрі — мақал болса, одан алатын пайда ескірмейді. «Аталы сөзге арсыз тоқтамайды» деген нақыл содан қалған. Шешендік, нақыл сөздердің фольклорлық мәні бар.

«Сөз білмеген тілін көрсетеді» дейтін ұғым шешендік өнерді жақтаудың пайда көрінісі болса керек.

Біздің дәуірімізде әрбір жас ойлы да тілді, шешен болуға тиіс. XIX ғасырдағы бисымақтардың өзінен шығар ойы, елдік тұлғасы болмаған соң, есек жорға ататын болған. Оларды халық бос тілмар деп ұнатпаған. «Кең ойлы кенде болмайды», «жақсы сөз — жарым ырыс», «іріген ауыздан шіріген сөз шығады» деген мақалдар, сөзінді ойланып барып айт, әр сөзін көпке үлгі-өнеге берерлік ұйтқы болсын дегендік. Бұл реттен шешендік сөздердің тәрбиелік-дидактикалық мәні ескірмек емес.

Шешендер түрлі топтан, рудан шыққан. Бірақ бұл өнердің кілтін топ пен ру шешпейді. Қараменде сияқты заман қайшылығын танып, сол тұста әділет айтқан, үлкен мен кішінің, ер мен елдің арасындағы ынтымақты жақтаған адам ғана шешкен. Көбей мен Еспембет тентектің сөзін ел тез ұмытқан, ал ел самын жеген шешендер өзін ұзақ уақыт ұмытпаған.

Жәнібек хан Жиреншенің әйелі өлгенде, соны естірту үшін, әкесі, шешесі, әйелі өлген қандай деп сауал қояды. Жиренше оны оңай шешкен. Бірақ «Сатын өлсе, қамшының сабы сынды» деген ұғым феодалдық салтанаттан туған.

Кейде шешендік сөз жұмбақпен айтылған. «Асқар таудың басына қар

жауғалы қанша болды? Бұлақтан су асығалы қанша болды?»— деген сұраққа патшаның қырық уәзірі емес, Аязби ғана дұрыс жауап берген.

Кейбір шешендік сөздер сатира түрінде айтылған. 1890 жылдары Сыр бойының аты шулы шешені Досбол тоқсанға келіп, төсек тартып жатқанда оған қыпшақтың үш болысы Байсын (соқыр), Саудақұл (пұшық) және Байжан (таз) келіп, көңілін сұрайды. Аттанар алдында Байсын: «Уа, Досбол аға, жасыңызда қазақ баласына қызыл тілден бәйге бермей ауызбен ерсі ілдіңіз. Енді төріңізден көріңіз жуық болыпты, о дүниеге не деп барасыз?» — депті.

Сонда Досбол:

— Уа, сабаздарым, тумак болса, өлмек бар. Өлмейтін де адам болады: жақсының аты өлмейді, молданың хаты өлмейді. Менің о дүниеге барғанда айтар сөзім жоқ. Айтар болсам, кешегі әруақты ерлерге қонған бақ қысы бүгінде қара шыбын болды, ол ұшып сосырдың көзіне, пұшықтың мұрнына, таздың басына қонды деп барсам керек,— депті.

Шешендік сөз дау шарға көбірек қолданылған. Кейінгі билер дауды көбейтіп, ел арасында алалық отын жаққан. Би ру қамын жесе жақсы болады дейтін ұғымдар үстем болған. Әрбір ру тәуір сөздің бәрін өз биіне жапсырған. Бірақ халық: «Тура биде тұған жоқ, тұғанды биде иман жоқ» деп, ондай билерді ұнатпаған. Шоқан бұрынғы шешендерді ешкім сайлаған емес, турашыл болған соң оларды ел «би» деп атаған дейді. Досбол би болған емес, тек дүр сөздің ұстасы болған.

Шешендердің сөз таластыруы қазақта жиі кездеседі. Қоңырат Сапақ атты шешен болыпты. Бір жиында ол сұңқылдап сөз бермесе керек. Сонда бір рудың шешені оны кеміте сөйлеп: «Сөйле, сөйле, құлағы жоқ шұнақ биім, құйрығы жоқ шолақ биім»,— депті-міс. Сапақтың баласы жоқ екен. Сонда ол :«Құлағым жоқ болса, сұңқар шығарамын, құйрығым жоқ болса, тұлпар шығармын. Берейін десе, құдайдың баласы жоқ па, жіберейін десе пәлесі жоқ па?»— деген екен. Содан соң әлгі бидің он баласы өліп, Сапақ

балалы болған екен деседі.

Кейбір шешендік сөздер өмірдегі диалектикалық құбылыстарға қырылады. Бір хан өзінің билеріне: «Бұл дүниеде не өлмейді?»— деп сауал қойса, олар өлмейтін нәрселер қатарына жер, су, ай және күнді жатқызыпты.

Ал Жиренше шешен болса:

Ағын суды Ұлгені,	Ұар астында қалғаны.
Аязда мұз боп ҰатҰаны.	Ажал деген атқан оҰ,
АсҰар тауды Ұлгені,	Одан ешкім құтылмас,
Басын бұлты басҰаны.	Ол алланың қақпаны.
Ай мен күннi Ұлгені,	Дүниеде не өлмейді?
Е кейіп барып батҰаны.	Жақсының аты өлмейді,
Ұара жерді Ұлгені,	Ғалымны хаты өлмейді,-
депті.	

Жиренше ханның надандығын сынап отырып, аты өлмейтін жақсылардың санатына өз есімін де қосқан көрінеді.

Шешендік сөздер халық арасында жер, жесір, құн, мал дауы тұсында да айқын көрінген. Кейде оларды заңдығы мәні бар нақыл сөздер деуге де болады. Қазақтың әдет-ғұрпында хандар мен билер және әдет-ғұрып заңы болған. Шешендік сөздерде соңғы әдет-ғұрып заңының таңбасы басым. Төле би Қазымбетке жала жауып, оның ерін даулағанда, бір жылқышы ерді иесіне бересің деп билік айтады. Қазақтың бір елшісі қалмақ ханының алдына барғанда:

Сен темір де, мен көмір,	Екі елікті баласын,
Еріткелі келгенмін.	Тіліткелі келгемін.
Табысуға келмесе ,	Сен - Ұабылан, мен - арыстан
Тұрысатын жері ді айт!	АлысҰалы келгенмін,-
деп, екі елді табыстырып жіберген ғой.	

Кейде шешендік сөздер мақал түрінде кездеседі.

Өнер алды- Ұзыл тіл.	Шашақты найза қолға алып
Ұзыл тілін безентіп,	Батыр жігіт жауда ойнар.
Шешен жігіт дауда ойнар.	Дастарқанын кең салып,
АҰ балтырын тінтіп,	Жомарт жігіт күнде ойнар.
Палуан жігіт тойда ойнар.	Жауға батыл тие алмай,
Баданасын киіп ап,	Бедірей-батпақ үйде ойнар,-

деген жерде елдік, ерлік мінез бен теріс мінездің ара-салмағы жағысы екшеленген.

Мақал-мәтел. Ел аузында, көбіне сөйлеу тілінде қолданылатын дүр сөздердің бай да мазмұнды саласы — мақал-мәтел, идиоматизмдер, ойлы фразалар болып келеді. «Сөз асылы — мақал» дейді халық. Оның айтушылары да, тұтынушылары да — көпшілік. Мақал — логикалық, образдық ойдың қосқанаттасқан ғажап табысы, тәжірибеден туған философиялық сөздер. Оның ұйтқысын, ең алдымен, мақалдан іздеу керек. Онда этикалық, философиялық, коллективтік мазмұн бар, мақалдың қорытындыларын халық ешуақытта теріске шығармайды.

Қазақ мақалдарын бір кезде Плотников, Васильев, Катанов, Пантусов, Катаринский, Алекторов, Диваев сияқты көптеген ғалымдар жинап, бастырған.

Мақал-мәтел ойды ысқа да ұтымды, өмір тәжірибесін туғыза айтатын сөздер. Онда ел, халық, отан, ерлік, бірлік, өнер-білім, еңбек, семья, бала тәрбиесі, төрт түлік мал, жан-жануар, ауру-сырқау, жақсылық пен жамандық, адамгершілік парыз жайында айтылған ғнегелі сөздер өте көп. «Туған жерге туы тік», «Ер өзі үшін туады, елі үшін өледі», «Ел іші — алтын бесік» дейтін мақалдар ертедегі батырлардан бастап, Отан соғысы күндеріне дейін елді ерлікке шақырып, патриотизмге баулыған асыл сөздер болған. Осылайша Отан соғысы жылдарында қазақтың сансыз ұлдары еліміздегі басқа да туысқан халықтардың ыкілдерімен майданда асқан ерлік, қармандық көрсетіп, фашизмді күйретті. Қазақ мақалында «Ырыс алды — ынтымақ», «Бірлік болмай, тірлік болмас» деген сөздер болса, Еазірде мұның да мағынасы кеңіп, жаңарып, ол халықтар достығы, интернационализм, халық бірлігіне ұласып отыр.

Мақалда әр түрлі тап өкілдеріне ыатысты сын да бар. Оны «Жақсы адам — ел ырысы», «Қарау адам — күншіл, мекер адам — міншіл», «Хан — қарақшы, халық — сарапшы» деген сөздерден байқауы болады.

Мақалда бала тәрбиесіне де үлкен мән берілген. «Баланы жастан», «Яда не көрсен, ұшқанда соны ілесің», «Қызды асырай алмаған күн етеді,

ұлды асырай алмаған қыл етеді», «Сіз» деген сыпайылық, «сен» деген анайылық» деген мақал-мәтелдердің мәнісі жас ұрпақты жақсылыққа баулу болмақ. Жастарға өнер-білім, тіл үйретуде мақал-мәтелдің мәні аса зор. Білім-өнер еңбектің бір түрі болса, аз сөйлеп, көп тыңдашы, көп осып білімін байытқан бала ғана өмірден өз сыбағасын алмақ.

Мақал-мәтелдер қоғам өміріндегі әлеуметтік құбылыстарды, адам мінезін, табиғат пен тіршілік сырын, оның сайшылығын таныта отырып, адамға терең нұсқат берген. Мақал осындай құбылыстарға берілген баға, ойдың тобықтай түйіні ғана емес, өзінше бір ереже.

Ұл мен қыз, жалпы мінезі қандай болуға тиіс дегенге де халық мақалы бірлжымас нұсқау береді. «Атаның баласы болма, адамның баласы бол», «Жақсы адам — ел ырысы», «Бір кісі мың кісіге олжа салар», «Ақ жүрген адам — азбас», «Адам аласы ішінде, мал аласы сыртында», «Кісі болар баланың кісенінен белгілі, ат болатын құлынны | мүшесінен белгілі», «Тау тауға қосылмас, адам адамға қосылады», «Әдептілік — адамдык белгісі, тұрпайы мінез — надандықтың белгісі» деп келетін мақалдардың тәрбиелік-этикалық мән-мағынасы Ұлі күнге өз күшінде.

Халық мақалдарында біреуді алдап-арбап, басқаларды қынадай сорып, бақ, байлық тапқан үстем тап өкілдерін, еңбексіз еметін ұры-сары, дін иелерін сынайтын ойлы сөздер өте көп. «Өзі ұры — біреуді ұры санайды», «Жаман сопы — тобашыл», «Өлеңді жерде өгіз семіреді, өлімді жерде молда семіреді», «Саудагерде иман жоқ — арын сатады, өтірікшіде иман жоқ — жанын сатады», «Аңқау елге — арамза молда», «Ақ сәлделі сожадан ақ жаулықты Қатын арты», «Кесек-кесек дау керкеткеннің ауылында» сияқты толып жатқан мақалдарды | тәрбиелік мәні аса зор.

Мақал ішінде мазмұны ескірген, феодалдық салт-санамен жасалғандары да бар.«Қалың мал» романында Итбай:, «Байтал шауып бәйге алмас» десе, мұнысы әйелге деген діни-феодалдық көзқарас болма.

Мақалда ойдың тезісі мен дәлелдемесі бірлеседі: «рлық түбі —

қорлық». Мәтелде соның бірі ғана болады. Мақал — халық аузында тұрған философиялық мәні бар сөздер. Мақалға афоризм, қанатты сөздер (идиоматизм) жуық. Мысалы, «Айдарынан жел есіп», «Мұрнынан есек құрт түсіп» десек, бұл идиома, метафоралық, фраза.

Мақал-мәтел бұрын тек ауызекі тілде ғана қолданылса, жазу-сызушы ел соң публицистика, тарих, әдебиет жанрларында да қолданылатын болды. Афоризм, қанатты сөздер бүгінгі қазақ жазушыларының шығармаларында да аз емес. Олардың арты тегі мақалдан тұрған.

Жұмбақ. Мақал адамның логикалық ойын дамытса, жұмбақ, жаңылтпаш жас баланың тілін жетілдіріп, табиғат, өмір жайындағы түсінігі мен қиялдау қабілетін дамытады. Жұмбақ ең алдымен жас бөбектерге үйретілген. Оның өзі көбіне ұйқасқан өлең түрінде айтылатын болған. Жұмбақтың объектілері — табиғат құбылыстары (космос), жер-су, жан-жануарлар, жәндіктер (тотемдер), адам мүшелері, түрліше өлі заттар, тіршілік құралдары болып келеді. «Ақ сандығым ашылды, ішінен жібек шашылды» (*күн*), «Тақиям толған сөк, ертең тұрсам жоқ» (*жұлдыз*). «Әне барады өзі, көрінбейді ізі» (*жел*), «Жер түбінен боз-жорға ат келеді» (*боран*), «Аяғы жоқ, көзі жоқ ақ жылан» (*су*), «Отқа жанбас, суға батпас» (*мұз*), «Сатайын десем ауыр кілем, сатпайын десем тауір кілем» (*жер*) деген сөздер аспан мен жер-суды жұмбақтаса, «Ат басты, арқар мүйізді, бөрі кеуделі, бөкен санды» (*шегіртке*). «От басында тәукеншік» (*мысық*), «Ши түбінде шұбар жылан» (*кесіртке*), «Шидім, шидім, шидім құс, ши басына қонған құс» (*шыбын*) деген сөздер түрлі жәндіктерді жұмбақтаған.

Бидай, қауын, қарбыз, қызғалдақ, бүлдіргендерді жұмбақтау да болған. Төрт түлік мал, адам денесінің мүшелері де жұмбақталатын болған. «Ерте тұрдым, екі айыр жолға түстім» (*шалбар*), «Отыз омыртқа, сырық, сабырға, ауыз омыртқа» (*киіз*), «Тұрса түйедей, жатса қояндай» (*ертосым*) — тірліктен алынған.

Жұмбақ — өмірдегі реальдық зат пен құбылысты танытудың құралы.

Оның айналатын Еазығы — ұғым (сөз). Бірақ сол ұғымға біз төтелей емес, түрліше салыстыру, ұсастыру жүргізу арқылы келеміз. Жұмбаға абстракция күрделенген.

Асындар арасында жұмбақ айтысы болған. Оған Сапарғали мен Нұржанның, Тұрмағамбет пен Шәдінің, қыз бен жігіт айтыстары куә. Жұмбақтың бұл саласы поэзияға жатады.

Сонымен, табиғат пен болмысты тануға, жас жеткіншектің ойы мен тілін дамытуға құрылған қысқа өлең-фразаларды жұмбақ дейміз. Жас буынның тілін дұрыс сөйлеуге үйрететін сондай ғажап сөздердің бірі — жаңылтпаш.

АҢЫЗДАР

Аңыз, ертегі, жылнама, шежіре Еай елде болса да бар. Оларда тарихи оқиға, жеке герой, жүйрік ат, алғыр құс, жер-су, ай мен күн, жұлдыздар жайында айтылады. Осы сипаттарына қарай оларды мифтік және тарихи аңыздар деп бөлеміз. Көп жағдайда ертегі, аңыз, эпос бір-бірімен сабақтас. Ертегінің аңыз, аңыздың эпостық жыр түрінде айтылуы да мүмкін.

Мифологиялық аңыздардың басты сипаты — көршілес жатқан түрлі елдер мен халықтарға ортақтығы. Мысалы, Мәди (Модэ) аңызы бұл кіл Орта Азия, Алтай, Сібір, Кавказ тайпаларына ортақ. Өйткені ол замандағы тайпалар нанымдары да ортақ болған. Нұх топаны жайындағы аңыздар Таяу Шығыс қана емес, Қытай, Орта Азия фольклорында да бар. «жазықұрттың басында кеме қалған, ол әулие болмаса неге қалған?» деген жолдардың ислам рухында жасалғанын кейбір зерттеушілер аңғармайды. Бұл кенже туған аңыз. Ертедегі марқа аңыздар адам сипатында емес, күн, ай, жер, кеме, топан, Адам ата, Хауана түрінде жасалған. Келе-келе солар жеке герой, адам атына көше бастайды. Бұл аңыздарды космологиялық, антропологиялық деп бөліп, бір ізге келтіру қажет. Бізге антропологиялық мифтер аса жақын. Осы мифтік, фольклорымызды тереңірек зерттер болсақ, бұл тарихқа жақындау арна болар еді. Сонда біз фольклор ғылымын өзінің табиғи сипатында алып,

байытқан боламыз. Мұны тарихи танымға келудің бір жолы дейміз.

IX ғасыр жазба ескерткіші «Отызнама» — этногенездік миф болып көрінеді. «Шаһнама», «Рамаяна», «Мың бір түн», «Манас», «Жорқыт ата кітабы», Орхон жазуларында аңыз, ертегі, жылнама, шежіре қым-сиғаш араласып келеді. Көп жайда мұндай сюжет атаулының басы аңыз ба деп ойлаймыз. Ондай мифтік аңыздарға Үнді, Мысыр, Рим елдері бай болған.

Махмұт Қашқари «ң» дыбысы Шымкент пен Тоқпақ арасында болған, ол артулар диалектісіне тән дегенді айтады. IX ғасырда олардың билігі Ферғанаға дейін созылған, Өзгент, Азғыш дейтін салалары болған.

Хорезм жеріндегі Дию сала аязының оқиғасы да осыған ұсас. Онда Фархад дию Хорезм патшасының қызы — Шырынға ташық болады. Патша мыстан кемпір жұмсап, шөлден тас қала салдырады. Оны Дию қала деп атаған. Жала салынып бітуге айналған кезде мыстан тоғыз жүз бота, созы, бұзау, ермын сойтызып, мал біткен маңырап, у-шу болады. Мыстан диюге барып Шырын әлді дегенде, Фархад тастың соңғысын өз басына түсіріп өлген екен деседі.

Бұл аңыздан гөрі «Баршынкент» сюжеті шыншылдау. Аңыз Сыр бойында IX ғасырда тұған. Бірінші Баршын Алпамыстың сүйген еызы, бірінде ол Хұлағу ханның еыпшақ тайпасынан алған әйелі. Хұлағу (1242—1247) Иранға орналасқан соң, Баршынды Сунақа тастап кетеді. ғыз қайғыдан өледі. Соның құрметіне ел Төменарықтан Көк Кесене мазарын салған екен деседі. Бұл мазарда Ә. Диваев 1905 жылы болып, мынадай аңыз келтірген: Бұдан үш жүз жыл бұрын Сыр бойында Ақ Кесене, Көк Кесене дейтін салалар болыпты. Оны қалмақ хандары ,са мен Зерең (кейде Күрең) билейді екен. Зерең қазағтарға қатты болыпты. Сонда Арал жағынан адай батыры Тайлақ, ,лы таудан ошақты Саурые келіп, Зереңді қуған екен. Бұлантыра қашқан қалмақтар Сыр бойында қырғын тауыпты. Сол жер кейін «жалмақ қырған» атаныпты. Бұл сюжет Баршынкент (Көк Кесене) аңызын

жоңғар басқыншылары кезеңіне әкеледі.

Тілдік, археологиялық белгілеріне қарағанда, кешендер (қала) хұн дәуіріне кетеді. Күйік кешен қазылғанда, одан мыс, қой сүйегі, қошқар мүйіз оюлары табылған. Олай болғанда, Гүлбаршын немесе Баршын қыз аңызы XIII—XVIII ғасырларда емес, ертедегі хұн дәуірінен бері болса керек. Бұл атаудың түбірінде бөрі қыз (гүл — қыз, шин — бөрі) деген ұғым да бар. Осы орайда «Баршын» сөзінің түбірінде жүрген «шин» сөзіне тоқтала кетелік. Аңыздың бір сыры оның тілінде болса керек.

М. Қашғари шин тайпаларын жоңғары, орта және төменгі шин деп үшке бөлген. Бұл атау басында теріскей Қытайға түркі-монғол тайпалары арқылы барғанды. Алтай аңыздарына назар салар болса, ертеде көк түріктер өздерін «Ашина» ұрпағымыз деп атаған. Ежелгі түркі тайпалары төрт бөріден тарапты, оның бірі қаз болыпты, бірі Әбу-Абақа өзенінде тұрыпты, қалғаны Шу өзенінің жағалауында болған екен дейтін аңыз бар. Көк түріктер жытай еліне барғанда, атының тұмсығына бөрінің басын кигізіп алатын болған. Кейін бұл тотем соғыс символына айналған. Мысалы, Оғызхан жорыққа шығатын болса, оның әскерін көкжал бөрі бастап отырады. Көк түріктер ескі Бейжинге барғанда, оны «Бейжин» (Байсын) деп атаған. Бұл екі атау (Баршын — Байсын) түбірлес.

Ерте кезеңдерде «шин» сөзін бүкіл шығыс елі сақ, массагет, үйсін тайпаларына Солданған. Гүйшинні орталығы — Бархан (Тараз), ханы — Барака болған. Бұл жағынан Баршын аңызын қарахандар дәуірінде туды деуге де рет бар.

«Бейшин», «Байсын» деген сөздердің өзі парсыша «абад» — салалы жер деген ұғымды береді. Кейінгі дәуір жырларында «Байсын» қала емес, дала атауы (Жиделі Байсын). Ол Әмудің бас жағында. Бұл монғол шабуылынан соң туған ұғым.

«Шин» сөзінің араб, парсы әдебиетінен көрінетін бір формасы — жын. Арабтар шығыс елдерін «жын елі» деп атаған. Ол «Ипа¹/₂намада»

суреттелген. Қаямұрас, Жамшид, Симае, Күншақтардың соғыс жүргізген жерлері — Орта Азия. Олар ылғи диюлермен соғысады.

Сөйтіп біз «Баршынкент» аңыздары ерте замандарда туған, олар бүкіл Орта Азияға ортақ. Осы аңыздарды VII ғасырларда Алтай түріктері, монғолдар «Алып Манас» ертегісіне айналдырған. Ал X ғасырда Сыр оғыздары осы желіні «Қорқыт ата кітабына» түсірген. Қазақтың «Алпамыс» жыры да сол сюжетке құрылған дейміз.

Бүкіл Орта Азияға тараған көне аңыздардың бірі — «Аязби» ертегісі. Аяз қалаларының орнын С. П. Толстов жазған. Олар Сыр мен Әму орталығында, бірнеше қорған. С. П. Толстовтың айтуынша Аязқала, Тесікқала, Жанбасқала, Бүркітқала Хорезмнің ескі дәуірінде, біздің дәуірімізге дейінгі VII—I ғасырларда салынған. Оны мыс дәуірі дейміз. Бұл аңыз бойынша Аяз дейтін еұл қырыс қыз шағарында тұратын хан қызына ташық болған. Сюжет қарақалпақтарда эпостық дастан түрінде жырланған. Демек, қарақалпақ жырының Аязби аңызымен де байланысы болса керек. Хорезм, Сазақ аңыздарында Аязби екі дарияның арнасын өзгертіп, Жейхүн мен Сейхұнды Арал теңізіне еуғызған адам. Оған дейін бұл екі дария сұлтан Мүйіздағ, Үзбой арқылы Каспийге құйған. Мұны көптеген грек, араб саяхатшылары да айтады. Әбілғазы болса 997 жылы болған дейді.

Аязби ол кезде Үзбойда тұрған. Аңыз Аязды елге жағымды, өте әділ хан ретінде суреттейді. Тағы бір аңызда Үзбой шөлде қалып, Аязби Шаббазға көшіп, Хорезм шағарын салдырған делінеді. Аяз аты ертеден бері бар. М. јашқари Аяз құлдың аты дейді. Демек, оның күресі де сол құлдық құрылысты жоюмен байланысты болса да ғажап емес.

Әрине, Аязби аңызының кенже туған нұсқалары да бар. Кейбір зерттеушілер Аязбиді Махмұт Ғазнауи атымен байланыстырады. Бұл — кейінгі қоспа. Аязби ертегісі көне дәуірлерде Сыр өлкесінде туған. Онда ислам әсері жоқ. Меңсұлу мен хан жұмбақтары, адам аттары «Қорқыт ата кітабына» жуыс, ой мен тілдің өзгеше дамығандығын көрсетеді.

Ертедегі сақ-син (шин) аңыздарының Әму мен Сыр бойында көбірек сақталғанын Гүлдірсін ша¹/₂ары жайындағы аңыз да анықтайды. Бұл қаланың орнын 1937 жылы С. П. Толстов Еазтан еді. Одан скиф садағының оғы, тастан салынған әйел суреті табылған. Жала Төрткөлдің теріскей бетінен өтетін Тазабағы-яб бойында.

Аңыздың қысқаша мазмұны мынадай. Гүлдірсін ша¹/₂арын жау қоршағанда, Еыз Еалмақ батырына җашық болады. Жаланы олар ала алмайды. Жау кете қоймаған соң қала халқы бір өгізді бидайға тойдырып, қақпадан шығарып жібереді. Қалмақтар әлгі өгізді ұстап алып сояды. Байқаса, оның іші толған бидай екен. Бұл бізде астыЕ көп, шыдаймыз дегенді білдіру болатын. Ал шын мнінде астық қалада бітуге жақын еді. Сонда Гүлдірсін жауға «кетпеңдер» деп хабар берген. Мұны естіген қалмақтар кетпей, ақыры ша¹/₂арды алады. Бірақ Еалмақ баласы өз еліне опа болмаған Еыз маЕан қалайша жар болады деп, оны ат құйрығына байлатып өлтірткен. Оқиға монғол шабуылы кезеңіне ұқсайды. Бұл сарын «Жобыланды» жырында да бар. Тақтакөпірдің шығысында жиырма шақырым жерде тұрған Қорғанша қаласын ЕараЕалпақтар Қобыланды Еорғаны дейді. Ал қазақтар болса батырдың моласы Жем жағасында дейді.

Хан қызының жауға болысуы бүкіл Орта Азия эпосында бар сарын. Бізге қажеті — «Гүлдірсін» атауы. Ондағы «сін — шин» сақ заманынан бері бар. Олай болса, аңыз да сол кезеңде тұған болмаЕ. Әңгіме бір ғана қыздың опасыздығы емес, матриархат ұғымдарын сынауда ма дейміз.

Эпос пен ертегінің тегі үшін Тұран, Хорезм, Алтай түріктерінің аңыздары өзгеше мәнді. Ертеде Сыр мен Әму аралығын Тұран (арабша Мауреннахр) деп атаған. Тигр мен Ефрат көне мәдениет ошағы болса, Тұран да сан ғасырлар бойы саЕ, түркі тайпаларына қоныс болып, XVI ғасырға дейін мәдениеті кең дамыған озат аймақтың бірі болған. Содан бері бұл екі өзеннің атауы үш рет өзгерген, Сырдарияны ертеде Яксарт, Сейхүн десе,

Әмударияны Окс, Жейхүн деп атаған. Бұл екі өзеннің атауы «Ша¹/₂нама», «Ибра¹/₂им — Ад¹/₂ам» сияқты сансыз қиссаларға түскен. Ибра¹/₂им — Балх патшасының қызы Мәликеге ташық болған диуана. Патша уәзірі оған сексен күндік «Шор» дария түбінен екі гау¹/₂ар әкелсең патша қызын аласың деп шарт қояды. Ибра¹/₂им дарияға жетіп, үш жылдай Сыр суын шелектен сыртқа төгеді. Мұны көргендер: «Сен де бір ер екенсің, мұны жүз мың адам мың жыл бойы төксе де, Сырдың суы таусылмайды» деп, оған төрт жүз гау¹/₂ар берген. Жігіт Балх саласына оралғанда, уәзір Ибра¹/₂имді ұрысың деп қуып жіберген. Соның наласымен қыз өлген екен дейді аңыз. Алтын табытқа салып, гүлді бағшаға жерленген Ғызды Ибра¹/₂им жүрек жылуымен тірілтіп алған екен-мыс. Орта Азиялық Зарина, Томирис, Дарига қыз, Роксана, «Принцесса Турандат» аңыздары бүкіл жер жүзі Ұдебиетіне мәлім.

Атасты Омар Шайхтың баласы За¹/₂ириддин Бабыр өзіні |

«Бабырнама» атты тарихи-әдеби естелігінде Сырды үнемі Сейхүн деп атайды. Бұл кітапта көптеген қала аңыздары келтірілген. Ескендір келместен бұрын Орта Азияда Афрасиаб патшалық құрған. Ол Иран патшасы Кейкуаспен жауласады. «Ша¹/₂нама» аңыздарының көбі Орта Азиядан алынған. «Көрұтлы» жырының өзі де көп жайда Тұран аңыздарына негізделген.

Біздің арамызға дейінгі 529 жылы Орта Азияға Кир келгенде, Ғұлақ-мұрнын кесіп парсы әскеріне «қашып» баратын сақ батыры туралы аңыз Ғандай ғажап! Ол Кир патшаға: «Өз елім мені қорлады, ендігі жерде сізге қызмет көрсетеді. Ұзылқұмнан жол тауып беремін»,— дейді. Ақыры Кирдің қалың қолын шөлге қамап, Ғырған. Кир оның басын алмақ болғанда, батыр: «Елім үшін басымды ажалға тігіп келген едім. Бірақ мен елімді қорғаумен қатар жауымнан да кек алдым» деген. Тарихи-салыстырмалы тұрғыдан келсек, бұл аңыздың желісі орыс халқын поляк басқыншыларынан Ғұтқаратын Иван Сусанинге ұқсас.

Түрік қағанаты кезінен қалған жара Шорин, оның ұрпастары — Түн Жабғу, Ишбара, Шытай жайындағы аңыздар да көп. Қала аңыздарына оғыз-қыпша, қарахандар дәуірі аса бай. Онда толып жатқан тарихи деректер мен шежірелер жүр. Мысалы, Сунаста аңызына назар салар болсақ, қала 1380 жылдан бастап, Ақорда, одан соң Қасым, Есім, Хақназар хандықтарының орталығы болған. Үргеніш ханы Әбілғазы өзінің «Шежіре-и түрік» деген еңбегінде Сунасты 1219 жылы Жошы хан шауып, халқын қырды, қаланы өртеп, қиратты дейді. Жошы Сунаста Хасенхан деген елші жіберсе, жергілікті халық, оны өлтіріп жіберген. Сол үшін Жошы Сунақтың он мың халқын қырған. XIV ғасырда Сунақ қайтадан Еалпына келтіріліп, Еасқа жолды Қасымханның астанасы болған. Тәуке, Сәмеке, Әбілқайыр хандардың шыққан жері де осы қала еді. Сунақтың сыртында биік дуалы, Сыр бойынан 10—15 шақырым жерге дейін тартылған су құбырлары, жер асты жолы болған. Бұл құрылысты ірі ұсталарға салдырып, жұмыс аяқталған соң, қыпия ашылмасын деп, оларды қыжыраларға кіргізіп, өлтіріп жіберетін болған.

Сыр бойындағы үлкен мәдени орталықтардың бірі — Отырар. Бұл туралы аңыз бен шежірелер өте көп. Жаланың атын ежелгі Мысыр оқымыстысы Птоломей «Фараб» деп көрсеткен. 1219 жылы Отырарды Жошы жаулап алып, отыз бес мың халқын қырған.

Отырар жөнінде X ғасырдағы Орта Азия тарихшысы Мұхамед Наршахи өзінің «Бұқар тарихы» деген кітабында мынадай аңыз келтіреді: VIII ғасырда Бұқардағы Абурия ханға өкпелеген Фараб халқы жамұқтың бастауымен Қамұқат атты шағар салған. «Қамұқ» сөзі ежелгі жазбаларда кездесіп отырады. Парсы елінің «Рузат-ул Абрар» атты шежіресінде Фараб қаласы Отырар деп аталған. Орыс зерттеушісі А. Кастанье де Отырар қаласының осы тұста екенін атап көрсетеді. В. Бартольд болса, араб тарихшысы Макдисиге сүйеніп, Қамұқат Талас бойында, Сайрам маңында

болған дейді. Тарихшы Табаридің айтуына қарағанда, Отырарбент (кент) өз алдына бөлек қала болған. Сол қалаға байланысты тұтан көптеген аңыздар бар. Соның бірінде Ақсақ Темір 1405 жылы Отырарабадта «отқа құлап өліпті» делінсе, бірінде қала маңындағы биік төбелер Шығыс Ұлтірген отыз бес мың адамның моласы ретінде көрсетіледі. Кейде бұлар Ақсақ Темірдің жасақтары тұратын қарауылтөбелер деп те аталады.

Эпос генезисін тану ретінен Сыр бойындағы кушан, хұн дәуірінен қалған Жиделі Байсын, Алтыасар, Жетіасар туралы қала аңыздарының да мәні жоқ емес. Жиделі Байсын жері қазақтың көптеген эпостық жырларында айтылады. Өзбек ғалымы Х. Зарифов келтірген бір аңызда осы жер үшін қазақ пен қарақалпақтар таласып қалады. Жиделі Байсын жерін билеген қарақалпақтың Орман биі қайтыс болып, артында ізбасар тұяқ қалмапты. Жалғыз қызына ел билік бермей, жұрт биді қазақтан қояды. Сейтіп қарақалпақтың жері, өрісі тарыла түседі. Сонда олар: Еділді алды — елді алды, Жайықты алды — жайды алды, Енді алмаған не қалды?—деген екен .

Симонов жазып алатын Жетіасар аңызы бұдан өзгешелеу. Ертеде Қуандария бойында Жетіасар, Алтыасар дейтін бектер тұрыпты. Екі қаланың халқы да аң аулап күн көріпті. Жетіасар қылан ауласа, Алтыасар Еұс аулаған. Жетіасардың нөкерлері қолдарына кездік алып, жолбарыс аулайтын батыр болыпты. Алтыасардың бір батыры Жетіасар нөкерлерімен бақталас болып, аңға шыққанда оны жолбарыс аузынан Жетіасар құтқарып алыпты. Содан былай екеуі дос болып, Алтыасар өзінің қарындасын Жетіасарға береді. Жетіасар әйелін жақсы көреді екен. Өзі аңда жүргенде құлы әйеліне сөз салып, ғашықтығын айтады. Әйел көнбеген соң, Еұл оны қаралап, Жетіасарға өлтіртеді. Осы оқиғадан соң Алтыасар мен Жетіасар жауласып, екі қала бірдей елсіз қалған екен дейді аңыз. Мұндағы аңшылық суреттері, камал «жамбар батыр» жырына ұқсайды. Қамбар сюжетінің Сыр бойында тұтандығын басқа да аңыздар дәлелдейді. Сарысу мен Қоңырдың құрамында Шайырлы даласы бар. Онда Көк Домбақ дейтін төбе бар. жамбар сонда өлген

екен дейді аңыз. Оны себебі мынадай: жамбар Арсада жүріп, Сыр бойындағы Орақтың баласы жайқы батырға барады. Ол жарашысы екен. Өзі кедей болғандықтан жайқы жиеніне пәлендей қошемет көрсете алмайды. Наташым Әлемеді деп, жамбар Қайқының жыл-Еысын Еуып әкетеді. Артынан Қайқы жетіп, екеуі Сарысу бойындағы жоңырдың шөлінде ұстасады. Қамбар Қайқыны найзамен түйреп, аттан құлатады. Сонда жайқы: «Сен де аман кетпейсің, найзам батты, оның ұшы ұы болатын»,— дейді. жайқының өлігін ел-жұрты тауып алыпты. жамбар болса, жылқыны тастан, жүріп кетеді. Күн бата ел қарасы көріне ме деп Көк Домбаңқа шыққанда, денесін у жайлап өлген екен деседі. Содан былай ол жамбар төбе атаныпты. Айналасы Еу дала, шөл болғандықтан, ел жамбарды шөл иесі деп таныған. «Шөл иесі жамбар-ай, жол иесі жамбар-ай» деп сиынған баЕсылардың пірі жамбар болған. Түрікмен халқында Баба жамбар аңызы бар. Олардағы жамбар — жылқышы. «Қамбар батыр» жыры бергі дәуірде, өзбек ұлысы тұсында туса керек, ал аңыз хұн, кушан дәуірінен бері бар.

СозаЕ жеріндегі Күлтөбе аңызының да Қамбар ертегісімен сабақтастығы бар. Күлтөбе екеу, олар жарақұр өзенінің жағасына салынған. Жоңғарлар Жетісуды алғанда, ЕзаЕстардың бас Еұрап, күш жинайтын жері осы. Ол туралы ел аузында: «Күлтөбенің басында күнде кеңес» дейтін сөз бар.

Шу мен Талас өзендерінің Еұярлығына орналасқан жұмкент, оның сілеміндегі басЕа да қалалар Батыс түрік қанаты кезеңінен бар. Отырар — Түркістан — жұм-кент — Тараз мәдениеті түркі тайпаларының Мысыры болған. жұтай — Бабыл — Европа аралығындағы «Жібек жолы» Құмкент пен Саудакентті тұраЕты рабат еткен.

жұмкент ертедегі түркі тайпаларының шаманы Баба Ғұмардың туған жері. Бұл аңыз Езақ эпосына түсіп, Баба Түкті Шашты Әзиз, Кәміл пір, Тоқтарбай түнейтін Ақшеңгел образы түрінде жырланған. жұмкент

аңыздарының негізгі эпосына тигізген әсері өте зор. Мұрын жырау келтіретін бір аңызда Баба Түкті осы Құмкенттегі пері қызына үйленеді. Қыз оған: «Менің аяғыма қараушы болма» дейді. Байқаса, оның аяғы аңға ұқсайды екен, Сонда пері Сызы жана туылған баласын киізге орап, Құмкент көліне тастап кетеді. Оны Ніл деп атаған. Сол бала ер жетіп, Тоқтамыстың қойын бағады, батыр болады. Ертеде Жетікент аталған бұл қалалар Хазар — Хорезм мәдениетінен кем болмаған.

Саудақент — кенже туған қала, бірақ көлемі үлкен. Айналасы ор, оған Шарбақты өзені қиыды. Х ғасырда бұл жер «Түркістан елі» атанып, оған батырлар сиынған. Тәжік ақыны Афзаладдин Ғабдуғани Шығыс әскері келгенде:

Мың сан адам қолы жатыр әр таста.
Саусақ ізі түскен еді нақышқа.
Вавилонды үйретіп ең өнерден,
О, Түркістан, есіте ме құлағың,
Керней даусы, жауың келді, қарышта,—

дейді.

Рас, Құмкент өңірінде мазар мен мешіттер көп. Мәдениет тарихы тұрғысынан келсек, сол ескерткіштер жайлы аңыздардың тайпалар тарихына анықтық енгізетін жерлері жоқ емес. Мазарлар тарихы көп жайда ислам санасының жергілікті тайпалар дәуірімен санасудан туғанын байқаймыз. Мысалы, ертеде қазақ тайпалары үшін Шопан ата, Қорқыт ата әруаққа сиынудың, яғни шамандықтың басы болса, ислам келгенде дін иелері сол ата-бабаларын «пір» тұтып, өз нанымдарына қирал еткен. Жожа Ахмет Яссауи мазарын Ақсақ Темір көшпелі елдерге ислам дінін тарату мақсатымен 1398 жылы салдырған. Бірақ қазақ аңыздары Арыстанбап Хазірет Әлиден 900 жыл бұрын туып, соған құрмет сақтап әкелген екен деседі. Тағы бір аңызда Ақсақ Темір Арыстанға мазарды бұрын салдырса, оны түнде бір көк өгіз келіп, мүйізімен аударып тастай беріпті. Сонда Арыстанбап: «Мазар әуелі

Яссауиге салынсын» депті. Содан былай ол бұзылмайтын болыпты деседі. Аңыз Яссауидің өзін де мазардан 300 жыл бұрын өлген дейді. Яссауидің «Диуани Хикмет» атты суфизм идеясымен жазылған жырында: «Ясы, Сауи арасы, ятыр жүрек Парасы» дейтін сөздер бар.

«Түркістанда Түменбап, Отырарда отызбап» деп келеген аңыздарда Ясы мен Сауи ертеде төбе аты болған. Содан Яссауидің екі баласының сүйегі қойылыпты.

«Баптардың» осыншама көбейіп кетуін былай қойғанда, мұндағы Ясы ертеде түрік Қара Шориннің Ясақ (салық) жинаған қамбасы болғаны тарихтан мәлім. Сауи — 598 жылы Ғират түбінде Ба¹/₂рам Шөбинемен соғысып мерт болатын жара Шорин немересінің аты. Оның сүйегі Түркістанға сойылған. Сонда Ясы мен Сауи ертедегі қамал аты болмақ. Мұндағы «Көк өгіз» аңызына келсек, оның да исламға сатысы шамалы. Өйткені ол бірде ежелгі отыз тотемін білдірсе, бірде түркі тайпаларының этногенезінен хабар береді. Көшпелі елдер ұтымында жерді тасбақа мен көк өгіз көтеріп тұрады-мыс. Мұның екеуі де тотемдер.

Бабата аңызында араб әскерінің Орта Азияға келу тарихы бар. Аңызда Бабатаның арғы атасы Ысқақ екен. Оның әкесі Әбдірахман алдымен Сирия жұртын, одан соң Балх, Бұқар, Самарқан, Өзгент қалаларын жаулап алып, халқын мұсылман етіпті. Орта Азияға келгенде Ысқақбап әскерін үшке бөліп, бір тобын Жетікентке, келесі тобын Жетісуға жіберіпті. Өзі Сайрамда салады. Сол кезде Ходжент бегі Өтеміс көтеріліп, араб қолбасшысы Әбдіжәмилді өлтіреді. Оны Ысқақ жеңіп, Сайрамда «Жоябір» мешітін салыпты деген аңыз бар. Мұнда шежіре де басым.

Өзінің «Города гузов» деген мақаласында С. П. Толстов Х ғасырдағы отыз-сыпшақ ұлысының ыдырау себептерін жаза отырып, Яссауи жайындағы аңыздарға тоқталған. Ертеде пешенелермен соғысқан түрікмен (тұз) тайпалары батысқа ығысқанда Түркістан елімен жау болған. С. П. Толстов қарақалпақтарды пешенелердің отырықшыланған қанаты дейді.

Нұрата түрікмендердің аңызы бойынша, олар Түркістаннан кетерде Яссауидің қол астына ат апарып сойып, оны «ұры» деп жазалаған. Жоңырат ауданынан жазып алынған бір аңызда ғұздардың Ақман, Қараман дейтін сылақшылары Яссауидің атын сойып жепті. Сол үшін олар Түркістаннан соуылыпты делінеді. Яраман, Яссауи атаулары IX—X ғасырлардан бері бар. Кейбір түрікмен тайпаларының көсемі болып көрінеді.

Сонымен, біз Сала аңыздарының шежірелік, эпостық және тарихи мәні бар демекпіз.

Дала аңыздары. Бұл салаға Баба Түкті Шашты Әзиз, Ямбар, Асан қайғы, Қорқыт, Жиренше шешен, Алдар көсе жайындағы аңыз-әңгімелер жатады. Ел арасында мұндай аңыздар өте көп.

Соңғы жылдары кейбір ес туркология ғылымында шығыс мифологиясы және тарихи фольклористика дейтін жаңалықтар туып, олардың ежелгі жыр, аңыздарды халықтарды білгірлік тегі мен көне мәдениетін зерттеуге құрал еткенін бұрын да жазған едім. Бірақ қазақ ғалымдары бұл ғылыми ізденістерге үн қоса қойған жоқ. Кейбіреулер ежелгі аңыздардың ғылыми астарын көрмей, оның тарихилығынан безетін сияқты. Эпикалық фольклор ертегі, аңыз, эпостан құралатын болса, аңыз дегеніміз не? Қазақ фольклорындағы Жорыт, Асан қайры, Алдар мен Жиренше бейнелері аңыз бола ала ма? Алтай, шығыс елдері мен қазақ аңыздарының арасында қандай ұқсастықтар бар? Қазақ аңыздарының жанрын қалай байыту керек дейтін мәселелер арнайы сөз етуді тілейді.

Қазақ ауыз әдебиеті оқулыстарында аңыз жанрына ғылыми анықтама берілмеген. Кейбір қазақ әдебиетшілері шешендік өнерді сөз тапқыштық десе, енді біреулері аңыздың геройы біреу ғана болады. Ол ерте дәуірде емес, феодализм заманында туған кенже құбылыс деген ойға шылбыр береді. Дұрысына келсек, фольклордағы эпосның ең маңызды маркасы аңыз болса керек.

Аңыз дегеніміз — мифологиялық геройлар мен тарихи адамдар

жанында айтылатын «әңгімелер». Оның классикалық үлгілері басында Бабыл, Ассирия, Орта Азия, Үндістан, Иран, Мысыр елдерінде туып, жазбаға тән. Аңыздың басы жабайылық, аналық дәуірде туған. Оның бас геройлары — Анахития, Бәну, Шамаш, Ауана, Баршыл қыз, ұмай сияқты ана тәңірлер болған. Кейін мифологиялық геройлар аңызы Томирис, Зарина қыз, Аққатас, одан соң Ескендір, Наушаруан, Аттила сияқты тарихи геройлар атына көшеді. Бұлар қылдық қоғамда өмір сүрген. Аңыздар мифологиялық, этностық, тарихи-реалистік болып келеді.

Аңызға тән келесі белгі — оның бір ғана елдің шетінде тумай халықаралық сюжет болуында.

Үшінші белгісі — Орта Азия, Алтай, шығыс елдеріндегі аңыздардың басында жылнама (шежіре), сарай хроникасы түрінде туып, жазба әдебиетінің қалыптасуына негіз болуында. Мысалы, Фердаусидің «Шаһнамасы» сасандар атасы Папахандар жайындағы жылнама мен хроникасынан туып, Ұашықтың дастан түрінде жырланған еді. Бұл өлшемге біздегі Орхон жылнамалары мен «Отызнама» сай келеді. Мының екеуі де тайпалар дәуірінде туған. 1310 жылы жазылған Рабат Оғүзидің «Ұиссасул-Әнбиясында» мифологиялық (Адам ата, Хауана, оның баласы Гильгамеш), тарихи геройлар (Ескендір, Жәмшид) ғана емес, шумер эпосы мен қисса әдебиетінің де үлгісі бар. Топан аңызы — мифологиялық эпос болса, ондағы «Жүсіп — Злиха» — қисса.

Жазба әдебиетінің бастапқы үлгілері жанр синкретизмінде көрінеді. Ол кезде фольклор, эпос, аңыз, қисса, тарих жіктеліп, бөлінбеген. Осы себептен Азияда аңыз жазба әдебиетінің тууына жол салған.

Аңызға тән төртінші белгі — ондағы нанымдарды іслам, христиан сияқты таптық қоғам діндеріне негізделмей, зороастризм, космология, тотемизм, манихеизм, шаманизм наным-сенімдеріне табан тіреуінде. Осы төрт белгі жоқ жерде, оны аңыз жанрына жатқызу күмәнді.

Осы тұрғыдан келгенде, феодализм кұрсағында туған жоғарыдағы

сюжеттер (Қорқыт, Асан, Алдар, Жиренше) келесі, табиғи аңыз бола алмайды. Әңгіме олардың жазба әдебиетке өте алмауында ғана емес, табиғатында. Әбілғазы шежірелерінде аңыз бен тарих араласып жүр. Ол тарихты Нұх пайғамбар, Хам, Сам, Яфет деген балаларынан бастайды. Осы тұста ол «Отызхан» аңызына да тоқталған.

Басында аңыз тарих ғылымының қызметін атқарған. «Отызнаманың» хатқа түсуі — жазба әдебиетке тән белгі. Ол фольклор сатысынан өтіңкіреп кеткен. Аңыздың ертегі, эпос, қиссаға өтуі мүмкін, ал соңғыларының аңызға айналуы қиын. Јазақ аңыздары фольклор сатысында қалған, ал геройлары феодализм тонында көрінеді. Бұл өте кенже қрбылыс.

јорсыт. Түркология ғылымында јорқыт, оның жырларына сатысты зерттеулер өте көп. Алайда күні бүгінге дейін Қорқыт кім? Оның тарихи прототипі бар ма? Қорқыт аңыздары мен жырларының арасындағы байланыс қандай? Оның өмір сүрген дәуірі қайсы, Орта Азия халықтарының мәдениетіне қосқан үлесі, орта ғасырдағы ғылым мен әдебиетті дамытудағы тарихи ролі қандай деген мәселелер өзінің толық ғылыми шешімін таппаған.

јорқыт жайында пікір айтқан алғашқы араб тарихшыларының бірі Ибн әл-Әсир. «Қорқыт көшпелі түркі тайпаларын исламға тартқан екінші Мұхаммед болды, сол үшін оның өнері кертартпа»,— деді. Осыған орай кейбір фольклористер күні кешеге дейін Қорқыттың діншілдігін, өмірге сенбейтіндігін басым әңгімеледі.

Қорқыт — ежелгі түркі тайпаларының ІХ—Х ғасырда Сыр бойында тұмыр кешкен ойшылы, ұзаны (жырауы)І қобызшысы және «Кітаби Қорқыт» жырларын тудырған үлкен эпос айтушысы. VIII—Х ғасырларда номаддық-патриархалдық өмір өзгеріп, далаға ислам діні, феодализм бұлты келе бастағанда, Қорқыт соның екеуін де сынап, көшпелі тайпалардың еркіндігін жақтаған, ислам дінінің орнына шамандық сенімді тұтатып, түркі тайпаларының міддесінде болған. Ол Сыр бойындағы отыз-қыпшақ ұлысының құрылу, ыдырау кезеңдерін басынан өткерген адам. XV

Ұрасындағы Асан қайғы осы Қорқыттың ізін қуған. Қилы-қилы заман болар, Әулиеден би болар, Үй басына бір-бір молда болар, Қас, жүзі қара сонда болар,—деген жерде Асан феодализмді, әсіресе ислам дінін сынап отырса керек.

Көпке дейін біз қазақ эпосындағы осындай антифеодалдық сарынды жете түсіне алмадық. Феодализм — таптық соғам, ендеше онда феодадық-халықтық мәдениет тенденцияларыны бітімсіз тартыста болуы заңды. Біз өткеннің мұрасына, тарихқа осы тұрғыдан басымдау келуіміз керек. Бұл реттен алғанда, жете танылмаған орта Ұасыр ойшылдарының бірі — Қорқыт, оның музыкалық, эпостық бай мұрасы. Бұл мұраға тек фольклор деп қарамай, шығыс Ренессансы тұрғысынан да келуге тиіспіз. Өйткені «Кітаби Қорқыт» жырлары, Қорқыттық күйшілік дәстүрі Орта Азиядағы мәдени оянудың ІХ—Х Ұасырдағы жарқын бір көрінісі болған еді. Қазақ халқы үшін оның эпостық жырлары мен музыкасы теңдесі жоқ жаңалық, үлкен прогресс болды.

Әбунәсір әл-Фарабидің отаны Отырар болса, Қорқыт Жанкенттен шығып еді. Орта Азияның ежелгі мәдениетін терең зерттеген Якубовский мен Толстов Жетісу, Сыр, Әму бойында қалалы өмір ертеден бар деп, соған Кәс (Шаббаз), Хиуа, Бұқар, Самарқан, Жүджан (Жент) салаларын дәлел еткен. В. Бартольд Баршынкент Сунақтан гөрі Қызылордаға жақын дейді.

Фараби мен Қорқыт замандас болған. Екеуі де Орта Азия халықтарының өнер-біліміне зор үлес қосып, жаңалық ашқан. Фараби ғылым мен жазба дәстүрде көрінсе, Қорқыт күй мен жырдың алыбы, ауыз әдебиетінің үлкен іскірі болған. Мұның екеуі Орта Азия Ренессансы үшін көрнекті тұлғалар.

Халық арасында Қорқыт туралы толып жатқан аңыздар бар. Ол өзінің астындағы жалғыз түйесін сойып, терісін қобызына шанақ етіпті дейтін сөз бар. Қорқытқа тән басты сәсиеттің бірі — бақсылығы. Баба Ғұмарды айтпағанда, қазақ аңыздарында әруаққа сыйынудың басы осы Қорқыттан

басталады.

Јорқыт аңыздарындағы басты бір сарын — оның ажалдан қашуы. Јорқыт өзінің Желмаясына мініп, ел кезіп жүреді. Јайда барса да, алдынан екі адам кезігіп, көр Еазып жатады. Қорқыт оларға: «Бұл кімнің көрі?» деп сауал қойса, олар: «Јорқыттың көрі» деп жауап қатады. Асыры ол суда ажал жоқ деп, Сырдарияға кілем төсеп, қалған тұмырын су үстінде өткізбек болады. Бірде Қорқыт Еалтып кеткенде, оны жылан шағып өлтіріпті дейді аңыз.

«Јайда барсаң да Јорқыттың көрі» деген афоризмді екі жақты түсіну керек. Біріншіден, ІХ—Х ғасырларда отыз-қыпшақ ұлысында әлеуметтік өзгерістер туған еді. Сондыстан Јорыттың пессимизмін феодализм мен аталық қоғам арасындағы қайшылық, ауыспалы заманның таңбасы дейміз. Отан дәлел көп. Мысалы, оның жырларындағы батырлар (Бұқаш) өгізбен, Әзірейілмен күреседі, Өгізді жеңсе де, жан алушы Әзірейілді (ислам) жеңе алмайды. Екіншіден, осы тұымда ертедегі сақ тайпаларының наным-сенімі де бар. Олар адам өлген соң Еайта өмір сүреді деп ойлаған болса, бақыстар Јорқытты дүниеге өлмей, тірі кетті деген. «Өлі десем, өлі емес, тірі десем, тірі емес» деген сөз содан қалған. Бұл ұғымның ізі Шоқан келтіретін «Өлі мен тірінің достығы» деген ертегіде де бар. Сонда ата-баба культіне сиынған Јорқыт «пендеге өлім парыз» дейтін ислам идеясымен күрескен болады. Јорқыттың Елімі — сол идеяның жеңуін мегзеу ме дейміз.

Белгілі фольклорист, этнограф Ә. Диваев 1896, 1898 жылдары Сыр бойындағы Јорқыт ата мазарында болып, оны суретке түсірген, аңыздарын жинаған. Соны бірінде ертеде Јорқыттың ұзын сирақтары көрден шығып жатушы еді делінеді.

Реті келген соң айта кетелік, ежелгі кхами тайпаларында да осы тектес аңыз болған. Жылан бұл аңызда да адамның қас жауы. Құдай ұйстап кеткенде жылан адамды шағып өлтіріпті-міс. Адам өлген соң да тірі болады деген ұғым еврей халқының «Ветхий завет» атты кітабында сақталған.

Демек, бұл ұғымдарды бір ғана қазақ мәдениеті мен өнерінің төңірегінде әңгімелеудің шикілігі бар.

Қазақ аңыздарында жорқыт — бір ғана бағсы емес, көптеген күйлер мен дастандар тудырған тарихи тұлға. Кейін бұл аңыздар ислам санасымен бояла бастаған. Бірақ бұл жай оның жырларында жоқтың қасы. Жорқыт жырлары дала поэзиясының басы, сондықтан оның жырлары мен күйлері, аңыздары Қазақ халқына да ортақ.

Жорқыт жайындағы аңыздарды жинақтай келгенде, оны бойындағы үш түрлі өнері айқындала түседі. Біріншіден, ол — отыз-қыпшақ ұлысынан шыққан айтулы бағсы, шаман. Ә. Диваев бағсы (бахши) — шағатай сөзі, ол балгер, сиқыршы деген ұғымды береді деген. Бұл сөз манжур елінде де бар. Оларда бағсы — ақылшы, ғалым дегенді білдіреді. Екіншіден, жорқыт — күйші, музыкант, ең тұңғыш қобыз сарынын тудырған адам. Үшіншіден, жорқыт — эпос айтушысы, әйгілі мұз, жырау. Оның жырлары — отыз-қыпшақтардың өмірінен қалған әдеби-тарихи мұра.

Жорқыттың аты ерте замандардан бері бар. Анатолия түріктері оны Баязид сұлтанның баласы еді дейді. Түрік ғалымы Абдулқадыр Инан жорқытты қобызда және тамбурде шебер ойнаған қазақ мұзаны, қазақ бағсылары сол жорқыт атаға табынған дейді. Жорқыт аңыздары көптеген ғалымдардың назарынан да тыс қалмаған. Мысалы, Вельяминов-Зернов «Қайда барсаң да жорқыттың көрі» деген аңызды, П. А. Фалев ноғай елінде Қорыт деген елді мекеннің барын, К. Багряпородный отыз-пешене соғысын баяндай келіп, оларда Жорқыт деген қанның (княздың) болғанын, К. А. Иностранцев болса, Жорқыттың тарихи прототипі бар деген ойды айтады. Рәшиддин Жорқытты баят руынан шыққан Жарқожаның баласы, ол Инал ханның тұсында өмір сүрген кемеңгер, ойшыл десе, Әбілғазы өзінің «Шежіре-и түрк» деген еңбегінде Жорқытты Инал ханның уәзірі еді дейді⁷.

Жоғарыда келтірген Ә. Диваев деректеріне сүйенсек, Сыр бойындағы

јорқыт — бірде бақсы, бірде әулие. Түрікмен аңыздарында Қорқыт — Инал ябы, ирке, дойлы, қай руларының көсемі. Науаи мен Жәмиде Қорқыт — түркі тайпаларына әйгілі бақсы, сәуегей адам.

Бұдан көретініміз: јорсыт туралы деректер бізге екі түрлі арнада жеткен. Бірі — тарихи жазба деректерде кездесетін, көбіне ислам әсеріндегі јорсыт та, екіншісі — ел аузындағы сан түрлі аңыз-әңгімелерде сақталған бақсы

Кейбір деректерде Қорқыт бейнесінің ислам санасымен бояла бастағанын айтпасаң, бұл аңыздарда Қорқыт — қобызшы, эпос ақыны, жырау, оғыз-қыпшақ тайпаларының көсемі дейтін сарын басым жатады.

«јорқыт» сөзінің этимологиясы бізде жете зерттелмей жүр. Бір кездері қазақ фольклористері аңызға сүйеніп, бұл атауды «қорқыту» етістігінен тудырғаны бар. Тарихи лингвистикадан қол үзген мұндай пікірлердің тылымы негізі олқы. Сол себепті ондай пікірлер сырт екі болжам ғана болып қалмақ.

Дұрысы, «јорқыт» атауында «хор» және «хұт». деген екі сөз болса керек. Мұндағы «хор» — тайпа атына жақындау («хойхор» — ұйғыр тайпаларының аты). Сөздің екінші түбірі — «хұт» Орхон — Енисей жазуларында, «јұдатқу білік» атауда кездеседі. «Құт» сөзі Сібір тайпаларының атауында да сақталған. Оған Жаһұт (Якут), Жерһұт (Иркут), Сүрқұт (Сургут), Үсқұт (Ускупт), Барһұт (Варкута) сияқты толып жатқан атаулар айтақ. Сүрқұт — сұлу тұрғын (мекен), Жерһұт — жер һұты деген мағына береді. Сонда јорқыт оғыздардың қыты, ойшылы, сәуегейі болмақ. Дәлірек айтар болсақ, Қорсыт (Хор-хұт) сөзінің этимологиясы «Құтты адам» немесе «Құт әкелетін адам» деген ұғым береді. Өйткені бұл атаудың алғашқы буыны тайпа атын ғана білдірмейді, сонымен Ғатар «адам» деген ұғымды да береді.

Ежелгі үнді елінде «қорқу» деген тайпа болса, адам баласы мен жылан арасындағы Ғайшылық оларда да аңыз түрінде сақталған. Осы ретпен

«Қорқыт» атауының астарында тайпа. ел, ру атауы бар ма дейміз.

В. Бартольд, В. Жирмунский, Х. Көрұғлы Қорқыт жырларында көшпелі тайпаларға тән мифология, аңыз, шежіре элементтері аралас жүр дейді. «Қорқыт ата кітабының» Кавказда (XV ғ.) емес, IX—X ғасырларда Сыр бойында тұратын ондағы анимизм, тотемизм, шаманизм сарындарына қарап анықтаймыз.

Ертедегі түркі тайпаларында табиғатқа сиыну басым болса, соның бірі — анимизм. Бұл жылан, Ёасқыр, ағаш, су, тау, ормандарға сиыну болмақ. Әр нәрсенің өз иесі бар деп, адамдар аң, құстармен тілдес болған. Бұл қазақтың көптеген ертегілерінде сақталған. Қазан ауылын жау шапсаанда, ол өзен-сумен тілдеседі.

Қорқыт аңыздары қазақ даласына ислам келіп, оғыз-қыпшақ ұлысының батыстық (ислам) және шығыстық (шаманизм) болып бөліну кезеңінде туса керек. Оның өз атына байланысты айтылатын әңгімелері аңызға жуық та, ал жырлары — ұлыстық эпос. Тұтас алғанда Қорқыт әңгі-мелері күрделі аңыз болып жетілмеген, сондыстан да ертегінің бір түрі болып көрінеді.

Қазтуған, Шалкиіз, Доспамбеттер XV ғасырда ноғайлы ұлысын нығайту жағында көрінсе, Асан қайғы хандық құрылыс пен ислам дініне Ёарсы оппозицияда болады. Әзірге Асан қайғы жайындағы аңыздар тарихи тұрғыдан жеткілікті түрде зерттелді дей алмаймыз. Фольклор материалымен істес болып, ақын, эпос, ертегі, аңыздарды зерттегенде, оларды белгілі бір тарихи кезеңге кептеп, сөз ету шарт. Олай болмағанда, зерттеу тарихтан шеттеп, абстракцияға немесе құрғақ социологияға айналған болар еді. Ондай жерде әдеби талдау үстем болып, ақынның бір ғана көзқарасы дейтін мәселе көбірек орын алады. Бұлай болғанда, сол көзсарасты тудырған тарихи-әлеуметтік жағдай назардан тыс қалмақ. Сол себепті Асан қайғының өмір сүрген заманын, сол кезеңнен алатын тарихи орнын анықтап алу Ёажет.

Қазақ аңыздары Асан қайғыны 1546 жылы Қозыбастан жазақ хандығын құратын Жәнібек хан атымен байланыстырады. Алайда тарихта Жәнібек өз

ортасында ақын, сәуегей ұстаған дейтін дерек жоқ.

Монғол қазақтарында «Жәнібек», «Тәуке», «Абылай» жырлары бар. 1505 жылы өзбек ұлысын жасаған Мұхаммед Шейбани сияқты Жәнібектің, де саяси бірлестік жасаймын деген әрекетін ел өз кезінде қолдаған болуға тиіс. Болмаса бізде хандар туралы жырлар жоқ.

«Қырында киік ойнаған» деп келетін толғауында Асан «Жәнібекке ең алдымен Еділ бойындағы қоныстың тарылғанын айтады. Елді Жем, Сағыз, Ойыл бойынан Еділге көшірдің, «шабылып жатқан елің бар, оны неге көрмейсің»_деп 1556 жылғы Астрахан соғысынан да хабар береді. 1557 жылы Еділ бойында жұт болады. Жарадан қатын алып, Құладынға қу ілдірдің, Астраханнан орда салдырды, Үш рет той жасадың деп, Асан Жәнібекке өкпе айтады. Орданы қыз-қырқынға толтырып, көз алдындағыдан басқаны көрмейсің деп, оның тойына бармай қалады. Халық оны «Әз Жәнібек» деп атаған. И. Ягелло сөздігіне қарасақ, «әз» сөзінің мағынасы — қызқұмар, ақылсыз деген ұғымды білдіреді екен

Қымыз ішіп, Ызарып,	Аққу құстың тәресі,
Мастанып қызып терлейсің,	Ен жайлап көлде жүр еді.
Өзіңнен басқа хан жоқтай,	Алдып жүрген кәп дұшпан.
Елеуреп неге сөйлейсің?	Елге жау боп келеді.
Тіл алсаң іздеп қоныс көр,	Қилы заман болмай ма?
Тапқан жерге ел көшір.	Мұны неге көргейсің?
Құладын құстың құлы еді,	Қош, аман бол, Жәнібек,
Тышқан жеп жүні түледі.	Енді мені көрмейсің,—

деп, Желмаясына мініп құтты қоныс іздейді. Тапқаны - Жерұйық екен.

Асанның «қилы заман» деп отырғаны — ислам, феодализм бұлтты.

Ұлы-қилы заман болар,
Қарағай басын шортан шалар.
Үй басына бір-бір молда болар,
Жас, жүзі қара сонда болар,
Балшыстан соқсан үй болар,
Әулиеден би болар,—
деген жерде Асан анық феодализмді сынап отыр.

Одан әрі Асан елдің хандық құрылысқа наразы екенін айтады:

Хан мен билер қысқанда,
Халық қайтіп күн кәзер?
Онда халық түнерер.
Халыққа қысым күш берер,
Халықтың кегі күшке енер,—
деген жолдардан Асан қайғының бұқара халық жағында болғанын көреміз.

Көп жылдар бойы біз қазақ фольклоры мен оның реалистік әдебиетінен көрініс тапқан осы антифеодалдық сарынды жетік түсіне алмадық. Феодализм таптық қоғам болса, онда феодалдық, халықтық мәдениет тенденцияларының бітімсіз тартыста болатынын ескермедік.

Асан қайғы аңыздарын тереңірек толғайтын болса, оның өмір сүрген дәуірі қайсы? Жәнібек деп отырғанымыз кім? Оның тұсында неге осыншалық көп аңыз, сыншыл ой туған? Доспамбет, Шалкиіз, Сыпыра жырау сарынынан Асан қайғы сындары неге өзгеше? Сыпыра жырау Тоқтамыс пен Едігені татуластырса, Доспамбет би Темірді дүріптейді. Ал Жәнібек одан ірі болса да Асан қайғыны ісіне ілігеді.

Тарихта үш түрлі Жәнібектің болғаны мәлім. Бірі Алтынорданың соғыс билеушісі Өзбекханның баласы — Жәнібек (1348—1357). Өзі Бату ханның тұқымы, Тоқтамыстың алдында Алтынордаға хан болған. Жәнібек Москваны Иван Калитаның баласы Семейге береді. Тұңғыш рет Сарай Беркеде ислам дінін қабылдап, өз сарайында молда, сожа, шығыс сюжеттерін жырлайтын ақындар ұстаған.

Екінші Жәнібек 1456 жылы өзбек ханы Әбілқайырдан бөлініп, Моғол ханы Иса Бұқаны барып сағалайтын қазақтың тұңғыш ханы (1460—1480). Моғолстанда үйсін, дулат, қаңлы, найман, қыпшақ рулары тұрған. Иса Бұқа Жәнібек пен Керейге Қозыбас жерін берген. Керей Жәнібектің інісі еді. Бірлер Орысханның Барақ дейтін баласынан туған. Орысханның батыс негізгі жағындағы ұрпақтары — Тоқтамыс пен Әбілқайыр.

Бұл — бүліншілік дәуірі болатын. Көп жылдарғы соғыс елдің

діңкесіне тиіп, Алтынорда әлсіреп, ыдырайды. Осы тұста Шейбани тұқымдары өзбек-қазақ ұлысын ыдыратады. Жәнібек тұқымы Мұрындық, әсіресе жасым (1495-1523), Хақназар (1550-1580), Тәуекел (1586-1598), Есім хан (1598—1628) тұсында өзбек, қазақ ұлысы өзара жау болған. Қасқа жолды Қасым мен ескі жолды Есімнің орталығы Сунақ еді. Олардың сүйегі де сонда. Бұлар кейін Моңғолстанмен де жақсы болмайды. Мұхамед . Хайдар Дулати 1541—1546 жылдары қазақ пен өзбектердің бүліншілігін көзімен көріп жазған. Оның «Тарихи Рашиди» атты еңбегін Моңғолстан тарихы дейміз. Бірақ Дулатида Асан қайғы аты жоқ. Үргеніш тарихшысы Әбілғазы өзінің «Шежіре-и түрк» деген еңбегінде Барақтың баласы Жәнібектің аты Әбу-Сағит, «Әз-Жәнібек» оның лақабы дейді. Бұл Жәнібектің де ислам әсерінде болуы хақ. Аңызда Әз Жәнібек қазақ ханына байланысты айтылады.

Үшінші Жәнібектің есімі Бұхар хандарымен байланысты. 1556 жылы Иван Грозный Астраханды алған соң, бұрын сол жерді билеп-төстеп келген Жәнібек тұқымдары Шейбаниді сағалап, Бұқарға барады. Әбілқайырдың Шабадақ, Қожым тентек дейтін ұлдары болған. Шабадақтың баласы Мұхамед Шейбани (1468—1510) Ферғананы, Махмұт, оның баласы Ғабдолла Бұқарды билеген, Қожым тентектің қызынан туған бала ақылсыз Жәнібек атанған. 1556 жылға дейін Астраханды осы Жәнібек билеген. Асан Ұайсы сөздерінде Жәнібек сұлу сүйіп, Құладыңға қу ілдірген, Низами жырларында Ба¹/₂рам Гүрдей патша болған. Бұдан көретініміз, «әз» сөзі екі адамға қолданылған. Олай болса Асан қайғыны үш Жәнібектің қайсысына тілейміз?

Асан қайғы аңыздарын Алтынорданы билеген Жәнібек тұсына жіберсек, ол XIV ғасырдың ортасы болмақ. Қозыбастағы қазақ ханы — Жәнібек тұсына қойсақ — XV ғасыр, Астрахан әмірі Жәнібекке кептесек — ол XVI ғасырда өмір сүрген болады. Асылы Асан қайғы жазан — Астрахан оқиғалары тұсында құрғақ сарайға ие болып, Астраханда қалған Қожым тентек баласы Жәнібекті айтып отырса керек. Бұл тұста елдің басым

көпшілігі Шейбан, Ормамбет, Ёзақ Жәнібегі жағына көшіп кеткенді. Орда баққан Жәнібекке ешкім тимеген.

Асан Ёайтының аралаған жерлері — Моғолстан (Жетісу), Сыр (Сунақ), ноғайлы (Жайық), қыпшақ (жаратау), Сарыарқа (Торғауыт), Байсын (Әму). Ол Сыр бойының әрбір шеңгелінің тәртібінде бір асым ет бар, халқы аштан өлмейтін жер десе, Торғай мен Жаратауды да мағстайды. Асан — қатыны семіз, ері арық, шөбі семіз, жері арық елдерді де көрген.

Асан аңыздарындағы басты бір сарын — елге тыныштық іздеу. Моғолстан ханы Әжен мен ноғайлы елі жауласқанда, Асан мен баласы Абат екі елді табыстырады. Асан замана өзгерісін ұғынып, Жәнібекке хандар басынан бақ-дәулет кетеді, заман өзгереді, әлі-ақ «қарағай басын шортан шалар» дейді.

Асан қайты — ноғайлы заманындағы аласапыран бүліншіліктер кезінде өмір сүрген үлкен ақын, ойшыл. Оның зары сыртқы Ёайшылықта емес, ішкі қайшылықта: XVI ғасырда Моғолстан мен Ақорда жауласса, ноғайлы мырзасы Ысмайыл Шейбанимен жауласады. 1557 жылы Мұсаұлы Ысмайыл Иван Грозныйға хат жазып: «Менің немерелерім Жайықтың арғы бетінде қалып, қазақ хандығына Ёосылып кетті, менімен жау, кезеңін тапса құртпақшы» деген. 1569 жылы Хақназар мен Шығай Еділдегі алшы Ысмайылмен соғысқан. Мұса тұқымдары Ормамбет пен Алшағыр да өзара жауласқан. Жаңбыршы баласы Телағыс Кавказ жеріне кетіп, Қазан, жырм өзінше хандық құрады.

Ноғайлы мырзалары тақ таласына түсіп, жеке-жеке хандық құрмақ болып жүргенде (бұл Едігеден басталған еді), Асан қайты сол феодалдық ұсақтау мен тозғындауды сынап, елге бейбіт өмір, бірлік, ынтымақ, тілейді. Оны бар ынтасы патриархалдың-номаддық өмірді сақтап қалу ниетінде болады. Бұл сарын бүкіл қазақ эпосы мен аңыздарына өткен.

Сөйтіп, біз Асанда утопияның екі түрі бар: бірінде ол елге жайлы, нулы

да сулы қоныс іздейді, екіншісінде номаддық өмірді аңсайды, сол идеяны феодализмге қарсы қояды дейміз.

«Асан»— жеңіл деген сөз. Сонда бұл атау «жеңіл қайты» дегенді білдірген болады. Асан қайты ноғайлы дәуірінде көп жылдарға созылған ел басындағы ауыр халді жинақтаған болса, оны қалайша «жеңіл қайты» дейміз?

Асан образында ескі мифологияның да ізі бар. Ол пері қызына үйленіп, баласын жарқабаққа тастап кетеді. Оның атын Жанәлі қояды. Асан ноғай болса, сол ұлыстағы тайпалардың қайсысынан шыққан дейтін сауал да туады. Әлім-шөмен руларының ішінде үлкен Асан, кіші Асандар бар. Асан қайты жайындағы аңыздардың арты-бергі кезеңдерді қамтып, кемінде жүз жылдың оқиғасы мен психологиясын жинақтайтынын ескерсек, бұл мәселені кесіп айту қиын. Бәлкім бұл аңыздарды Асан қайтының өзі емес, халық тудырса да пажап емес.

Асан қайты аңыздарында сәуегейлік сарыны да бар. Ол өткен мен болашақты бірдей болжайды. Үш күндік өмірі қалған бір адам етік саудалап, «етігің жеті жылға жарымайды» дегенде, Асан оған күлген екен деседі. Рас, оның ел, жер жайында айтқандары — келешекті сынау. Мұндағы келешектің ол кезде феодализм болғанында дау жоқ. Формация жағынан келгенде Асан қайтының ру құрылысын жақтауы тайпалар мүддесін қорғаудың көрінісі болса керек. Феодализмнен кейінгі құрылыс қайшылығын сөз еткен жерде ол сыншыл ойдың адамы болмақ. Аңыз көп заман өмір сүрген.

Сонымен қатар, Асан қайғыны біз ноғайлы дәуірінің ойшылы, ақыны, сәуегейі дейміз. Ол — ел басындағы ауыртпалықты жырлап, заман жайлы сыншыл ой тудырған философ, замана сыншысы. Оның сарындарын XIX ғасырда «зар заман» ақындары Сәйталаған еді.

Ірйрығы жоє, жалы жоє,	Шыбын шықса жаз болып,
Ірлан Сәйтiп к̄н к̄рер?	Таздар қайтiп күн көрер?
Аяғы жоє, еолы жоє,	Жалаң аяқ балапан,
Жылан Сәйтiп к̄н к̄рер?	Қаздар қайтiп күн көрер!?!-

дейтін Асанның қай хан тұсында өмір сүргені анық емес. Бірақ ол феодализм сыншысы ретінде көрінеді. Бұл да келелі аңыз бола алмайды, өйткені ақынды аңызға айналдыру қиын.

Алдар көсе мен Жиренше. Бұл екеуі тарихта болған төтен геройлар емес. Олардың аттары монғол, татар, дағыс ертегілерінде мол сақталған. «Алдар билян юблар», «Ирен чечен» дейтін аңыздар ерте замандардан бері бар. Алдар көсенің аты көбіне ертегіде көрінсе, Жиренше шешеннің аты шешендік сөздерде жүр. Бұл екеуінің тарихи-этногенездік белгісінен гөрі аңыздық-анекдоттық, күлдіргі сипаты басым. Алдар да, Жиренше де хандар дүниесін, феодализмді сынады. Бұл белгі оларды Қорқыт пен Асан бейнелеріне жақындатады. Мұның өзі осы екеуі жайындағы аңыз-әңгімелердің анық фольклорға жататынын, сол үшін ел аузында сақталып, бүгінге дейін жеткенін көрсетеді.

Алдар көсені Әз - Жәнібек тұсында өмір сүрген дейтін жорамал бекер сөз. XVI ғасырда ол жайындағы аңыздар жиі айтыла бастаса керек. Әйтпесе, Алдар мен Юблар образы Сібір, жырым татарларында X ғасырдан бері бар. Соған қарап, Алдар көсе әңгімелеріндегі шайтан, молда, қожаларды сынау ислам діні орнына соң барып туған дейміз. Сол үшін Алдар мен Жиренше әңгімелерінің Аязбиге тартқан көрегендігі, мысқылдан зіл тудыратын сыншылдығы бар.

Асылы бұл екеуін де аңызға жатқызу қиын. Алдар мен Жиренше туралы әңгімелер XIV—XV ғасырларда туса да тажап емес. Олай болса, ертегі мен аңыздан эпостық дастан тумайды. Жаңа заман адамдары аңыз бола алмайды. Егер қазақ аңыздары осы төрт есіммен шектелер болса, бұл, әрине, жетімсіз. Феодализм тұсында туған аңыз жоқ.

Әрине, бұдан келіп қазақ фольклорында көне дәуір аңыздары жоқ деуге болмайды. Ежелгі көшпелі тайпалар ортасында туған аңыздар сан-салалы. Сол аңыз-ертегілер кезінде жиналып, зерттелмеген. Бір ізге де түсірілмеген. Соның салдарынан Баршын, Мәді, Баба -ұмар, Томирис, Айсұлу сияқты

көптеген аңыздардың бәрін ШЫҒЫС елдері иемденіп алған. Ендігі жерде осы аңыздардағы мифологияға, басқа да ортақ белгілеріне ерекше мән беріп, ежелгі сақ, хун тайпаларының тарихымен байланыстыра зерттеу қажет. Олар өзара неге мұсақас, сабақтас, көшпелі тайпалар мен жатақ елдердің арасындағы тарихи байланыс қандай болған деген күрделі мәселелерге үйіліп, қазақ аңыздарының тегі кен табиғатын айқындай түскеніміз абзал. Қазақ аңыздарын бір ғана қазақ тонында сөз ету — жетімсіз.

ЕРТЕГІЛЕР

Ертегіге бай елдердің бірі — қазақ халқы. Қазақ фольклорындағы ертегілердің сан алуан түрлері бар. XIX ғасырдан бастап, қазақ ертегілерінің ғажап та көркем тұлғаларын В. Радлов, Г. Потанин, И. Березин, А. Алекторов, П. Мелиоранский, Ш. Уәлиханов, Ә. Диваев сияқты белді де белгілі ғалымдар жинап, жариялай бастады. Қазақ фольклорының кейбір нұсқалары «Дала уалаяты», «Айқап», «Туркестанские ведомости», «Тургайская газета», т. б. мерзімді баспасөз бетінде жарияланып келді. «Образцы народной литературы тюркских племен» атты 10 томдық жинақтар. В. В. Радлов қазақ, кыргыз, ұйғыр, өзбек, әзербайжан сияқты көптеген түркі тайпаларының эпостың жырлары мен ертегілерін молынан жариялаған. Сонымен қатар қазақ эпосы мен ертегілерін жинап, бастыру ісінде башқұрт ғалымы, профессор Әбубәкір Диваевтың еңбегі де елеулі.

Қазақ фольклоры Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев, А. Байтұрсынов, сондай-ақ М. Әуезов, С. Сейфуллин еңбектерінен де мол орын алғаны бар. Алайда 30-40 және 50-жылдары қазақ әдебиетінде халық мұрасынан безу, оның басым көпшілігін байлар мен үстем тап өкілдерінің ықпалынан туған шығармалар деп түсіну бел алды.

Алпысыншы жылдары Қазақ Ғылым академиясының Әдебиет және өнер институты қазақ ертегілерінің екі томдық жинағын жарыққа шығарды.

Бұл іске дайындық жұмысы 1945-1946 жылдары-ақ жасала бастанды. Кейінгі кезеңде қазақ ертегілерін зерттеуге М. Әуезов, Қ. Жұмалиев, Е. Ысмайыловтар белсене араласты. М. Ғабдуллин, Б. Кенжебаев, Х. Сүйіншілиев, С. Садырбаев, С. Қасқабасовтардың қосқан үлесі де елеулі.

Қазақ ертегілерінің қай түрі болса да замана елегінен өтіп, халық санасына сіңіп кеткен сюжеттер. Онда бір елден екінші елге ауысып, төл сюжет болып жүрген мотив-образдар да аз емес. Ертегінің тұтынушылары қоғамның түрліше тобынан шыға береді. Төменгі тап ортасынан шыққан ертегілерде сатира, демократия сарыны елеулі болатынын кезінде М. Әуезов жақсы айтқан болатын. Сонымен бірге қазақ ертегілерін тек қана феодализм дәуірімен тұйықтап, оны 1868 жылғы реформадан да кейін тұтыну ертегі генезисін кенжелету ме дейміз. Шыншыл ертегілер антифеодалдық сарында болған десек, сол жеткілікті.

Қазақ ертегілерін тақырыбына қарай бірнеше топқа бөлуге болады. Олар: а) мифологиялық (қиял-жағайып) ертегілер; ә) хайуанаттар (жан-жануарлар) жайындағы ертегілер; б) реалистік (тұрмыс-салт) ертегілері.

Мифологиялық ертегілер. Бұл ертегілер тым ерте замандарда, адам табиғат сырын толық түсініп болмаған кезде тұтан. Мұнда өмір көрінісі аздау болады. Мифологиялық ойлау адамдардың топ-топ болып орман, тау-тас үңгірлерін мекендеп жүрген кезеңінен бастап туса да жаппа емес. Ол дәуірдегі адамдардың нанымдары, ойлау дәрежесі өте анайы болған. Күн, ай, от судың жойқын күштерінің сырына түсінбеген алғашқы қауым адамдары табиғатқа сиынып, табынған: бірінен қорықса, бірін қастерлеген. Оларды адамша ойлап, әрекет жасайтын құбылыстар деп ұққан. Мұндай сәби мифология тарихы үнді, грек, араб елдерінде көбірек сақталған. Кейбір елдерде киелі аңдарға сиыну дәстүрі де болған. Қазақтың мифологиялық ертегілері бұдан кештеу, матриархат пен патриархат дәуірінің ауысу кезеңдерінде туса керек. Аңшылық салты өмір сахнасынан шыққан кезде адамдар аң-құстардың сырын танып біліп, олар жайында сан-салалы

образдар тудырған. Жалмауыз, мыстан кемпір, жезтырнақтар матриархат дәуірінің ұтым-нанымдары болмақ. Аңшылық кәсіп ер адамдардың әрекетімен көбірек байланысты болғандықтан алғашқы ру қоғамының салт-санасы қалыптасып, жұбайлы неке туады. Бұл кезеңде туған Еиял-тажайып ертегілерінде адамға жат барлық күштермен күресушілер — мергендер, батырлар болып көрінеді.

Патриархат дәуірінде адамды ең басты киелі күш деп ұғыну үстем болған. Табиғатты тілсіз күштерін мифтік ойлаумен образдап, соған адам әрекетін қарсы қоятын қиял-тажайып ертегілері осы ізде туған. Мұндай ертегілерде реалдық адам образдары мифтік образдар қаз-қатар суреттеледі. Ондай сюжеттердің қазақ ертегілеріндегі үлгілері — «Ер Төстік», «Еділ — Жайық», «Жұла мерген», «Аламан мен Жоламан», «Күн астындағы Күнікей қыз», «Алтын сақа», «Керқұла атты Кендебай», т. б.

Кейбір ертегілерде де ат иемдену, мал асыраудың іздері де айқын байқалады. Малшылық кәсіптің өзі аңшылық дәуірінен басталған еді. Ертегілерде бұрынғы магиялық ұтым, матриархат дәуірінің салт-санасына қарсы күрес бастайтын Ерназарлар емес, Ер Төстіктер. Кәп жайда олардың аты да жоқ, тек «бала» деп аталады (тазша бала).

Қазақтың қиял-тажайып ертегілерінде адамға жамандық ойлап жүретін мифтік образдардың бірі — жалмауыз кемпір. «Еділ—Жайық» ертегісінде ол адамға үстемдік етсе, «Алтын сақада» баладан жеңіліс табады. Жалмауыз кемпір табиғатының өзінде де елеулі өзгерістер бар. Мысалы, матриархат дәуірінде өндіріс күштері төменгі дәрежеде болғандықтан, адам етін жеу, алпысқа келген әкені өлтіру үрдіс болған. Оның ізі «Еділ — Жайық» ертегісінде бар. Ондағы жалмауыз қора-қора малы болса да, адам етін жейді.

Кенже туған эпостың жырлар меп қазақ ертегілерінде олар жалмауыз емес, патриархат дәуірінің батыр, мергендеріне қарсы күресіп жүретін, төтелей қауіптен гөрі айла-сиқыры көп, адамды алдаусырата келіп қолға түсіретін хандардың қол шоқпары ретінде көріне бастайды. Бұл кездегі аты

— мыстан. Бірақ олардың матриархат кезеңіне тән басты белгісі ұдайы сақталып отырады. Мысалы, ешбір ертегі, не эпостық жырда мыстандардың ер адамнан шықсандығы туралы дерек жоқ. Олар жұбайлы некені білмеген. Мұны олардың ерге шықпайтын, бала тумайтын қырыс ызының табиғатынан да байқаймыз.

Ер Төстік, Кендебай, Аламан, Желім батырдың өзі ең алдымен аталық қоғамның ұйтқысы болған жұбайлы өмір, От басы үшін күреседі. Олардың жаулары әр салалы болып, табиғат, жалмауыз кемпір, диюлер, тіпті хандар ортасынан да табылып отырады. Мысалы. Аламанның алтын шашты әйелін хан мыстанды жұмсап, қолға түсіреді. «Жұла мерген» сюжетінде жұбайлы некенің ұйтқысын бұзушы дәулер болса да, мерген батырлар адамға жат барлық күштерді жеңіп отырады. Осы күресте ертегінің басты кейіпкеріне болысып, достық ықылас көрсететін жаңа мифтік образдар туады (Желаяк, Таусоғар, Көлтаусар, Жартаққұлақ, т. б.). Бұлар көбіне адам тұлғасында көрінетін мифтік образдар. Олар ертегінің бас қаһармандарына ұзақ сапарға шыққанда ғана қосылып, көбіне қыз ұзату үстіндегі бәйге, күресте көрінеді. Мұндай образдар орыс ертегілерінде де бар (Ветрогон, Горокат, т.б.).

Адам әрекеті күшейген сайын оның достары құс (самұрық), құмырсқадан да табыла бастайды. Адамның киелі күш екенін айту үшін ертегі күміс кездік, семсер, садақ сияқты сиқырлы құралдарды адам бойына тегейді. Бұл — темір қолданудың қуатын көрсету болмақ.

Өмір ілгері басқан сайын, ит, түлкінің де қызметі жіктеле бастайды. Мысалы, «Күн астындағы Күнікей қыз» ертегісіндегі көк тұлбет адам жейтін болса, «Алтын сақадағы» иттер адамның досы. Кейде пері қыздары өз сиқырын адам (батыр) пайдасына қолданады. Отан — Күнікей қызды іздестіретін ханды қасқырға, уәзірлерді түлкіге айналдыруы куә. Адам енді тілсіз күштердің, түрлі түспен тұлғаға ене алатын сиқырмен де жан салып күреседі. Табиғат сырын танып білу тереңдей түседі. Мифтік ойлаудың астарында табиғат, өмір құбылыстарын адам әрекеті, еңбек үстінде танудың

белгілері бар.

Сонымен, мифтік образдар табиғатында адам ойының сәби, жетілмеген кезіндегі ой-нанымдарының таңбасы басым дейміз. Оны бірде ертегі мазмұнындағы «айшылы» десек, бірде образдық ойдың фольклорға тән жемісі деп білеміз.

Матриархат пен патриархат арасындағы қайшылықты білдіретін қазақтың мифтік (қиял-тажайып) ертегілері — «Алтын сақа», «Күн астындағы Күнікей қыз», «Жерден шыққан Желім батыр», «Шар ханның баласы», «Аламан мен Жоламан», «Керқұла атты Кендебай», «Ер Төстік», «Еділ — Жайық». Бұл ертегілерде тотемизм сарыны азайған.

«Алтын сақа» ертегісінен бақташылық өмір суреті көрініс тапқан. Ішінде тотемдік ұғым да бар. Мысалы, жалмауыз кемпір қуып жеткенде, екі түлкі келіп, бірі оны тісін, бірі кетпенін алып кетеді. Баланың сәлемін «ар»алар емес, қарлығаш «ана оның бес төбетіне жеткізеді. Бес төбет жалмауыз кемпірді де, оның артынан іздеп келген қызын да өлтіреді.

Осы сарын «Сырттандар» ертегісінде тіпті айқын. Асылы бұл ертегі бөрі, ит тотемін символдау болса керек. Мұндай ертегілер қазақ фольклорында аз емес.

«Желім батыр», «Күн астындағы Күнікей қыз» ертегілерінде тартыс жұрбайлы неке жолындағы күреске негізделген. Алғашқы ертегіде кемпірдің үш баласы болады. Олардың екеуі өліп, кіші баласы дәуді жеңеді. Қидыққа жауып тастаған дәумен шешесінің көңілі жарасып, содан Желім батыр туады.

Жерден шығу ертедегі Тесік тау (Отүкен) аңызын мегзейді. Түрік «ағанаты кезінде Могила өзiнiң алтынын киік, тай, «ой, бұзау түрінде «ұй»ызып, шатыр астындағы көгалға малша тұрғызып «оятын болған. Күнікей ертегісіндегі алтын мүйіз киік, «Бозінгендегі» басы алтын, қйрығы күміс бота Түрік қағанаты заманында туған. Мұндағы құмырсқа — тотем.

Аламан мен Жоламан, құла мергендер ылғи дәу, мыстандармен

күреседі. Осы мазмұндас мифологиялық ертегілерде қала, амал, құдық (зындан) оқиғасы жиі кездеседі.

«Шар ханның үш баласы» ертегісінде айдаһар тотемінің ізі бар. Мұндай мифология шығыс ертегілерінде көп болса да, бұл ертегі қазақтың төл ұғымынан туған. Айдаһардан оызды арашалап қалу батырлар жырында да кездесіп алады. Ертегідегі Жандыбатыр күн (пері) қызын іздеп, екі айдаһарды, Көлтаусар дәуді өлтіріп, Зәуәмір дейтін пері қызын алады. Тартыс жұбайлы некенің орнығу кезеңінен хабар береді. Мұндағы балаға болысатын жұлдызшы, кітапшы, суға тскен семсерді табатын дәулер Желіаятар сияқты адамға дос. Матриархат дәуірінің мифінен мыстан мен Сары өзенді шайқайтын дәу бар. Зәуәмір «Оғызнамадағы» Күнсұлуга ұқсас. География мен ұтымдар шеңбері өте кең. Айдаһар, мыстан, дәу ерте замандарға кетсе, жұлдызшы, кітапшы — Соғда, Ытай, Тибет елдерінің ұғымына бейім. Сиқырлы семсер темір Қолданудың туғандығын білдіреді. Түрік қанатында темір табу IV ғасырдан бар десек, оқиға Алтай — Қытай арым-қатынасын мегзейді. Шар — бірде Сібір тайпаларының аты болса, бірде Сібір ханы — Ишбара. Жандыбатыр ылғи ғана жаяу жүреді. Оның мәнісі мал шаруашылығына ықпалы туа қоймағандығында болса да ажап емес. Бұл қазақтың мифологиялық ертегілерінің ішіндегі көнелерінің бірі.

Мифологиялық ертегілердің бір жағында жалмауыз кемпірлер, дәулер, түрліше тотемдер, екінші жағында солармен күреске түсіп жүретін мергендер.

Ер Төстік, оның Желаяқ, Таусоғар, Көлтаусар сияқты достары жүреді. Бұлардың ашық қыздары көбіне пері болып келеді. Кенжекей ақ қасқыр озындай сәуегей, ол мыстан, Бекторы, Шойынқұлақ жамандығын күн бұрын сезеді. Қыз біткеннің сиқыры, олардың әлеуметтік типі көп жайда бұлдыр. Проблемасы тек Жанды батыр, Ер Төстіктердің төңірегіне құрылған. -ашықтық қыздар емес, ерлер, бала батырлар басында.

Мифологиялық ертегілердің бас геройы — мерген балалар. Олар бірде кемпір мен шал, бірде бай, бірде хан баласы, кейде атасы жоқ, тек кемпір баласы делінеді. Кендебай, Қазаншап деген кедейдің баласы. Ол мифтік патшаға (пері патшасына) тұтқын болған Мергенбайды құтқарып, пері қызына үйленеді. Оның жолындағы бөгет — жеті басты дәу, арыстан, жалмауыз кемпір, ең ілкені — адам перісі. Мұның бәрі де миф. Қиялы ертегіде ат иемдену, мал шаурашылығы туа бастаған. Құндыз ұлындар да мифтік жылқылар.

Осы мазмұндас ертегілерде хандар бейнесі де бар. Олардың өздері де көп жайда мифтік образдар болып келеді. Кендебай «өзімдікі» дегенді білмесе, хандар бәрін «өзімдікі» дейді. Мифтік ертегілерде реалдық өмір суреттері аз, бұлдыр.

Мифологиялық ертегілердегі жамандық пен жақсылық көбіне табиғат пен адам арасындағы тартыстарға құрылады. Түрліше тотем, миф ортасында реалдық адамдар — мергендер мен бала батырлар — арал сияқты болып көрінеді.

Ертегі сюжеттерінің локалдық шеңберде көрінуі арыда емес, қоғам бақташылығы кәсіпке көшкен кезде туған сияқты. Ертедегі мифологиялық ертегілердің нанымдық-географиялық, өмірлік шеңбері кең де шексіз. Күн, жер, тұрмыс суреті, кәсіп, нанымдар қазақ ертегілеріне тана тән емес. Оларды Қытай, Алтай — Саян, Иран, Үнді, грек, орыс мифологияларымен де ұқсастуға рет бар.

Тылсымдау, сиқырлау, жәділеу, самұрықпен ұшу, теңіз кешу, айдаһармен алысу, жеті басты жалмауыз, адам етін жейтін кемпірлер үнді ертегілерінен алыстан ба дейміз. Жамандық пен жақсылық, жеті пәле Иран елінің ұғымдарынан да көрініс тапқан. Ол замандарда политеистік наным бәкіл Азияға орта болған. Мысалы, «жорқыт ата кітабы» сюжетіндегі Төбекөз дәу «Одиссеядағы» Полифемге ұқсас. Скиф сақ дәуірінен қалған Желая (Ветрогон), Көлтаусар (Опивало яки Обьедало), Таусоғар (Горокат)

шығыс-батысқа бірдей ортақ. Жабайылық, аңшылыс, бағашылыс, өмір сатыларын, космология, тотемизм, зороастризм, дуализм, монотеизм нанымдарын басынан өткермеген елдер кемде-кем.

«Ер Төстік» ертегісі. жазағтың оиял-аажайып ертегілерінің ішінде эпизм мен лиризмнің ұштасуына негізделген, барлық белгілері қазағтың өз ұғымдарына тән көркем де салалы үлгісі — «Ер Төстік» сюжеті. Мұны ең алғаш 1896 жылы Г. Н. Потанин Көкшетаудағы Шоғанның әкесі Шығыс ауылына барғанда жазып алған. Ертегіде драматизм мен ерлік аажап ұштасқан. Дағдылы ертегілерде адам тағдырын, оның басына түскен қайғыны дәл осы дәрежеде көрсету кездесе бермейді. Тіршілік суретін көрсету жағынан ертегіде көптеген реалдыс сарындар бар. Оның сюжетінде мал шаруашылығының басы болған Құбаинген, оғбайлы некенің бастапқы үлгісі — Кенжекей, Тайбурыл мен Байшұбардың атасындай болған батыр аты — Шал-құйрық, батырлар символынан саналған сауыт — Ақсырмал бейнелері мен атаулары арғы-бергі дәуірлер сюжетін жалғастырып тұрады. Ертегінің тақырыбы бір ғана Ер Төстіктің жалмауыз кемпір, жер астындағы жылан патшасы, Темірхан, Кеше хандармен күресіне оғрылмай, көбіне ерлер басқарған ру қауымының туып, нығая кезеңінде жұбайлы өмірдің орнығуына негізделген. Ертегі бірнеше заманның суретін береді. Ондағы салт-сана, түрліше нанымдар ғана емес, аңшылыс, мал баруға бет бұру суреттері де соны. Ерназардың тоғыз ұлын үйлендіру оқиғасынан да осы жайлар байғалады. Әңгіме Төстіктің тоғыз мұдан бір төбе, Кенжекейдің тоғыз қыздан бір төбе болып туғандығында ғана емес, сол тоғыз ұлдың бір үйден, тоғыз қызды бір үйден шығуында. Ертегінің дәл осы тұсы ежелгі грек жұртының данаилер туралы аңыздарына ұқсас. Онда елу ұл бір үйден, елу қыз бір үйден шығады. Ру оғамында бұл салт өзгереді.

Кенжекей мен Ер Төстіктің осылуынан туатын негізгі идеяның бірі — семьяның туып, нығая қиыншылығын көрсету. Мұның екеуі де алғашқы

семьяның ұйтқысы болған тұлғалар. Оның тақырыбы мен идеясы бір жерден шыққан.

Ертегі тақырыбынан елеулі орын алатын келесі бір желі — мифтік ұғымдар мен образдарға байланысты. «Ер Төстік» сюжетін қазақтың ғолтума ертегілерінің ең маңызы десек, халық ұғымына жақын жалмауыз кемпір, оның ұызы — Бекторы, баласы Шойынұмлағтар жайындағы мифтік тұлғалар ең алғаш осы ертегімен байланысты тұған.

Кенжекей. Қазақтың ер жігіт, сұлу жар жайындағы нәзік ой-сезімдерін де біз осы ертегіден бастар едік. Одан көрінетін адам және мифтік образдар арасындағы кескілескен тартысты сол көне дәуір ұғымдарының образға айналған суреті дейміз.

Тартыстың да екі қанаты бар. Жер бетіндегі тартысты суреттегенде ертегі барлық оқиғаны реалдық өмір талаптары мен драмасына негіздейді. Оған Ерназардың ашығуы, жұт кезінде сегіз баласынан айрылып қалуы, оларды жат елден тауып алуы, жылқының қыты болған торы биеге қылбұрау салып, барлық жылқыны айдаусыз елге жеткізу, құдалық суреттері, бір үйдің рулы елдей болуы, Сорқұдық басындағы жайлау, данышпан қыз — Кенжекей жорамалдарының шындыққа айналуы, барлық адамға жат күштер мен өліспей беріспейтін күрестің басталуы толық айтқак бола алса керек.

Жер астындағы оқиғада Ер Төстік пен Шалқұйрық қана көрінеді. Бірақ соның өзінде де қыртысын айналдырып ойған өмір қайшылықтарының суреті бар. Кеше хандар ақылсыз да қарау болса, Ер Төстік пен оның серіктері өз күштеріне сенімді. Барлық күш-қажыр, ақыл-айла, әділ талап, драматизм мен ерлік адам бойына жинағталған. Бұл ертегінің еңбек процесінде тұғандығын көрсетсе керек. Оқиғасы бай, шынайы. Драматизмі терең мұндай сұлу ертегі қазақта кемде-кем. Біз үшін ертегінің ғажайыптылығы бір ғана жалмауыз кемпір, Бекторылар тұлғасында емес, сюжеттің сан заман белестерін көрсететін бай мазмұнында.

Ер Төстік образы. Ертегінің бас кейіпкері — Төстік. Оның туысы, ой-

сезімі басынан-ақ Ерназардың басқа сегіз ұлына қарсы қойылған. Елге жұт келгенде сегіз ұлы ата-анасын тастап кетсе, Ер Төстік олардың әбден тарытып, ашықтан күндері дүниеге келген өзгеше ұл болып суреттеледі. Оның өсуі де ерекше: айында бір жыл жасап, жылында он бес жасар баладай болады. Осы алып бала ұзамай Ерназардың от басын түгелдеп, ең сүйікті ұлына айналады. Үйлену тұсында кенже баласы Ер Төстікке Кенжекей лайық болып шығады. Бірақ үйлену оқиғасынан соң үлкен қайшылықтар, тартыстар туып кетеді.

Ол қайшылықтар неде?

Бір жағынан, Ерназардың мақсаты орындалды, балаларын үйлендірді, алдына мал салды десек те, оның басты жауы — жалмауыз кемпір бар, оның алдында Ерназар сорлы, қорғансыз. Екінші жағынан, ол өзінің шыбын жаны үшін жалмауыз кемпірге төрт түлік малын, сегіз ұлын, сегіз келінін қана емес, жұмыртқадай әппақ болған келіні — Кенжекейді, ең сүйікті ұлы — Ер Төстікті де қырбан етуге дайын болып шығады. Ерназар басында жаңадан көрінген зор қайшылық осында. Бұл тұста, бір жағынан, ата мен бала арасындағы өмірге деген пікір алалығы туса, екінші жағынан, Бекторы мен Кенжекей, жалмауыз кемпір мен Ер Төстік арасындағы тартыс пайда болады.

Ол тартыстың айдауыш күші неде?

Пері қызы Бекторы Кенжекейді Ер Төстіктің жар етуіне қарсы. Мұны Бекторының Ер Төстікке қашықтығы деп түсінуге болмаса керек. Дұрысы, матриархат пен патриархат салты арасындағы тартыс, қайшылық символы деп түсіну болмақ. Бекторы жұбайлы өмірді ұнатпайды, жар басына лашық тігіп, бір өзі баяғыша күн кешпек. Мұны гетеризм белгісі дейміз. Матриархат дәуіріндегі үрдіс сондай болған.

Осыған қарама-қарсы ертегіде Кенжекей жұбайлы өмірді, патриархат салтын жақтаушы болып көрінеді. Тартыстың барлық тетігі осыдан келіп туады. Баласын жалмауыз кемпірге берген Ерназардың жанбақарлығы кенже ұлы мен кенже келініне ұнамайды. Осы екі күш бірлесіп жалмауыз кемпір

әлемімен күреске түседі.

Тартысты | басы Ер Төстіктің жер астына түсіп кетуімен берілген. Оның мәнісі, уақытша болса да Ер Төстік жалмауыздан (ескі салттан) жеңіліс табады. Осы тұста ертекшілер Ер Төстікті °айта тірілтіп, адам өлсе де, оның арманы өлмейді дейтін көне нанымдарды меже тұтады. Мифтік тон киген осы бір Ғажап идеяда көп сыр жатыр. Оның айтары: өмір, халық бар жерде, даму да, өзгеріс те бар. Өмірден мұрат-мақсат іздеу жеке қалың армандар тұрғасында Ғана емес, өмір заңдылығында, ол тереңдеп, дамыған сайын барлы° ескі ұғымдар мен өмір нормалары өзгереді деген ой.

«Ер Төстік» сюжетінің арқауында өмір біреу емес, әлденешеу. Ол кезде алты қабат аспан, жеті қабат жер жайындағы ұғымдар болған. Халық түсінігі бойынша адам жер астына түссе де өмір сүре бермек. Осы реттен Ер Төстік пен Шалқұйрықтың жер астындағы жылан Бапыхан, Темірхан, Кеше хандармен күресінің өзі де алғашқы адам-қиялының көрегендігінен, сыншылдығынан хабар береді. Сол хандардың өз аралары да бүтін емес, Мысалы, өлмелі шал Бапыхан Темірханның қызын зорлап алмақ. "Оған сыннан өткен Ер Төстікті жұмсайды. Бұл тұста да жамандық пен жақсылық тартысқа түсіп, әділет, дұрыстық адам арманы әр қилы формада бой көрсетеді.

Ер Төстік °айтадан жер бетіне шығады. Енді ол Бекторы мен Шойынқұлақты өлтіріп, мұрат-мақсатына жетеді. Бір Ғажабы, °аншама қиыншылық көрсе де, халы° творчествосы өзінің негізгі қалың армандарын өлтірмейді, халы° идеясына өлмес °уат, өлмес °асиет береді. Мысалы, Кенжекей мен Ер Төстіктің жер бетінде қайта табысқан жерін ертегі былай суреттейді: «Ақса°ал шалдың астындағы ақсақ боз ат кісінеп қоя береді. Кенжекей аттың кісінеген даусынан оның Шал°құйрық екенін таниды. Кенжекей мен Құба інген екеуін Ер Төстік таниды... Ер Төстік жас жігіт, Кенжекей жаңа түскен келіншек, Шалқұйрық бесті ат қалпына келеді. Одан кейін ұза° жылдар өмір жасап, мақсаттарына жетеді».

Олай болса, ертегілердің оқиғасы мен идеясын төтелей, тұрпайы түсінуге болмайды. Әрбір ертегінің айтар бөгде идеясы, жұмбағы болады. «Ер Төстік» сондай жұмбақ пен философияға толы. Ол ең алдымен, Ер Төстік әрекеті мен армандарынан көрінеді. Ол кезі үшін Ер Төстік — халық арманы мен маңсатының символы болған образ. Өйткені ол адам тірлігі үшін күреседі.

Ер Төстік образын оның аты Шалқұйрық толықтырады. Оны Кенжекей тәрбиелеген еді. «Ер серігі — жүйрік ат» деген мақал ізінде жасалған бұл образдың ақылгөйлігі, батырға деген беріктігі ерекше. Шалқұйрық Ер Төстікке бірнеше жерде ақыл-кеңес береді. Төстік оны бұлжытпай орындап, жеңіске жетіп отырады. Жұртта қалып кеткен егеуін іздеп келе жатқанда, Шалқұйрық иесіне:

— «Төстік батыр, енді екеуміздің жанымыз бір, оандай пәле болса да бірдей көреміз. Менің мына айтқан сөздерім есінде болсын. Егеуіңнің оасында жалмауыз кемпір сені күтіп отыр, сен егеуінді ала бергенде ұстап алма. Егеуге жақындаған кезде кемпірді алдайтын бір ақыл тауып ал. Кемпір алдана бергенде, мен бетегеден биік, жусаннан аласа бола берейін, сол кезде сен егеуді іліп ал да жөнел, артыңа оараушы болма,— дейді».

Жер астына түскенде Бапыханның есігін бақан, жеңнен кіріп, қойынынан шығатын жыланнан да оорықпауды ескертеді. Темірхан бәйгесінде Шалқұйрық өзінің озып келетінін күн ілгері айтады. Су астындағы оырық құлаш қазанды алып шығады. Бірақ өзі әлдеқашан өлген ат еді. Осы тұста Шалқұйрықты Ер Төстік бірге өліп, бірге тірілту жайындағы достық серті бойынша поэзия қуатымен екі рет тірілтіп алады. Шалқұйрық та өлмейтін, қайта жасайтын ат.

Жер астынан шыққанда Шалқұйрық та, Ер Төстік те әппақ қудай болады. Бірақ Кенжекейді көргенде, екеуі де жасарады.

Ер Төстік образын толықтыратын бейнелер — Желая, Таусоңар, Көлтаусар, Көргіш, Жарғаоұлақтар.

Кенжекей образы. Кенжекей—ертегінің басты қа¹/₂армандарының бірі, от басының рйтқысы, жұбайлы өмірдің символы болған әйел. Ол — алдында қандай қауіп-қатердің барын күн бұрын болжап білетін ақылгөй әйел. ,затылар кезде Кенжекей әкесінен болашақ ері Ер Төстік үшін үш қана бұйым сұрайды. Олар: көшпелі өмір символы — Құба інген, ер серігі — Шалқұйрық, батыр сауыты — А^осырмал. Кенжекей үшін бұл үш бұйым бірде үміті, бірде мұңдасы. Кенжекей Ер Төстіктің асыл жары, ақылгөйі. Ертегіде негізгі тартыс қана емес, көптеген оқиғаның лирикалық, драмалық желісі де сол Кенжекей образына байланысты.

Кенжекейдің қауіпті жауы — Бекторы. Ер Төстікке қосылып, жол үстінде келе жатқанда, Бекторы оны күндейді:

Сүйген жарың ер Төстік,	Кигенде сауытың Ақсырмал,
іртты болсын, Кенжекей!	іртты болсын, Кенжекей!
Мінген де атың Шалқұйрық,	Жар басында демесең,
іртты болсын, Кенжекей!	Жарты лашық демесең,
Артқан да түйең Құба інген,	Біздің үйге түсе кет,
Қртты болсын, Кенжекей!	Көбікті саумал іше кет.

Бұл сөздердің астарында дұшпандық сезімнің жатқанын Кенжекей тез түсінеді.

Перінің қызы Бекторы,
Шайпау сөзді ^оой, Торы.
Сүйген де жарым Ер Төстік,
Өз жарымды сүйемін,—

деп жауап береді. Кейінгі оқиға отына май ^оұйған монолог осы болды.

«Қап, бәлем, саған әлі көрсетермін» деп, Бекторы тұзақты тұзақтан салады.

Жаманды^о пен жақсылық арасындағы тартыс қыза түседі.

Бекторының жаулық ниетін сезген Кенжекей еріне: «Атам бұл құдыққа қонбасын, ырымы жаман жер»,— дейді. Бірақ оны Ерназар орындамай, бәленің бәрі содан туады. Ең артық туған баласын атасы жалмауыз кемпірге беретін болып келгенде, Кенжекей: Сорқудықтың басына Сорға бола қонды атам.

Жалмауызға жалғызын

Жанынан ^оор^оып берді атам,—

деп, оның бұл қылығын сынға алады. Енді оқитаның кілті Кенжекей төңірегіне көшеді. Ер Төстік егеуге бару үшін жылқы таңдағанда, оның бәрін жабы деп, батырға өзі алып келген екі бұйымды ұсынады:

Санжорғаны алмадым,	Ер серігі қолғанат
Ер аты деп тапса дадым.	Шалқұйрықты мін, Төстік!
Айлы-тұрман Ыбзелін	Сан жасауын алмадым,
Ертеден бастап сайладым.	Саған бола таңдадым,
Төстік саған арнадым,	Ақсырмалдай сауытты
Жабы емес оазанат,	Осы жолға ки Төстік!
Кенжекейдің Ер Төстікке	берілгендігін, оның айнымас биік

махаббатын көрсететін мұңды сезімдер мен толғаулар ертегіде өте көп. Ол өзінің жарын зарығып күтеді. Ер Төстік кеткенде, Кенжекей жұба інгенді бұраға салып, Төстік келген күні, не өлген күні ботала деп серт қояды. Бошалап кеткен жұба інгенді жоқтаған сөздері тым зарлы. Інген оның сертінен шығады.

Ертегіде Құба інген — Кенжекейдің мұңдасы. Ер Төстік жер астына түскенде, Кенжекей беліне жиырма бес оұлаш белбеу буып, оған да Ер Төстік келгенде немесе өлгенде шешіл деп серт қояды. Бұл шарты да орындалады. Кенжекей жақсы ниетті, айнымас әйел болып көрінеді. Ертегі оны көп сөйлетеді. Оның бәрі бірде ақыл, бірде қайғылы сөздер түрінде берілген. Өзі ылғи поэзия тілінде сөйлейді. Кенжекей образының лиризмі ертегі шеңберіне сия бермейді. Онда бірде Құртаның, бірде сүйген жары үшін зар шеккен әйелдің ой-сезімдері басым.

Ертегінің құрылысы мен тілі. Јазақ ертегілері ішінде «Ер Төстік» сюжетіндей мазмұн-оқиғасы бай, тілі көркем нұсқалары көп емес. Ертегі озақ өмірі мен ой-санасының сан ғасырларға созылған суретін береді. Оқитаның реалдық-тұрмыстық және қиялы желілері бар. Сюжеттің ұзын желісі мен жеке суреттердің қызметі бірін-бірі жақсы толықтырады. Ондай суреттердің орнын біз жоғарыда келтірдік (жұт, үйлену салты, жылқы айдау, сегіз ұлдың табылуы, інген, ат, батырдың өсуі, т.б.).

Ертегі сюжетінің ерекшелігі де айтулы. «Керқұла атты Кендебай»,

«Күн астындағы Күнікей ызы» ертегілеріндегі сияқты ұзын бір желі тартып, соған барлық оқиғаны тізе беру жоқ. Оқиға аз ғана кейіпкерлер тарихына құрылса да, соншалық құмар, көркем болып шыққан. Сюжеттің жер астындағы саласы түгелдей шегініске ұмылған.

Сырт қарағанда оқиғаның жер астындағы желісі артық сияқты. Бірақ онсыз ертегінің мазмұны да, Ер Төстіктің батырлығы да толық ашылмас еді. Төстік ұзақ сапарға кетпесе, Бекторы мен Кенжекейдің алғашқы монологы, Ерназардың диалогтары, Құба інген мен Кенжекейдің батырды зарыға күткен жерлері де әсерлі болмас еді. Кенжекей образы түсіп қалса, ертегінің өзі де жоқ. Сюжеттің барлық желісі тажап ұйымдастырылған, ықшам әрі логикалы. Барлық оқиға Ер Төстік пен Кенжекей төңірегіне топтасқан. Сюжеттің жер астындағы бөлімінде ертегіге тән таңғажайыптылық сарыны барлау. Бірақ оның идеясына тартыс тұрғысынан үнілсек, бірізділік келіп шығады. Әрбір оқиға желісінің нендей көркемдік қызмет атқарып тұрғанын оңай тани аламыз. Мысалы, оқиғаның экспозициясы — үйлену, ситуациясы — Кенжекей мен Бекторы арасындағы жаулық (монолог), байланысы — егеу үшін күрес, дамуы — Ер Төстіктің жер астына түсіп кетуі (оның өзіне тән тағы бірнеше дамулары бар), жылан Бапыхан, Темірхан тұсындағы оқиғалар, шарықтау шегі — Ер Төстіктің қайтадан жер бетіне шығып, Бекторы мен Шойынқұлақты өлтіруі, шешуі — Ер Төстік пен Кенжекейдің қайта қосылуы.

Мұндай бай да жұмыр сюжет ертегіде сирек кездеседі. Сондықтан «Ер Төстік» ертегісін жазба әдебиеттегі повесть жанрына ұқсатудың да реті бар. Өйткені ондағы сюжет ұрылысы жай оқиға тізбегі емес, қалғармандар тарихынан туындайтын тенденциялардың көрінісі, жай фабула емес, белгілі бір композицияға бағынған құрылыс — форма.

Оқиғаның баяндалу тәсілдеріне келсек, онда қара сөз бен өлең стилі аралас қолданылған. Лирикалық стильде хикаяланған «Бозінген» ертегісін ғана айтпасақ, әдетте барлық ертегі қара сөзбен баяндалады. «Ер Төстік»

ертегісінде осы прозалық стильдің шеңбері кеңейіп, эпостық жыр элементімен толықтырылған. Хикаялауға мұның екеуі де ортақ.

Ертегідегі өлеңдік кестелердің қызметі қайсы? Өлең көбіне қалжармандардың өздерін сөйлетеді. Оны әдебиетте монолог және диалог дейміз. Мұндай тәсілдер эпостық жырларда да өте көп. Ертегіде сол тәсіл аса мол олданылған. Мысалы, Ерназардың жалмауыз кемпір қолына түскен жердегі айтқанын қара сөзбен берсек, ол диалог болар еді. Ертегіде кемпір сөзі прозаға, Ерназар сөзі поэзиялық монологқа құрылған:

Отан разы болмаса ,	Пана болған бір кезде
Атамасым айтайын.	Ер Төстігім — ен кенжем,
Сегізі із бір бәлек	О да болсын сенікі,
Жалғызымда оуат боп,	Бір әділ жан менікі,
Жаяуымда оанат боп,	Жіберші мені, шешеке!—

дейтін Ерназар сөздері — асындық монолог. Сол поэтикалық

монологтың сезім тенденцияларына құрылған өткір бір формасы — Кенжекей мен Бекторының сөздері. Монологтың драматизмге тән формаларын Кенжекей көп қолданады (Сорғұдық толғауы, Құба інген жайындағы толғау). Ер Төстіктің атымен мұндасатын сөздері де ақындық монолог.

Бұл монологтардың көркемдік қызметі неде?

Монолог қалжармандардың ой-сезімдері, қайғы-қуанышы мен таластартыстарын тереңірек аша түседі. Соның нәтижесінде образ тірі тұлға болып шығады. Ер Төстік сюжетіндегі композициялық форма байлығының бір дәлелі осында. Бір сарынды эпизм (сипаттау) тәсіліне лиризм, поэзия элементі келіп осылады.

«Ер Төстік» ертегісінде драматизм аса күшті. Жайғылы жай, тез ауысып отыратын ой-сезімдер мол. Тартыс барған сайын ауырлап, өзгеше бір қозғалмалы-динамикалық формада баяндалған. Сол үшін оқиға салдарлы стильде хикаяланады.

Ертегінің тілінде жеңіл сөз, желдірмелі фразалар жоқ. Оқиға басынан-ақ

сылбыр, шабан баяндалады. Оның мақсаты — асықпа, оқиға жеңіл емес, ауыр, әңгіме ұзаққа созылады дегенді білдіру болса керек.

Ертегінің лексикасы мен синтаксисі халықтың ойлау тілінің байлығына негізделген. Ішінде араб-парсы сөздігі жоқ. Тілі біздің дәуірімізге бұзылмай, шұбарланбай жеткен. Өйткені ол үлкен айтушылардың қолдарынан өткен. Ертегінің синтаксистік құрылысы бүгінгі әдеби тілімізден көп бөлек емес, көбіне күрделі құрмалас сөйлемдер кездеседі. Тілінде «Құба інген», «Ақсырмал», «желі толған түйе» деген табиғи эпитеттер, қаратпа сөздер (арнап та алған құба інген), сағыныш қуаныш, қайғыны білдіретін сөздер тіпті көп.

Ертегінің мазмұны мен формасына (образ, тіл, композиция, суреттеу тәсілдері) тоқталып отырған себебіміз, осы үлгіні басқа ертегілерге де қолданып, салыстыра зерттеуге мұның көмегі бар. Қазақ фольклорының көркемдік ерекшеліктеріне терең енбей, оның мазмұнын үстірт баяндайтын болсақ, ол қарапайым оқу ғана болмақ.

Сөйтіп, «Ер Төстік» — өзінің барлық мүсіні жағынан аса көркем жасалған қазақ ертегілерінің бірі озық бір үлгісі.

Хайуанаттар туралы ертегілер. Мифологиялық ертегілерден кенже туған, тақырыбы жан-жануарлар туралы болса да, реалистік сипаты бар қазақ ертегілерінің бір саласын хайуанаттар жайындағы сюжеттер дейміз. «Қазақ ертегілерінің» бірінші томына бұл тақырыптағы сюжеттен он үш, екінші томына жиырма бес ертегі енгенді. Бүгінде бұл ертегілер барынша толық күйінде жарық көріп отыр. Олардың өзін мал шаруашылығына («Бозінген») және хайуанаттарға байланысты туған («Сырттандар», «Арыстан мен түлкі») ертегілер деп екі салаға бөлеміз. Соңғысында араб, үнді жұртының «Мың бір түн», «Калила мен Димна», «Тотынама» сияқты сюжеттерінен алынған ертегілер де бар. Қазақтың бақташылық өмірінен туған ғажап ертегілердің бірі — «Бозінген» сюжеті. Мұндағы Бағланбай малының құты болған Бозінгенді тумады деп, бір шал мен кемпірге бақтырады. Бозінген басы

жазақ фольклорында жабайы аңдар жөнінде айтылатын ертегілер де көп. Оның көркем үлгілері «Қазақ ертегілерінде» жарияланып келеді. Тақырыбы жағынан күлдіргілеу болып келетін бұл ертегілер («Түлкі, қойшы, аю», «Түлкі мен бөдене», «Арыстан мен түлкі») көп жайда түрлі аңдар мінезін танытып қана қоймай, сол мінездер арқылы қоғам өміріндегі әлеуметтік теңсіздікті де көрсетеді. Ол түлкіге, ақымақ арыстанға халық ертегілері сықак, сын колданған. Кейде бұл ертегілерді қара сөзбен айтылған мысал десе де болғандай. Бұл реттен «Түйе, арыстан, қасқыр мен түлкі» ертегісінің айтары тіпті терең. Түйе еңбекшілер образын берсе, түлкі, қасқыр, арыстан — қанаушылар бейнесін суреттейді.

Хайуанаттар туралы кейбір ертегілерге адам образы осыла бастайды. «Мақта қыз» бен «жотыр торғай» оқиғалары еңбек процесімен тікелей байланысып жатады. Қотырын ауыртқан шеңгелді торғай ешкіге шағады, шеңгелді ешкі жейді. Тілін алмаған ешкіні қасқырға шағады, сөйтіп торғай екеш торғай да өзінің кегін жоқтайды. Мұның айтары — нашарға қиянат жасама, өзіңнен зор шықса, көзің шығар деген әділет идеясы болмақ. Тым кішкене құйыршықтың өзі де әділет адамы, батыр, «Бозінген», «Тепең көк» ертегілері тірліктің қамын айтады.

Хайуанаттар ертегілерінде сатира сарыны да бар. Мысалы, «Түлкі мен маймыл» ертегісінде маймылдың ақымақтығы, түлкінің оулығы дәріптеледі. Маймыл — баққұмар, ол патша болсам дейді. Соны түлкі қақпанға түсіріп, «басыңа тепкілесен кетпейтін бақ қонды» деп маза оетеді. Түлкі қай елде болса да аылды, қу аңнан саналған. «Түлкі мен қасқыр» ертегісінде қорқау қасқыр қыс айында түлкіден балық алып жемек болса, ол «балық өзенде көп, суға ұйрығыды салып отырсаң, балыққа молығасың» дейді. Қасқырдың құйрығы мұзға қатып қалып, суатқа келген шаруалардан таяқ жейді, құйрығы мұзда қалады. Қасқыр — қорқаулау, ақылсыздау аң. «Кәрі арыстан» ертегісінде сол тойымсыз қасқырдың өзіне де зауал туады. Арыстан қартайып, жүре алмайтын болған кезде, патшамызды көңілін сұраймыз деп

барлық аңдар келеді. Келмегені қасқыр болыпты. Түлкі оны арыстанға шағып, мерт қылады. «Түлкім, түлкім, тілімді жеші» деген арыстанға, ол: «Аманды^о болса, көтеншегіңді де жермін»,— дейді.

Арыстан образында хан, патшалардың да сыны бар. Осы ретпен хайуанаттар жөніндегі ертегілердің аяғы шыншыл ертегілермен жалғасып келеді.

Халықтың мегзеп отырғаны бір ғана аңдар арасындағы жайлар емес, әлеумет өміріндегі теңсіздіктер, содан құтылу — күнкөріс, өмір сүрудің шарты дейтін меже болмақ.

Реалистік ертегілер. Бұл ертегілер — өмір шындығына жақын, ішінде реалдық адам бейнелері басым. Олар кейде өмір шындығынан алынып, бас қа¹/₂армандары патша, уәзір, хан болып келеді. Мысалы, «Хан мен уәзір», «Өнеге», «А^оылды етікші» ертегілерінің бас геройлары күндіз тақта отырса, түнде үстіне жаман киім киіп, ша¹/₂ар аралап жүретін патша мен оның уәзірлері. Мұндай ертегілерде хан әділ болып көрінеді. Бірақ көп жайда патшалар жауыз адам ретінде суреттеледі. Мысалы, «Ақылды етікші» ертегісінде хан ешкім өз пайдасын ойлап еңбек істемесін деп бұйрық береді. Мұны күндіз-түні етік тігіп, балашағасын зорға асырап жүрген етікші еңбек адамдарына тиімсіз, сол үшін ақылсыз ханның ісі дейді.

Бізге шыншыл-реалистік ертегілердің қазақ өмірінен алынған нұсқалары мәндірек. Мұндай ертегілердің бас қа¹/₂армандары ақылды қарт, тапқыр жігіт, қаңба^о шал, тоғыз Тоңқылдақтан зорлық көретін Шіңкілдек, айлалы тазша, қойшы, кедей, жауыз бай, сұғанақ молда, тойымсыз ұры болып келеді. Олардың көбісі — халық ортасынан шы^оқан қарапайым адамдар. Көптеген ертегілердің рухында сын-сықақ сарыны бар. Олардағы жамандық пен жақсылықтың аңғарынан біз түрліше реалды^о адам мінездерін ғана емес, қоғам өміріндегі теңсіздік суретін, халықтың әділет, жақсы өмірді іздеген арман-мүдделерін де жақсы байқаймыз. Жазақтың реалистік ертегілерінің ең марқаларының бірі — «Алпысқа келгеннен ақыл сұра»

сюжеті болуға тиіс. Бірін жұрт Әзінің алпысқа келген әкесін өлтіретін болса, бұл ертегілердегі ақылды қарт елдің ең қадірлі адамына айналады. Бұл аталық қоғам салтының нығайуын көрсететін құбылыс.

«Жақсылық пен жамандық», «Үш ауыз сөз» ертегілері мінез. мораль тақырыптарына құрылған. Жамандық жаяу келе жатып, Жақсылықтың атын мініп өзін жаяу қалдырып кетеді. Бірақ табиғатынан ақылды Жақсылық бай қызын иемдеп, мұратына жетсе, ақылсыз Жамандық қасқыр мен арыстанға жем болады.

«Үш ауыз сөз» ертегісінде жас жігіт ақылды қарияға бір үйір жылқы беріп «суын ішкен қолды түкірме», «оң қолы ұрысса, сол қолың арашашы болсын», «ертеңгі асты тастама» дейтін үш ауыз Әсиет үйренеді. Бала елден кетіп, бір ханға қызметке тұрады. Оған хан әйелі ташық болып, мазасын алады. Бала әйелдің дегеніне қынбеген соң, әйел баланы ханға жамандайды. Хан баланы ертеңгісін от жағдайларға жұмсап: «Кім бірын келсе, соны пешке тығып жіберіңдер» деп әмір береді.

Таңертең қабын арқалап бара жатқан балаға бір кемпір жолығып, ертеңгі асты татып кет дейді. Сол екі арада баланы көргісі келіп пешханаға келген ханымды от жағарлар өртеп жібереді. Сөйтіп бала бір өлімнен аман қалады, мұрат-мақсатына жетеді.

«Екі жетім» ертегісінде Әгей шешенің қиянаты, «р тоқпақ» ертегісінде ұрыларды өзі мұратын тоқпақтың астында қалғаны суреттеледі. «рлық түбі — қорлық» деген қибрат осыдан келіп шығады.

Шыншыл-реалистік ертегілерде ең әділ, ең ақылды адам халық ортасынан шығады. Мұның ғажап белгісі — «Аязби», Хан өзінің қырық уәзіріне адамның, құстың және шөптің жаманын тауып әкеліндер дегенде, адамны жаманына Аязби ілігеді. Бірақ оның жамандығы ақылында емес, тұрмысында, кедейлігінде. Ақыры ол өз заманының нағыз зерек, ақылды адамы болып шығады. Меңсілуға үйленіп, хан болады. Ол кісі болғанда да

асып-таспайды, «аяз әліңді біл» деп өзіне-өзі ақыл салып отырады. Сондай ақылды да әділ адамға ханның қырық уәзірі қарсы болады. «Аязби» ертегісінде халық үстем тап адамдарын, олардың қараулылығы мен ағылсыздығын әжуа етке.

Ұзақтың реалистік ертегілерінде қоғамның тәменгі тобынан шыққан «кішкене қармандар» (*М. Горький*) тіпті көп. Олар бірде қаңбақ шал, бойы бір қарыс, Шіңкілдек түрінде кездесе, бірде хан мен байларды алдап түсіретін тазшалар түрінде әңгімеленеді. Қаттырақ соққан жел ұшырып Ұкететін қаңбақ шал балық аулайды, еңбек сүйгіш. Бірақ күніне екі балық ауласа, соның бірін түлкі тартып жейді. Ақыры ол өзінің ақыл-айласымен үш дәуді жеңіп шығады, түлкіден де соларды қолымен кек алады.

Зорлаушылардан жапа кәрушіні айыруда «Тоғыз Тоңқылдақ — бір Шіңкілдек» ертегісінің айтары көп. Сырт қарағанда зорлық бәйбішенің тоғыз ұлы мен тоғалдан туған Шіңкілдек арасында болатын сияқты. Түптеп келгенде бұл күштілердің әлсіздерге істеген қиянаты болмақ. Әлсіздерге болысу — қазақ ертегілеріне тән халықтық белгілердің бірі.

Қазақ ертегілерінен көрінетін әлсіз образдардың бірі — тазша. «Тазша бала» ертегісінде бала сараңбайдың майын алып, патшаның азынасына түседі. Бірақ өзін талтырмайды. Сол патшаны мазақ еткен екінші патшаны тұтқындайды. Сөйтіп ол ханның із істегенін өзіне істейді.

Кейбір тазшалар ханға қырық өтірік айтып, оның қызын алады. Бұлар қу емес, ақылды, шешен тазшалар.

«Үш қу», «Ұстаушы мен айтушы», «Бұқай мерген» ертегілерінің қармандары көбіне өтірікшілер мен суайттар болып келеді. «Аңқау мен ұры», «Молда мен бай», «Екі еріншек» адам мінезіне құрылған сатиралық ертегілер.

Феодализм дәуірінде туған шыншыл-реалистік ертегілерде хандар образының Ұлеуметтік-таптық сипаттары айқынырақ. Қай ертегіде болмасын хандар еңбек адамдарына қарсы қойылады. «Итбай хан», «Сұмырай хан»,

«Қарахан» сияқты реалистік ертегілерде тарих элементі басым. Сұмырай хан бара жатқанның балтасын, келе жатқанның кетпенін алады. Ел қолында ат-тоны қалмаса да, байлығы таусылмайды. Осыған ыза болған хан маңдайын тәжге соғып қрлайды. Ел енді жақсылық болар десе, ол жер-су, құдық менікі деп, бір тамшы су алғандардың басын аламын деп елге $\frac{1}{2}$ арын төгеді. Суды құртқан Сұмырай — «жұт патша» атанады. Бұған Райхан қыз сауал берсе, хан оның $\frac{1}{2}$ олын кеседі. Қол, $\frac{1}{2}$ ұлақ кесу Қытай патшаларының салты. Сол дәстүр осы ертегіден жақсы кәрініс тапқап. Ел ханды өлтіріп барып кеңшілікке жетеді.

«Итбай хан» ертегісінде үздіксіз соғыстар зардабы реалистік арнада әңгімеленген. Итбай үш ханмен бірдей соғысады. Елде жетім-жесір көбейеді. Халықтың көз жасы дария болып ағады. Үш жылдай жұт болады. Түнде хан далаға шықса, кәктен әуен естіледі. Бұл соғыста өлген, ашығып өлген, дарға асылған әруақтар еді. Аспаннан шоқ түсіп, жерге у тарайды. Елес қуған патша көлге түсіп өледі.

«Қарахан» ертегісінде хан бейнесі мұнамды пішінде суреттелген. Қарахан қайырымды, сол үшін оны елі де қадірлепді. Хан $\frac{1}{2}$ олынан қамшысы түссе, оны қырық уәзірі мен қырық жігіті бірдей аттан түсіп кәтереді.

Ертегінің ұғымы бойынша ханда қырық кісіні $\frac{1}{2}$ ақылы болады-мыс. Солай деп тұрса да реалистік ертегілер хандарды кем ақыл, зорлық иесі деп көрсетуге бейім. Тазша оның қызын өтірік айтып алса, ақымақ алтын деп тас тартады.

ізақ халығына кең танымал күлдіргі ертегілердің бірі — «Алдар көсе». Бұл сансыз кәп сюжеттердің бірінде Алдар кәсе Шығанбайдай сараңды әжуалайды. Кәп жайда бұқара халық ортасының адамдары хандар мен байлардың қыздарын олжалайды. Борқасқа мен Боққасқа, ыстық күлше әңгімесі байдың сараңдығын әңгімелейді. Ал Алдар кәсенің шайтанды жеңуі дін (ислам) ұғымын әжуалау болмақ.

«Екі оу» ертегісінде Қыр қуы мен Сыр қуы Ұнер сайысына түседі. Жиренше, Аязби, Бекбақайдың билігі жайындағы ертегілерде халық шешендер образын жасайды. Нағыз асылды адамдар — солар.

«Ақылды қыз» ертегісінде халық саудагерлерді сынайды. Саудагер оның әкесінің отынын түйесімен алса, қыз «ақшанды қолыңнан бер» деп саудагерді ұтады.

М. Әуезов оулар жөніндегі ертегілердің бірқатарында капитализм сыны бар деген. Оған шикізат сатушы кедей оғиғасы айғақ. Бұл ертегі Лұқман әкім туралы аңыздан алынса керек. Сол сияқты күніне бір арқа отын сатып, екі күлше алып, оның бірін кедейге беретін Атымтай жомарт әңгімесі де шығыстан алынған ба дейміз.

«Құйыршық», «Қоңбақ шал», «Тоғыз Тоңқылдақ — бір Шіңкілдек», «р тоқпақ» ертегілері ерте заманнан бері бар. Олар да көп пен азды, жамандық пен жақсылықты тартысына қырылған. Зорлықтық тоғыз Тоңқылдақ, су түбінен қой айдап шығамыз деп қарап болады.

Шыншыл, сыншыл ертегілерде ғибраттан гөрі сатира, әжуа, әлеуметтік Ұмір қайшылықтары көбірек кездеседі. Сол себепті онда мифологиялық және хайуанаттар сюжеттерінде кездесетін балалар ертегісі өте аз.

Ертегіні композициясы. Ертегіде сюжет жұмыр болады. Оның мәнісі — ертегі әңгімелеп айтуға негізделген эпикалық жанрды бірінен саналады. Қазақ фольклорындағы эпизм формаларында ертегі, аңыз, эпос, ал лиро-эпостық үлгілерге ғашықтық жырлары жатады. Ертегі образдары мифтік, аллегориялық және реалистік болып келеді.

Ертегіде типтендіру жоқ. Образдары Ұзгермейді. Мысалы, біреу туа батыр, біреу туа жауыз, біреу туа қу. Оларды кәсібі, жас ерекшеліктері де өзгермейді. Бұл — эпостық жырлардан да байқалады. Мысалы, Аналық алпыста, Тоқтарбай тоқсанда тұрады да қояды.

Қазақ фольклорындағы сюжеттерді тартыс сипаты жазба әдебиеттен өзгешелеу. Онда байланыс, кульминация, шешу дейтін элементтер болады.

Бірақ оқиғаның аяғы бас кейіпкерлердің мұрат-мақсатына жетуімен аяқталады. Оған Ер Төстік пен Шалқұйрықтың қайта тіріліп, батырдың өзінің сүйген жарымен қайта қосылуы куә. Мұны ертегідегі оптимизм дейміз.

Ертегіні образдарына келер болсақ, онда анонимдік сарын басым. Алдар, Нұржанның үш баласы, Аязби, Жиренше деген есімдерді айтпасақ, ертегі кейіпкерлерінің көбісінде ат жоқ. Оған тазша, бала, жігіт, қыз, тал, кемпір, бай, хан, ұры, молда атаулары айғақ. Анонимдік болудың бір сыры — ондағы геройларда коллективизм сарыны басым. Жеке аты болсын немесе болмасын, фольклор кейіпкерлері көпшілік атынан сөйлейді. Хан, бай, молда деген ұғымдарда жалпылау басым. Қанаушы мен езушілер тұтас алынып, тұтас жіктеледі. Реалистік ертегілер тұсында әлеуметтік мінездерге үйілу байқалады. Мұны типтендіруге (реализмге) жақын келген образдау тәсілі дейміз. Жазба әдебиетте даралау басым болса, ауыз әдебиетінде жалпылау басым. Фольклор стилі даралауды білмейтін жазба әдебиет авторларында кездесіп қалады. Ондай жерде образдар «өкіл», «бай», «кедей» дейтін атаудан арыға бармайды. Мұндай фольклордың стилизацияның жазба әдебиетке берері жоқ.

Қазақ ертегілерінің тілінде, образдарында түрлі заман, ел, орта әсерінен туған шұбарлықтар жоқ емес, Архаизмдер де жеткілікті (хан, бай, молда, би, шешен, қу). Алайда ондағы сөз қоры, синтаксис — халықтық.

Эпостық жырлар тілімен салыстырғанда ертегіде поэтикалаудан (троп, фигура) гөрі сөйлеу тілінің нышандары басым. Бұл әбден заңды. Сөйлеу тілінен қол үзгендер ертегі тілін менсінбейді, оны төменқол бұйымдар ретінде санайды. Дұрысында барлық мотив, образ және фантазияның басында ертегіден туғандығы, оның алуан тақырыптылығы, жанр байлығы — адам көшіп өте алмайтын теңіз сияқты. Сол үшін ауыз әдебиетінің атасы да — ертегі. Оның тәрбиелік, көркемдік, танымдық қуаты тәңтенше. Ертегіні көп оқып, содан тәлім-тәрбие, өнеге алмаған бала ел тарихын, оның сол

заманғы фантазиясын, келешектен күткен арманын ұтып, соған өзі қандай үлес қосуға тиіс екенін түсіне алмайды. Поэзия сиқыры тіл мен фантазияда болса, ертегісіз жас буын ұзінің ойы мен тілін оңай дамыта алмайды. Қазақ фольклорында ертегіге тең келерлік Ұнер кем. Өйткені ол — халықтық психологияның көрсеткіші.

Ертегінің кейде арнаулы бастамасы мен аяқтамасы болады. Балаларға арналған кейбір ертегілерде айтушылар ара сөзді Ұлеңмен аралас қолданады. Оны — ертегінің бастамасы дейміз.

Ертегінің соңы: «Сөйтіп, пәленше маосат-мұратына жетіпті» деп келеді. Бұл ертегі — тыңдаушыға берілген сабақ, Ұибрат, асыл. Енді бірде күлдіргі сарынға түсіп: «Ертегім ұтылды, ойға қарай қытылды» дейді. Расында ешбір ертегінің ұтылған жері жоқ, оның геройлары әркез ұтып шығады. Ендеше ертегі Ұмір философиясына толы. Сол ертегілерден үйрену қажет. «Өнер алды — қызыл тіл» дейтін сзді халық ең алдымен ертегіге қолданса керек. Ол от басында кҰбірек айтылған. Јазақ ертегілерінің тілінде ескі өрнектер көмескіленген.

ТАРИХИ ЖЫРЛАР

Јазақ фольклорының мазмұны бай, келелі салаларының бірі — тарихи жырлар. Бұл тақырыптағы жыр-дастандар белгілі бір тарихи сюжетке құрылып, өмірде болған, ел аузында сақталып келген оқиғаларды жырлайды. Мұндай сюжеттер қазақ фольклорында аз емес, олардың реалистік сипаты да басым.

Тарихи жырлар мәселесі қазақ фольклористикасында тәп-тәуір зерттеліп келеді. Бір кездегі Ә. Диваев, М. Әуезов, Ј. Жұмалиев, М. -абдуллиндердің келелі ізденістерін былай қойғанда, соңғы жылдары бұл тақырыптың төңірегінде Х. Сүйіншәлиев, Р. Бердібаев, Б. Уахатов, М. Жармұхамедов, К. Сейдеханов, С. Садырбаев, Б. Адамбаев, Е. Тұрсынов сияқты көптеген зерттеушілер жемісті еңбек етіп келеді. Ізденістері нәтижесіз емес.

Қазақ тарихи жырларының мазмұны бай, ауқымы да кең. Белгілі ғалым Р. Бердібаев тарихи сипаты бар өлең-жырларды V—VIII ғасырлардан іздей отырып, оларды екі салаға жіктепті: алғашқысы — тарихи өлеңдер, соңғысы — эпикалық дәстүрде дамыған тарихи жырлар. Осы тұста көптеген ұтымды тұжырымдар жасалған. Ғалымның XVIII—XIX ғасырларда туған «Жабанбай батыр», «Бегембай», «Шақшаұлы ер Жәнібек», «Олжабай батыр», «Сырым батыр», «Исатай — Махамбет», «Бекет батыр», «Жанқожа», «Досан» жырларына берген ғылыми бағалары да келелі.

Тарихи жырларды өзінің реалистік сипатына қарай бірнеше салаға жіктеуге болар еді. Мысалы, ноғайлы жырларында ескі мен жаңа араласып, көп жайда тарихи оқиғалар көмескіленген. Айтушылар сюжетке кейде аңыздық-мифологиялық желілер де қосып отырады. Бірақ бұл жырлардың белгілі бір тарихи оқиғалардың желісіне құрылғандығына шіркеу келтіруге болмаса керек. XVIII ғасырда туған эпикалық жырлардың геройлары кәбіне әдеби-тарихи арнада көрінеді. Оның мәнісі, бұл сюжеттер эпос айтушыларының қолынан өтіп, көптеген әдеби өңдеулермен айта жырланған. Сол себепті образдары бірде әдеби, бірде тарихи бейне түрінде жасалады. Бұл жырлардың реализмі айқындау, авторлық белгісі де басым. Ал XIX ғасыр оқиғаларынан алынған «Бекет батыр», «Жанқожа», «Досан», «Сұраншы батыр» жырлары, 1916 жыл тақырыбынан құрылған халық поэзиясы таза тарихи сипатта көрінеді. Бұл дастандардың көркемдігі мен реализмі тепе-тең. Кейде тарихи-реалистік арна басым түсіп жатады.

Біздің бүгінге дейін терең зерттелмей жатқан тарихи-ғылыми мәні зор тақырыптардың бірі — Сыр және Жетісу қазақтарының Россияға қосылуы, осы орайда туған көптеген тарихи өлең-жырлар. Ал түрлі тарихи, ғылыми деректер болса, аттың қара қапталынан. Олардың бір саласы орыс тіліндегі жазбаларда, екінші қанаты фольклор үлгісінде туған халық поэзиясында жақсы сақталған.

Сондай тарихи мәні зор оқиғалардың бірі Есет Көтібаров (1855—1858) бастаған шаруалар көтерілісі болса, осы орайда туған тарихи жырлардың өзі аз емес. Солардың бірі — «Бекет батыр» жыры.

Бұл жырды ең алғаш рет орыс ориенталисі И. В. Аничков жазып алып, жазанда жарияланған. Өзінше осы жырдың тағы бір нұсқасын Ә. Диваев жазып алып (айтушысы — Е. Ақынбеков), 1897 жылы жарыққа шығарған. «Бекет батыр» жырының толық әрі көркем нұсқасын Ә. Диваев 1922 жылы Ташкентте бастырған еді. Онда батырдың бейнесі былайша суреттеледі:

Бес ж̄з̄ олта бас болып,	Талтаңдаған төрені
жолыма байрақ ту алып,	Сақалынан көтеріп,
Ханны жатқан ордаға	Қонаққа сойған қозыдай
Та алдында келгенмін	Қолымнан өлім бергенмін.
Ханны жатқан ордаға	Арыстан мінген қасқа атты
Іркілмей жалғыз енгенмін	Астыма басып мінгенмін.

XIX ғасырдың 40—50-жылдары Сыр бойы озақтарының Қоқан билігіне қарсы күресін бастаған Жанқожа Нұрмұхамедұлы қимылдары да халық поэзиясына түсіп, тарихи жыр үлгісінде жырланған. Сыр елінің Хиуа, жоқан хандығынан көрген зардабын Жанкісі, Шоңбай жыраулар, Жанқожа қозғалысын жырлайтын Мұсабай жыраулар тарихи желіде алып, эпикалық дәстүрде қайта жырлап шыққан. Сыр бойының XIX ғасырдағы тарихын Аничков, Веселовский, Добромислов, Катанов, Рапсодов, Рязанов, Макчеев, Мейер, Терентьев сияқты көптеген орыс ориенталистері де зерттеген еді.

Сыр бойын Нарботарлы Әлімхан (1800—1809) тұсында Қоқан хандығы өзін қаратып алады. Қоқан әкімі Жақыпбек келген соң, Ақмешіт қорғанын он екі мың қазақ салады. Оның айналасы ор, батысы Сырдария болады. Жақыпбек осы күнгі Беглік арықты да қазақтарға қаздырып, оның бойына бау-бақша салдырған. Беглинская деген көше соның бойында болған.

1809—1853 жылдары Ақмешіт Жақыпбекке оараса, Қармақшы, Қазалы қазақтарын Хиуа хандары билеп төстеді. Бұл аймақты Қоқан ханы Мұхамед

Омар кейін өзіне ыаратқан. Бұл Сыр бойы қазақтарының өміріндегі ең ауыр кезең болды. жазақ тарихи жырларының ерекше бір ыркендейтін кезеңі — осы дәуір.

Хиуа, Қоқан хандары Сыр бойын иесіз ел деп санады. Датқа, пансап (500 әскер басы) жүйесін орнатып, елдің малы ыана емес, салық орнына қыздарын да алған. Осы тұстағы Кенесары қимылы да елге оңай тимейді.

Кенесары Жаножа батырдың қарындасын алса да, «атаң маған күш қоспады» деп төркініне қайтарған. Оған жаппас Алтынбай да қосылмаған. Сол Алтынбайдан Басықара, одан атақты Жүсіпбек туған еді. Жасауыл қырған оқиға осыдан туған. Мәш¹/₂үр Жсіп бір сөзінде: «Басықарадай батыр жоо, Нысанбайдай ақын жоқ» дейді. Бұл жерде ол Ақмола маңында 1886 жылы мерт болған қыпшақ Басықараны айтып отырса керек. Нысанбай — керейт. Біраз уақыт Кенесарыға еріп, еліне жетіп өлген. Моласы Қызылорда облысы, Тереңөзек ауданында. Өзі туралы толғанғанда, ақын:

Менің атым Нысанбай,	Он жасыма келгенде,
Ат жібердім тұсамай.	жарыма ообыз ілгенмін.
Өзім жырау болыппын,	Он бір жасыма келгенде,
Ата-апама ұқсамай...	Сғз мҮнісін білгенмін.
Асыл затым сұрасаң,	Он екі жасоа келгенде,
Ашамайлы керейтпін.	Жаосыны алдын кғргенмін,-

дейді.

Жүсіпбек Басығарин — үлкен ағартушы, алғашқы қазақ интеллигенттерінің бірі. Шығармалары (өлең, мақала, т. б.) ХХ ғасыр бас кезінде мерзімді баспасөз бетінде жарияланып тұрған.

Нысанбай суырып салма ақын-импровизатор, үлкен қобызшы, жырау болған. Жонқожа батырдың ерлігін жырға Қосоан жыраулардың бірі сол.

Жаножа батырдың аты Хиуа, Қоқан хандықтарына Ғарсы күресте жақсы көрінеді. Ол Есет батырдың қарындасын алған. Есімі — Пәкі. Сол Пәкіден Жанмырза, Ақмырза, Жауқашарлар туады. Хиуа елі Сыр қазақтарына Бабажан деген сартты | ұлын сайлап, ол жергілікті тұрғындарға сансыз көп зорлық көрсеткен. Жанқожаның баласы Ақмырзаны салық

төлемеді | деп Сырдария суына атқан. Сол үшін Жанқожа Бабажан қорғанын жаулайды. Одан соң Қоқанның салық жинаушылары Имағамбет пен Бабажанды өлтіреді.

Жанқожа 1848 жылдан Үргеніш қазақтарын билеген жайып хан тұқымдары — Жанғазы, Арынғазы (бұл Калькуттада өлген), олардың шекті ішіндегі немересі Елкей (шын аты Елмұхамед Қасымов) сұлтандармен де жақсы болмаған. Сол Елвей ру араздығын пайдаланып, 1860 жылдың қаңтар айында Дәуқара шөлінде жалғыз ғай отырған сексен жасар Жанқожаны екі жүз адаммен барып өлтірген. Бірақ ел аузындағы тарихи өлең-жырларда Жанқожа батырдың бірқатар іс-қимылдары жақсы бағаланған:

Ноғайлы тозып кеткен соң,
Хиуалық сарттар ел билеп,
Сырдың бойын шулатқан.
Ақмырзаны өлтіріп,
Бабажан сарт қымартқан,
Бабажан сарттың әлегі:
Салық салып, мал тапқан,
Қыз-қырқын жиды жан-жақтан.
Бабажанның тырнағы
Сыр еліне тым батқан.
Күннен күнге ауырлап,
Озбырлық қылды тұрғы атқан.
Қайыптың ұлы Жанғазы
Хан болып басын алған соң,
Сырдарияны жағалай

Бір кездері біздің догматикалық сынымыз ескі мұра ғана емес, барлық эпос, тарихи жырларға да сыңаржақты баға бергені мәлім. Бүгінде сол жайларға қайта оралып, көптеген тарихи оқиғаларды халық көз-қарасымен қайта бағалау қажет сияқты. Хиуа, жоқан хандарына қарсы халық қозғалысын тудырған Жанқожа батыр қимылы соның айғағы. Бұл қимылдың басын халық поэзиясы былай суреттейді:

Күздің күні көрерсің,
Суық күздің дауылын.
Бедеу ат жақын тартады,
Алыс жердің бауырын.

Тықы батыр қорғайды,
Қарақалпақ қауымын.
Сырдариянын, бойынан
Жердің алды тәуірін.
Жараның салды ауырын.
Елде атақты ер болса,
Жаншұға құмар сауырын.

1809 жылы Хиуа ханы Сыр елін шауып, үш жүзге жуық адамын өлтірген, мыңға жуық қыздарын алып кеткен. Жыр жолдары сол оқиғалардан хабар береді.

Сыр елінің Қоқан хандығы тұсындағы трагедиясы осындай болған. Жанқожа әрекеттерінің кейде қайшылықтары болса да, оның азаттық көксеген прогрессивтік мәнін де ескерген жөн. Қай батырдың ісін болса да тұтас алып, біржақты бағалай салуға болмайды.

Жанқожа Нұрмұхамедұлы (1780—1860) бастаған Сыр қазақтарының көтерілісі көптеген жыраулардың тіліне тиек болған. Бұл реттен Мұсабай жырау жырлаған «Жанқожа батырдың толғауын» айрықша атап өтер едік.

Әуелі сөз бастаймын бір қидайдан,
Кешіргей қидайды айтсам әр күнәдан.
Кешегі Жанқожаның заманында
Сүйеніп ауқат кешті жарлы байдан.
Ініден ағаменен артық тұған,
Жанқожа ойлап тұрсам шықты қайдан?
Десек те мынау майдан Ұкесі бір
жақ жарып шыға келді Киікбайдан.
Итжемес Жапмырзамен судай толқып,
Жүгіртіп ит-құс салды тұрымтайдан.
Ауызын Жанқожаның алайын деп,
Қарасарт алып келді шекер, шайдан.
Бұл қазақ сарт келгенін кек етпеді,
Бір сөзін айтқан сарттың екі етпеді.
Қаласын ортасына салып алып,
Бабажан бұл қазақты зекеттеді.
Мінгені Жанқожаның қара-ала атты,
Естісе мылтық даусын қарсы шапты.
Жазықсыз Ақмырзаны өлтірдің деп,
Көп қырды қайқы кірпік қара сартты.
Баласын Майқарадай ұстап алып,

Артына Төлек батыр мінгестіріп,
Сәлем де Кенесары ханыма деп,
Алашты алты жүре аралатты.
Егінші егіс егеді шекпенменен,
Тұқымнан алдырмайды сепкенменен.
Дууірі Жанқожаның келгеннен соң,
Егінші қала бұзды кетпенменен.
Қазаққа сарт та қылды үлкендікті
Көрмедік Жәкең барда еш кемдікті.
Қаласын Бабажанның бұзып алып,
жазаққа алып берді бір теңдікті,—

деп басталатын бұл дастанды белгілі орыс ориенталисі И. В. Аничков 1893 жылы Қазалы жерінде Мұсабай жыраудан жазып алып, Јазан университеті жанындағы археология және этнография қоғамының хабарларында жариялаған. Сол жылы бұл жырды Н. Веселовский де орыс және қазақ тілдерінде бірдей жарыққа шығарады.

И. В. Аничков нұсқасын көптеген түсініктерімен Сәкен Сөйфуллин жиырмамыншы жылдары жариялаған еді. Онда Жанқожа батырды | бір ғана Хиуа, Қоқан хандықтарына қарсы күресі емес, патшалық Россияның отаршылдық саясатына оарсы бағытталған қимылдары да көрініс тапған.

Жанқожа топтан торай шалдырмаған,
Кәңілін мұсылманның қалдырмаған.
Жытылдық Қарасарттан деп жүргенде,
Арқадан келді орыс былдырлаған.
Сары орыс Орынбордан ондап келді.
Төбесін жетірудың жалдап келді.
(Ауызын Тәке куды | қамдап келді)
Ауызын Жанқожаның алайық деп,
Ақшаны арба толған ала келді.
Қамыстың торғай қонар жел басына,
Ау, орыс, өлем десең кел қасыма!
(Әлиден, Әзіреттен ұятты деп)
Жызбады арба толған тілләсына...
Болғанда қазақ — киік, орыс — тазы,
Орыстың мұсылманға түсті назы.
Жігіттер, орыспенен ұрыс деді.
жазаққа келсе шамаң болыс деді...
Жанқожа Қазалыны қамалаған,
Орыстың азы-кәбін шамалаған.

Табаны Жанқожаның тайтаннан соң,
Жәкеңді жаман қазақ табалаған.

Сәкеннің көрсетуінше бұл жыр Мұсабай жыраудан 1893 жылы қыркүйектің 23 жұлдызы күні жазылып алынған. Ал И. В. Аничков болса, жырды 1894 жылдың сәуір айында (7-інде) Қазалыда Мұсабай жыраудан қолжазба түрінде алдым дейді. Мұны анығтай түскен жөн.

Жоғарыда келтірілген Жанғожа көтерілісі туралы тарихи өлеңдердің құрылысы жыр тілісінде жасалса, Мұсабай жырау 11 буынды қара өлең құрылысын қолданады. Мұның өзі жырдың тілі мен құрылысына ерекше сипат беріп тұр.

Айрылды Аманқожа ерлігінен
Көңілдің қаза болды кірлігінен.
Жәкеңді жетіруға өлтірткен соң,
Айырылды әлім, шәмен бірлігінен.
жамысы Сыр бойының буын-буын,
Кім айтар ішпедім деп сырдың суын?
Жанқожа жалғыз шыған батыр еді,
Бұл қазақ жықты ортадан алтын туып...
Бастайтын Ыр жолға да күдіретті,
Құлдары бұл қазақтың түпке жетті.
Бар болса Елікей хан жау болмас деп,
Жанқожа ұрыспастан қапы кетті.
Тентекке ой демесе не қылмайды,
Қулары бұл қазақтың шағылмайды.
Есіл ор қапылымда кетті қолдан,
Енді батыр қазаққа Жанқожадай табылмайды!—

дейтін батырдың өліміне қатысты жолдар соның айғағы. Жырда аракідік шұбыртпалы ұйқас кездесіп отырса да, негізгі сарыны ара өлең ұйқасына құрылған (а-а-б-а).
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АКАДЕМИЯСЫНЫҢ
қолжазбалар қорында Жанқожа батыр туралы жыр-дастандардың өзге нұсқалары да бар. Солардың бірінде Сыр еліне қиянат көрсеткен жоқан ханыны ұлығы Бабажанның зорлық-зомбылығы суреттеледі:

Арада көп кінә етеді,
Ақмырзаны өлтіріп.
Істі орынға келтіріп,

О ай олжа етеді.
Салы салып мойнына,
жыз салғызып ойнына,

Үкімін елге жәргізіп,	Елден маза кетеді.
Қазаққа хандығы етеді.	Қандерді қанда,
Шығарып түрлі зекетті,	Ағмырза Әлді деген сәз
Елді жәндей тәтеді.	Жанғажадай батырды
Көбірек айла қолданып.	Жұлағына жетеді.

Жыр үлгісінде жырланатын бұл дастанның кәркемдік сипаты өзгеше. Оның аяқасы аралас: бірде шалыс, бірде шырбыртпалы ізде дамып отырады. Тілі де көркем. Тарихы жырлардың мұндай үлгілерін жоғары оқу орындарының оқу-хрестоматияларына оқысып, көптеп жариялау керек. Сонда ғана бұл саладағы ізденістеріміз жаңа биіктікке көтерілмек.

Қазақ тарихи жырларының бір саласы — 1916 жылғы халық поэзиясы. Бұл кезеңдегі қазақ фольклоры 1916 жылғы ұлт бостандығы жолындағы тарихи оқиғалар шеңберінде туып, ерекше өрістеген. Оның бір себебі 1916 жылдың 25 маусымында шыққан оқопқа адам алу жайындағы патша жарлығымен байланысты болса, саяси-әлеуметтік, экономикалық себептері өте тереңде болатын. Оның басты себебі, патша үкіметінің бұратана елдерге жасап келген озбырлығы, ұлық, би-болыстардың қиянаты, шектен асқан талампаздық, 1914 жылғы соғыс салдарынан туған алым-салығы, паракорлық, сондай езгіге көнбей орыс халқынан леп алған қазақ, қырғыз, өзбек халықтарының, патша үкіметі мен байлар қыспағына қарсы жаппай көтеріліске шығуымен байланысты еді. Бұл қимыл 1905 жылғы орыс революциясы әсерінен туып, ақпан революциясының алдындағы ерекше бір тарихи дүмпу болды. Осы кезеңде патшалық крепостнойлық тәртіптің тозығы жетіп, үстем тап өкілдері жанталасады.

1916 жылғы халық поэзиясы Б. Кенжебаевтың XX ғасырдағы демократ ақындар творчествосына қатысты еңбегінде жақсы баяндалған. Бұл жерде сол жырлардың негізгі жанрларына ғана қысқаша тоқталып өтелік.

1916 жыл поэзиясы фольклор дәстүрінде туса да, сол кездегі жазба әдебиет үлгілерінен батылдау, өмір талабына жағымдау жырлар болды. Патша ұлығары мен қазағы байлары бірлесе отырып, метрополияда орыс

мұжықтарына, отар аймақтарда халық бұқарасына аса қаталдық білдіріп тұрған жағдайда, ұлт бостандығы қозғалысына орыс халқы, большевиктер партиясы зор үмітпен қараған. Майданға бұратана елден барған окопшылар мен орыс солдаттары достасып, туысып кетеді. Мұны сол кезеңдегі үлгімен «братание» дейміз. Окоптағы қара жұмыс үстінде қазақ азаматтарының саяси түсінігі еселеп арта түседі де, ізінше ұлт-азаттық көтеріліс бұрқ ете қалады.

Көтерілістің айрықша орынын жері — Торғай (Амангелді), Жетісу (Бекболат), жапал (орын), Жызақ (өзбек) аймақтары болды. Патша үкіметі соның бәрін де қанға бояп басады. Бірақ оның мұндай «атамандық» саясаты ұзаққа бармады.

1916 жылғы халық поэзиясының соңғы үлгілерінде («Бекболат», «Прием», «Амангелді» жырлары) осы екі түрлі революцияның тигізген әсері бар. Сонда 1916 жыл поэзиясының басы ұлт бостандығы қимылы арнасында көрінді.

1916 жыл поэзиясының тақырыбын бірнеше салаға бөлсек едік. Олар: а) қазақ халқының басындағы теңсіздікті жырлайтын толғаулар; ә) көтеріліс оқиғаларын жырлау; б) майданнан келген хат түріндегі өлеңдер; в) көтеріліс көсемдері — Амангелді мен Бекболат, окопқа алынған адамдар тағдырын баяндайтын поэмалар. Мұның алғашқысын Төлеу Көбдіков, Сартай, Қуанышбай, Баттал ақындар жырға өсса, соңғыларын Сартай, Досайыр, Бөлітіріктер, одан алды ел, халық арасынан шыққан талапкер Әлеуі-жырға, поэзияға арнау еткен. Жеке поэма тудыратын ақындарда болған.

Маусым жарлығы шыққанда, Төлеу ел басына түскен ауыртпалықты былайша толғайды:

Көрген көзді өссаптап,
жалай жиып береміз.
Көзді қасы моншаптап,
Көзіл шер боп өлеміз.
Көк жайлауды алдырып,
жайда көшіп кетерміз.
Көкіректі зар қысып,

жорлықпенен өлерміз.
Би-болысты түңрі атты,
Ел қорғауға жарамай.
Ағайынды тәңрі атты,
Көз жасына қарамай.
Енді ойласақ не қалды?
Ата жұрттан кету бар.

Баттал: «Жалғыз-ақ бай баласы қалып жатыр, кедейге барлы^о ауыр түсті салмақ» десе, Сартай би-болыс пен ұлықтың паракорлығын сынайды:

Бір парасы бір мың сом,	Кедей байғұс не қылсын,
Бір парасы он мың сом	Киім, тамақ табуға,
Кедейлерді жалдаған,	Баласын байға жалдаған.
Сомасы кәп малды адам.	

Қуанышбай мен Баттал қарсылықтан басқа шара жоқ деген ойды мегзейді:

Ұлықты қалың жастар қоршап алды.
Заң-зақун, өсиеттер жайға қалды.
Өз елім, өз жерімізде өлеміз деп,
Лап қойып ұлықтарға айғай салды.
(Қуанышбай) Пайда жоқ оязы мен болысында
Еліңді жаудан аман қорисың ба?
Айдалып алтын басың қор болғанша,
Сүйегің қалсын, қазақ, қонысында.

(Баттал) Біржан, Сәт, Орынбайлар жарлықтан соң елдің құрбандық шалып, жастардың тегіс атқа қонғанын жырлайды. Оларды Амангелді бастайды. Сартай, Досқайыр, Бөлтіріктер болса көтерілісті төтелей жырға қосады.

Көптің зарын білдіру жағынан қоштасу, майданнан жолданған сәлем хаттардың мәні өзгеше (мысалы, Дәметкеннің зары, Молдаш хаты, Асқардың елі-жұртымен қоштасуы), Окопқа алынған бір жалшы:

Байларға бар жазығым малшы болдым.
Малға малшы, үйіне жалшы болдым.
Бай үшін кеттім міне, жылай-жылай,
Нашарлар байға сенбе бұдан былай,—десе, келесі бір ақын:
жараңғы, тал қармаған біздің қазақ,
Би, болыс, ауылнайдан көрдік азап.
Орнына мырзалардың кеттік біздер
Әкімдер ұстап берді барымталап,—
деп толғанады. 1916 жыл оқиғасы тұсында халықтың таптық санасы

едәуір өседі.

Асқардың қоштасу зары анасы мен баласының диалогі түрінде айтылған.

Баласы:
Қаласың-ау, сорлы анам, сүйген жарым.
Күйдіреді ішімді от пен жалын.
Он тоғыз бен отыз бірді жинап алып,
Мына патша кетірді-ау елдің сәнін.

Қайран елім, қалдың кейін,
Енді айналып келгенше кетер күйің.

Анасы:

Жалтанда кәрген жалтызым,

Боздатып кеттің далаға.

Анасының бұл зарына Асқардың қарындасы мен әйелі де үн қосады.

Окопқа адам алу көтерілістен соң жүргізілді десек, майданға алынғандардың патшаға деген кегі ішінде кетті, ал байлар болса, дәл осы кезде Николайды «ақ патша» деп марапаттайды. Патша үкіметі революция өртін оқпен, күшпен басып, сөндірмекші болды.

«Дәметкеннің зары» соғыр шеше атынан оның майданға кетіп бара жатқан Далбай атты баласына айтылған:

Далаштың жүзін керсемші.

Сылқ етіп сүйіп өлсемші.

Тірі күйік тартқызбай,

јолы | нан мені көмсеңші,— дейді ана.

Баттал мен Біржан майданда болғанда, ел-жұртқа, дос-жарға көптеген сәлем хат (өлең) жолдайды. Нұрман дейтін жігіт: «Елдегі құрбы-құрдас, замандасым, сағындым туып өскен айран жерді» дейді. Халық отаншылдығын білдіретін бұл тарихи өлеңдердің мәнін айтып жеткізу қиын.

Біржан Берденовтың «Прием» (1916) деген поэмасы майдан өмірін, ондағы адамдар тағдырын, жетілген ой-санасын баяндайды. Бұл поэманы үңіле оқып, танысу шарт. Оның аяқтамасы:

Алдау түбі — бір тұтам.

Жойылсын деп тілеп ең.

Ертең оны көреміз.

Бостандыққа қол созды,

Романов жауыз құлады,

Езілген халық тұс-тұстап,—

деп келетін ақпан оқиғасымен бітеді.

1916 жыл поэзиясыны | ең бүтін, көркем туындысы Иса Дәукебаевтың «Бекболат» атты поэмасы болып табылады. Бекболат көтерілісі Жайылмас елінде, Боралдайда болған. Жайылмас елі Тоқпақ көтерілісінен дем алып, патшаға әскер бермейміз деп, Жетісуға жіберілген Фельбаум әскерінен жеңіліс табады. Көтерілісті бастаған Бекболат пен оның ағасы абақтыға алынып, дарға асылады. Боралдайда бұлардан басқа

тоғыз батыр дарға асылған. Ұскер елдің малын тонап, кездескен адамдарын өлтіріп, қарт-қариясын қылышпен шапқан. Соның бірі — Алпысбай батыр. Жайылмастың қажылары Фельбаум жағына шығады. Поэмада елдің көтеріліске шығуы, Фельбаум озбырлығы, ату-асу, жазалау оқиғалары мол суреттеледі.

Эзер болса өлерміз.	Фельбаумға қарсы бар,
Аянып мұнан қалғанмен,	Ұрысалық қозғалып.
Неше жүз жасқа келерміз.	Жұрт жиылды айғайлап,
Көп көшіне сенеміз.	Бекболатты бас сайлап,—
Айыр, тырма қолға алып,	
деп келетін Бекболат монологтары	поэманы бірнеше жерінде

берілген. Мұнда халық көтерілісінің басталуы айқын сипатталған.

Дар түбінде тұрып та Бекболат алған бағытынан қайтпайды:

Мені өлтірсең, жауыңды алғандайсы | .

Көп мүлді қазынаға салғандайсық.

Ұндіжанны | қасабы сияқтанып,

Дар арқанын даярлап жылмаңдайсы | ?

Әділдік жоқ, сендер де төремісің?

Менің жайым өзіңдей көремісің?

Атумен, асуменен қорқытпақсың,

Балаңа бүйрегімді беремісің?

Рас, мен соғысуға шықпақ болдым.

Басы | ды жер астына тықпақ болдым.

Рас десең, рас сөзді мен айтайын.

Ақ патшаның тұқымын құртпақ болдым.

Патша залым болды бұқараға

Бұқара қарсы тұрмай болмас шара.

Бүйте берсең бұқара өзіңді алар,

Төрелер, мұныңды да байқап қара,—деп келетін Бекболат батыр

сөзінде саяси талап та бар.

Поэмада Бекболаттың тергеу кезіндегі ерлігі өзгеше суреттелген. «Серіктерің кім?» деген сауалға жауап бермей, «бәрін өзім істедім» десе, дар түбінде жалғыз тұрғанда, жұртқа бағыштап: «Құрбандық бәрің үшін жалғыз өзім»,— дейді, Үлкен рақымсыздықпен өлтірілген Бекболат асқан батыр, езілген ел көсемі болып көрінеді. Поэманың мазмұны бай, тілі көркем. Торғай ақындары көтерілістің көсемі ретінде Амангелді образын көп

жырлайды. Омар Шипиннің «Амангелдіні! Торғайды алуы» атты поэмасы да бар. Осы шығармаларды оқып, 1916 жыл поэзиясының саяси-әлеуметтік, тарихи және көркемдік мәнін жете игеру қажет.

АЙТЫС ПОЭЗИЯСЫ

Қазақ фольклорының аса мол дамыған дербес бір саласы — айтыс. Айтыс — айту, айтысу деген сөзден тұған. С. Мұқанов «Айтыс» жинағының бірінші томына (1964) жазған алғы сөзінде бұл атаудың кейде «талас» мағынасында ұтылатынын да айтқан еді. Алайда екі адам арасындағы талас, жанжал — әдеби жанр, көркем де көрікті ойға құрылған нағыз ақындар айтысы бола алмаса керек. Айтыс поэзиясының нышандары қазақтың эпостық жырларынан мол кездесіп отырады. Оған көбіне екі герой арасындағы диалогтарды жатқызар едік. Тек эпос кейіпкерлері батырлық рухта сөйлесе, айтыс поэзиясы әдет-ғұрып, әлеуметтік мәселелерін қамтиды. Сол себепті оны халық тұрмысы, түрлі әдет-ғұрыптарымен тығыз байланыста тұған салт өлеңдері дейміз. Айтыстың мұндай үлгілеріне бәдік, жар-жар, қыз бен жігіт айтысын жатқызуға болады. Одан әрі қайым айтыс, дара айтыс, ақындық-импровизаторлық айтыс деп жіктеле береді.

XIX ғасырда айтыс поэзиясы өзінің кемеліне жетіп, жеке айтушылар туады. Оның көпшілікке және жеке авторға байланысты екі арнасы болған. Шын мәніндегі көркем айтыс осы кезеңде туады. Оның қарапайым айтушыға байланысты саласын қайым, жеке авторға қатысты арнасын авторлық айтыс дейміз. Қайым айтыста фольклор әсері күшті, орындаушылары көпшіліктен шығып отырады. Мысалы, «Қыз бен жігіт айтысы» деген атауда анонимдік белгі басым. Мұндағы қайым — коллективтік (хор) салт өлеңдерінен қалған сипат. Осы қайым айтыс ізінде XIX ғасырда ақындар айтысы туады. Алғашқы ақындар айтысында анонимдік белгі елеулі болған. Оған «Жанак пен баланың айтысы» куә. Мұндағы айтыскерлердің бірі белгілі болса, бірі белгісіз. Мұны фольклор үлгісіндегі айтыс дейміз. Оған отбасылық

шеңберде туған «Айдос пен жарашаш», «Молда Бейім мен қыз айтысы» да жатады. Жарашаш:

Бау қарағай түрленіп бітер тауға.
Бүкіл қазақ аттанды былтыр жауға.
Былтыр кеткен жорықшы келді | қалай?
Ер-азамат аман ба бізге сауға?
Жігіт:

Бау қарағай түрленіп бітер тауға.
Бүкіл қазақ аттанды былтыр жауға.
Саған берген сауғамыз осы емес пе?
Айдос жұкемді алдырдым осы тойға.

Келе-келе қалыптасқан ақындар айтысының табиғатында қайым элементі жоқ. Сөз бен ой жеке ақындардың өз атынан айтылып, ерекше өріледі. Мұндай айтыс үлгісіні | мазмұны да, көтеріп отырған мәселесі де күрделі болып келеді. Оны келелі поэзия үлгісі дейміз.

Айтыс, импровизаторлық өнерге оатысты пікірлер Шоқан, М. Әуезов, С. Сейфуллин, С. Мұқанов, Е. Ысмайылов, І. Жұмсаиұев, Б. Кенжебаев, М. -абдуллин еңбектерінде тәп-тәуір айтылса да, бұл жанрды топтастыру оаза° фольклористикасында бір ізде көріне бермейді. Мысалы, жоғарыда аталған зерттеушілердің еңбектерінде айтыс әдет-ғұрып, оайым, жұмбақ, діни, ақындар, енді бірде бәдік, жар-жар, мал мен адам, өлі мен тірі, жұмбақ, салт, қыз бен жігіт ру айтысы деп әр алуан жіктелген. Алпысыншы жылдары жарық көрген үш томды° «Айтыс» жинақтарында келес дәуіріндегі айтысты 1920-1940, 1940-1945 және 1946-1957 жылдар арасына бөлу де бой көрсетті. М. Жармұхамедов болса, өзінің айтыс туралы арнаулы еңбегінде оның санын он түрге жеткізіпті.

Айтыс — эпостан гөрі наоты өмірге жақын тұрған, сатирасы егіз поэзия, түрлі өнердің басын біріктіріп тұрған синкреттік салт өлеңдері. Асылы, оларды формасына оарай емес, туған дәуірінен, мазмұнына қарай бөліп, коллективтік, қайымдық-анонимдік, даралық айтыс деу мақсатқа жақынырақ. Аноним айтушы көп ортасынан шықса, дара импровизатор профессионал айтушы дәрежесінде болған. Осы жайларды ескере отырып,

